

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 269-V ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының

кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 33-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады. Осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл талап жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қолданылмайды.";

2) 118-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер осы Кодексте және "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше белгіленбесе, жылжымайтын мүлікке құқықтар (құқықтар ауыртпалықтары) мемлекеттік тіркелген кезден бастап туындайды, өзгереді және тоқтатылады. Егер тіркеуден бас тартылмаса, мемлекеттік тіркеу кезі деп өтініш берілген кез, ал электрондық тіркеу кезінде – жүргізілген тіркеу туралы хабарлама жөнелту арқылы тіркеуші органның құқықтардың (құқықтар ауыртпалықтарының) туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын растаған кезі танылады.";

3) 152-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарымен және (немесе) тараптардың бірінің талап етуі бойынша қосымша талаптар белгіленуі мүмкін, оларға мәміле нысаны, атап айтқанда, белгілі бір нысандағы бланкіде жасау, мөрмен бекемдеу сәйкес келуге және осы талаптарды сақтамау салдары көзделуге тиіс.";

4) 167-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Заңды тұлға атынан сенімхат оның басшысы немесе бұған оның құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген өзге де адамның қолы қойылып беріледі және егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аталған тұлғаның мөрі болуға тиіс болса, осы ұйымның мөрімен бекемделеді.";

5) 307-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кепіл туралы шартта кепіл нысанасы мен оны бағалау, кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттеменің мәні, мөлшері немесе ең жоғары сомасы және орындалу мерзімі көрсетілуге тиіс. Сондай-ақ онда кепілге қойылған мүлік тараптардың қайсысында екендігі және оны пайдалануға болатындығы көрсетілуге тиіс. Тараптардың келісуі бойынша кепілмен қамтамасыз етудің нақты сипаттамасы талап етілместен, кепіл нысанасы болып табылатын жылжымалы мүліктің кепіл нысанасының жалпы сипаттамасы болуы мүмкін.";

6) 309-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шартта немесе заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда кепіл құқығы кепілге қойылған мүлікті пайдалану нәтижесінде алынған бөлінетін жемістерге, өнімге және кірістерге, сондай-ақ кейіннен иемденген активтер мен ауыстырылған активтерге қолданылуы мүмкін.".

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 663-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Салынған объектілерді заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда тапсырыс беруші қабылдауға тиіс.

Сапасыз салынған объектілер пайдалануға қабылданған жағдайда, тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.";

2) 799-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) уәкілетті адамның қолтаңбасы және тауар қоймасының мөрі
(ол болған кезде) көрсетілуге тиіс.".

3. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-

құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 93-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 64-құжат; № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 6, 9-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 11, 67-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2014 жылғы 6 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 19 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

48-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Осы Кодекстің ережелеріне сәйкес, корпоративтік дауға қатысушы тараптар әрбір нақты құжатты көрсетпей, іске қатысты құжаттарды бір-бірінен сұратуға құқылы.

Тараптар мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құжаттарды бір-бірінен сұрата алмайды."

4. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы

6 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнының 9-тарауында:

92-баптың тақырыбы "пайдаланылмаған" деген сөзден кейін "және игерілмеген" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 96-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"96-1-бап. Жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімі";

2) 12-бапта:

20) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімі – осы Кодекстің 92 және 93-баптарына сәйкес, заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған жеке және заңды тұлғаларды сәйкестендіруді қамтамасыз ететін, қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде тіркелген деректер жиынтығы";

3) 13-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу тәртібін айқындау";

4) 14-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) жерді резервте қалдыру қағидаларын әзірлеу және бекіту";

7-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу";

16) тармақша алып тасталсын;

5) 14-1-бапта:

1-тармақта:

14-2), 14-3), 14-4), 14-5) және 14-6) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) орталық уәкілетті органға осы Кодекстің 92 және 93-баптарына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалар туралы ақпарат ұсыну;

17) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы уәкілетті органға осы Кодекстің 94-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жер учаскесіне ауыртпалықты белгілеуге және тоқтатуға өтініш беру жатады.";

2-тармақта:

21), 22), 23), 24) және 25) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 26) және 27) тармақшалармен толықтырылсын:

"26) орталық уәкілетті органға осы Кодекстің 92 және 93-баптарына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалар туралы ақпарат ұсыну;

27) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы уәкілетті органға осы Кодекстің 94-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жер учаскесіне ауыртпалықты белгілеуге және тоқтатуға өтініш беру жатады.";

6) 24-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғалар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін

жиырма бес жылға дейінгі мерзімге жалдау шарттарымен уақытша жер пайдалану құқығымен ғана иелене алады.";

7) 33-баптың 1-тармағы алтыншы бөлігінің 3) тармақшасындағы "кезде талап етілмейді." деген сөздер "кезде;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығы берілген кезде талап етілмейді.";

8) 37-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жаңа мерзімге шарт жасасу кезінде жер учаскесіне құқық беру, осы Кодекстің 43-бабы 1-тармағының 2), 3), 5) және 8) тармақшаларында белгіленген талаптарды қоспағанда, осы жер учаскесінің шекаралары өзгермейтін жағдайда осы Кодекстің 43-бабында көзделген тәртіппен жүргізіледі.";

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге;

шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғаларға жиырма бес жылға дейінгі мерзімге беріледі.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін берілген жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын бір тұлғадан екінші тұлғаға беру негізінде жүргізіледі.

Бұл ретте уақытша жер пайдалану (жалдау) шартын облыстың уәкілетті органы жер қойнауын пайдалану келісімшартына қосымша келісімнің және уақытша жер пайдалану (жалдау) шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді жаңа жер қойнауын пайдаланушыға беру туралы шарттың негізінде жаңа жер қойнауын пайдаланушыға қайта ресімдейді.";

9) 43-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 44, 44-1 және 45-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жерден, сондай-ақ 48-бабына сәйкес сауда-саттыққа (конкурстарға, аукциондарға) шығарылатын жерден жер учаскесіне құқық беру мынадай тәртіппен жүргізіледі:";

3-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер өтініш беруші жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімінде тұрған немесе өтініш беруші жер учаскесіне құқық беру туралы не оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайларда, жер учаскесі орналасқан жер бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдары екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге өтінішті қараудан бас тартуды жазбаша түрде береді.";

10) 44-баптың 7-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"жер учаскесінің бөлінетіндігі (бөлінбейтіндігі) туралы мәліметтер;"

11) 47-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер учаскесін меншікке беру туралы шешім жер пайдаланушы жергілікті атқарушы органға жазбаша нысанда өтініш берген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қабылдануға тиіс.";

12) 48-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) инвестициялық жобаларды іске асыру үшін;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сауда-саттықтың (конкурстардың, аукциондардың) жеңімпаздарына – шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін, орман өсіруді, қосалқы ауыл шаруашылығын жүргізу үшін жер учаскелері жиырма бес жылға дейінгі мерзіммен жалдау шарттарымен уақытша жер пайдалануға беріледі.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Жергілікті атқарушы органның жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын беру туралы шешімі сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) аяқталғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады. Жер учаскесін сатып алу-сату немесе жалдау шарты шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жасалады.";

13) 49-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-1-бап. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту тәртібі

1. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтінішті қарауға қабылдау;

2) жер учаскесін сұралып отырған нысаналы мақсат бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау;

3) мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы не келісу органдарында осы жүйелер болмаған кезде қағаз жеткізгіштерде жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтінішті келісу;

4) осы Кодекстің 43-бабының 2-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органдар құратын комиссияның қорытындысын дайындау;

5) елді мекен шегінде орналасқан жер учаскесінің нысаналы мақсаты құрылыс мақсаттары үшін өзгертілген жағдайда, жер учаскесінің жер-кадастрлық жоспарын жасау;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің құзыреті шегінде жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім қабылдауы;

7) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау.

2. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге мүдделі жеке және заңды тұлғалар жер учаскесі орналасқан жер бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз түрінде не "электрондық үкімет" веб-порталы немесе халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы өтініш береді.

Өтінішке қабылданған күні бойынша тіркеу нөмірі беріледі және өтініш берушіге өтініш берілгенін растайтын хабарлама беріледі, онда жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту не одан бас тарту мәселесі бойынша шешімді алатын күн көрсетіледі.

Өтініште мынадай мәліметтер көрсетіледі:

жер учаскесінің кадастрлық нөмірі;

жер учаскесінің сұралып отырған нысаналы мақсат;

жер учаскесінің алаңы;

жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының нөмірі мен күні.

3. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтініш келіп түскен кезінен бастап күнтізбелік отыз күнге дейінгі мерзімде қаралады.

4. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы келіп түскен өтінішті бір жұмыс күні ішінде құзыреті шегінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органына не тиісті жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне жібереді.

5. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы не жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі құзыреті шегінде өтініш келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсат бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындайды және оны барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, тиісті қызметтерге келісуге бір мезгілде жібереді.

6. Келісу органдары бес жұмыс күні ішінде жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсат бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы, ал қажет болған кезде инженерлік желілерге қосудың техникалық шарттары туралы тиісті қорытындыларды береді.

7. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы не жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі құзыреті шегінде қорытындылар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсат бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныс дайындайды.

8. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім осы Кодекстің 43-бабының 2-тармағына сәйкес құрылатын комиссияның қорытындысы негізінде қабылданады. Комиссия қорытындысы жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту мүмкіндігі туралы ұсыныс комиссияға келіп түскен кезден бастап бес жұмыс күні ішінде хаттамалық шешім нысанында екі данада жасалады.

9. Елді мекен шегінде орналасқан жер учаскесінің нысаналы мақсаты құрылыс мақсаттары үшін өзгертілген жағдайда, осы Кодекстің

44-1-бабының 7-тармағында көзделген тәртіппен жер-кадастрлық жоспар жасалады.

10. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы не жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық

бөлімшесі құзыреті шегінде комиссияның тиісті қорытындысы келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде, ал елді мекен шегінде орналасқан жер учаскесінің нысаналы мақсаты құрылыс мақсаттары үшін өзгертілген кезде жер-кадастрлық жоспар бекітілген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің тиісті шешімін дайындайды.

11. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы не өзгертуден бас тарту туралы шешімі комиссияның тиісті қорытындысы келіп түскен кезден бастап бес жұмыс күні ішінде, елді мекен шегінде орналасқан жер учаскесінің нысаналы мақсаты құрылыс мақсаттары үшін өзгертілген кезде жер-кадастрлық жоспар бекітілген кезден бастап бес жұмыс күні ішінде қабылданады.

12. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуден бас тарту уәжді болуға тиіс.

13. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге келісу туралы не одан бас тарту туралы шешімінің көшірмесі шешім қабылданғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тапсырылады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешімінде:

- жер учаскесінің кадастрлық нөмірі;
- жер учаскесінің нысаналы мақсаты;
- жер учаскесінің алаңы қамтылуға тиіс.

Өтініш "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық құжат нысанында берілген жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге келісу туралы не одан бас тарту туралы шешімі өтініш берушіге ол қабылданғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде электрондық құжат нысанында жіберіледі.

14. Жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгертілген кезде сәйкестендіру құжаттарын қайта ресімдеу мерзімі алты жұмыс күнінен аспайды.";

14) 79-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Стратегиялық объектілер орналасқан жер учаскелерін кепілге беруге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және шарттарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісуі бойынша жол беріледі.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Бұл ретте осы баптың 4-тармағының үшінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, жер пайдалану құқығын кепілге қою кезінде мемлекеттік меншіктегі жер учаскесі меншік иесінің келісімі талап етілмейді.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген құжаттар мен мәліметтер тізбесі толық болып табылады.";

15) 92, 93 және 94-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"92-бап. Мақсаты бойынша пайдаланылмаған және игерілмеген жер учаскесін меншік иесінен және жер пайдаланушыдан мәжбүрлеп алып қою

1. Осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, жер учаскесін игерудің мерзімі мен шарттарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, ал арнайы экономикалық аймақ аумағында – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары немесе арнайы экономикалық аймақтың басқару органы жер учаскелерін беру жөніндегі осы Кодексте белгіленген өз құзыреті шегінде, осы аумақта жерді аймақтарға бөлуге және қала құрылысы регламенттеріне сәйкес белгіленген берілетін жер учаскесінің нысаналы мақсаты мен жердің құқықтық режиміне қарай айқындайды және ол сатып алу-сату немесе жер пайдалану (жалдау) шарттарында көрсетіледі.

2. Егер құрылысқа арналған жер учаскесі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жыл (егер жобалау-сметалық құжаттамада анағұрлым ұзақ мерзім көзделмесе) ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда, онда Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке тұрғын үй құрылысына арналған жеке меншігіндегі жер учаскесін қоспағанда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Егер жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскесі дайын емес алаңдарда жер пайдалану құқығында берілген жағдайларда, мұндай жер учаскесін игеру мерзімі оны тиісті инженерлік (коммуналдық) инфрақұрылыммен қамтамасыз еткен кезден бастап есептеледі.

3. Егер ауыл шаруашылығы өндірісін, оның ішінде, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізуге арналған жер учаскесі пайдаланбау фактісі алғаш рет анықталған кезден бастап бесжылдық кезеңде жалпы алғанда екі жыл мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайларда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Жер учаскесін еңсерілмейтін күш салдарынан мақсаты бойынша пайдалану мүмкін болмаған уақыт бұл кезеңдерге кірмейді.

4. Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланбау жағдайларына:

1) егістікте – жер учаскесін ауыл шаруашылығы дақылдарын егу үшін өңдеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілмеуі;

2) шабындықтарда – екі жылдан астам жер учаскесінде шөп шабудың жүргізілмеуі, оны арамшөптердің, бұталардың, шіліктердің басып кетуі және шөп бітіктігі жұтаңдануының өзге де белгілерінің болуы;

3) жайылымдарда – жаю үшін ауыл шаруашылығы малының болмауы не оның агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілеген, жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің шекті рұқсат етілетін нормасының жиырмадан аз пайызын құрайтын мөлшерде болуы және (немесе) жемшөп дайындау мақсатында шөп шабудың болмауы;

4) көпжылдық екпелерде – егісті күтіп өсіру, жинау жұмыстарының жүргізілмеуі және есептен шығарылған көпжылдық екпелердің тамырларының алынбауы жатады.

5. Мақсаты бойынша пайдаланылмаған және игерілмеген жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға меншік құқығымен тиесілі жер учаскесіне олар жиырма бір жасқа толғанға дейін қолданылмайды.

93-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған жер учаскесін меншік иесінен және жер пайдаланушыдан мәжбүрлеп алып қою

1. Жер учаскесін немесе оның бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдалану Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

2. Егер жер учаскесі Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған жағдайларда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

3. Жер учаскесін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдалану жағдайларына:

1) жер учаскесін немесе оның бір бөлігін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбау;

2) жер учаскесін немесе оның бір бөлігін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларында айқындалған талаптарды бұза отырып пайдалану;

3) осы Кодекстің 99-бабында белгіленген талаптарды сақтамау;

4) жер учаскесін экологиялық жағдайды едәуір нашарлатуға әкеп соғатындай етіп пайдалану жатады.

4. Егер жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбауын білдірсе, онда жер учаскесінің меншік иесіне немесе жер

пайдаланушыға анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы алған кезден бастап екі ай ішінде жер учаскесі орналасқан жер бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкіміне оның нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтініш білдіру құқығы беріледі.

5. Еңсерілмейтін күштің салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, жер учаскесін немесе оның бір бөлігін пайдалану ауыл шаруашылығы жері құнарлылығының анағұрлым төмендеуіне не экологиялық жағдайдың едәуір нашарлауына әкеп соққан жағдайларда, жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес мемлекетке залалды өтеуге міндетті.

94-бап. Мақсаты бойынша пайдаланылмаған не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою тәртібі

1. Жер учаскелерінің меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан жер учаскелерін осы Кодекстің 92 және 93-баптарында көзделгендей мәжбүрлеп алып қою жер учаскесі орналасқан жер бойынша жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың талап арызы бойынша сот тәртібімен жүргізіледі.

Кепілге алынған жер учаскелерін осы Кодекстің 92 және

93-баптарында көзделген негіздер бойынша мәжбүрлеп алып қою туралы талап арыз берілген жағдайда, кепіл ұстаушы мұндай жер учаскелерін алып қою рәсімінің басталғаны туралы хабардар етілуге тиіс.

Кепіл ұстаушыға хабарламаны сотқа талап арыз берген, жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын тиісті орган жібереді.

2. Осы Кодекстің 92 және 93-баптарында көзделген жағдайда жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою туралы талап арыз Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жазалау шаралары қолданылғаннан кейін және жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану үшін жер учаскесінің меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға берілген нұсқаманың мерзімі өткеннен кейін беріледі.

Жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде шаралар қолдану үшін мерзім – бір жыл, ал Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде – жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланбау не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактісі анықталған кезден бастап үш ай болып белгіленеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты жою қажеттілігі туралы нұсқама жер учаскесіне құқық ауыртпалығы ретінде "Жылжымайтын мүлікке

құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркелуге жатады.

3. Жер учаскесі осы Кодекстің 92 және 93-баптарында көрсетілген негіздер бойынша сот шешімімен жер учаскесінің меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан мәжбүрлеп алып қойылған жағдайда, жер учаскесіне меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы (мемлекеттен сатып алынған, жер учаскесіне жалдау құқықтарына қатысты) Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында және Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сатылады.

4. Өтеусіз негізде берілген жер учаскесі осы Кодекстің 92-бабында көрсетілген негіздер бойынша сот шешімімен меншік иесінен мәжбүрлеп алып қойылған жағдайда, осы жер учаскесі жер учаскесінің меншік иесіне құнын өтеместен одан әрі қайта бөлу үшін арнайы жер қорына алынады.

Бұл ретте мұндай меншік иесінің (алып қойылған жер учаскесі осы Кодекстің 9-бабы 3-тармағы 2) тармақшасының негізінде берілген жағдайда) осы Кодекстің 96-1-бабында белгіленген ережелерді ескере отырып, жер учаскесін осы мақсаттар үшін өтеусіз негізде қайтадан алуға құқығы бар.

5. Жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою шығыстары шегерілгеннен кейін және орындалуы жер учаскесінің және жер пайдалану құқығының кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша талаптар мөлшерінде кепіл ұстаушыға төленгеннен кейін түскен сома жер учаскесінің бұрынғы меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға төленеді.

Бір жыл ішінде кемінде үш сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) өткізілгеннен кейін мұндай жер учаскесін немесе оған жер пайдалану құқығын өткізу мүмкін болмаған кезде жер учаскесі сот шешімімен арнайы жер қорына алынады.

6. Жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою туралы заңды күшіне енген сот шешімі жер учаскесі мәжбүрлеп алып қойылған тұлғаны жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тиісті тізіліміне енгізу үшін негіз болып табылады.";

16) мынадай мазмұндағы 96-1-баппен толықтырылсын:

"96-1-бап. Жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімі

1. Жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы ұсынатын ақпараттың негізінде орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы осы Кодекстің 92 және

93-баптарына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде үш жұмыс күні ішінде орталық уәкілетті органға ақпарат жібереді, онда:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, оның жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 2) заңды тұлғаның атауы және оның бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 3) алып қойылған жер учаскесінің орналасқан жері, алаңы және нысаналы мақсаты;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтың түрі мен құрамы;
- 5) сот шешімі қабылданған және оның заңды күшіне енген күні көрсетіледі.

Орталық уәкілетті орган ақпаратты алған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде оны жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізіліміне енгізеді.

3. Жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізіліміндегі мәліметтер осы Кодекстің 92 және 93-баптарының негізінде жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл өткеннен кейін алып тасталады.

Көрсетілген мәліметтер жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою туралы сот шешімінің күші жойылған жағдайларда да жер учаскесі мәжбүрлеп алып қойылған тұлғаның өтініші бойынша бір жұмыс күні ішінде алып тасталады.

Өтінішке сот шешімінің көшірмесі қоса беріледі.

4. Жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізіліміндегі жеке және заңды тұлғаларға жер учаскелерін беруге жол берілмейді.";

17) 97-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Елді мекендердің жерін бас жоспарларына (немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерді дамытудың және оларда құрылыс салудың осы жоспарларды алмастыратын схемасына) сәйкес кеңейту жағдайларын қоспағанда, ауыл шаруашылығы мақсатындағы, жеке тұрғын үй құрылысына арналған және жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге арналған жердің нысаналы мақсатын өзгертуге жол берілмейді.";

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

3) шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғаларға жиырма бес жылға дейінгі мерзіммен жалдау шарттарымен уақытша жер пайдалануға беріледі.";

18) 102-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"102-бап. Жеке қосалқы шаруашылыққа, бағбандыққа және саяжай құрылысына арналған жер учаскелері

1. Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері ауылдық елді мекендердің жерінен беріледі.

2. Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізуге арналған жер учаскесі үй маңындағы және егістік телімдерден тұрады.

Үй маңындағы телім ауылдық елді мекендердің шекараларында (шегінде) беріледі және ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес тұрғын үй, шаруашылық-тұрмыстық құрылыстар тұрғызу үшін пайдаланылады.

Егістік телім елді мекен аумақтарының жер-шаруашылық орналастыру жобасына сәйкес ауылдық елді мекендердің жерінен не әкімшілік бағынысқа берілген аумақтарда беріледі және ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін ғана пайдаланылады.

3. Қазақстан Республикасының азаматтарына бағбандықпен айналысу және саяжай құрылысы үшін жер учаскелері ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерден, ауылдық елді мекендердің жерінен және босалқы жерден беріледі.

4. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге, бағбандықпен айналысуға және саяжай құрылысына арналған жер учаскелерінің меншік иелері болып табылатын азаматтар ортақ мүдделеріне қарай құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын жай серіктестіктерге, бағбандық немесе өзге де тұтыну кооперативтеріне бірігуге құқылы.

5. Бағбандықпен айналысуға немесе саяжай құрылысына арналған жер учаскелері Қазақстан Республикасы азаматтарының бөлек меншігінде болып, ал жер учаскелері меншік иелерінің ортақ мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған жер учаскелері мен басқа да мүлік олардың ортақ үлестік меншігінде болған жағдайларда, ортақ мүлікке байланысты меншік иелері арасындағы қатынастарға кондоминиум туралы нормалар қолданылады.";

19) 105-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасындағы "мелиорациясы үшін берілгенде олар шығасыны өтеуден босатылады." деген сөздер "мелиорациясы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты объектілерді салу үшін берілгенде, олар шығасыны өтеуден босатылады.";

20) 107-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Елді мекендердің жері мынадай:

- 1) тұрғын үй;
- 2) әлеуметтік;
- 3) коммерциялық;
- 4) өзге де функционалдық аймақтарға бөлінеді.

Тұрғын үй аймағына құрылыстар алып жатқан әрі көп пәтерлі және көп қабатты тұрғын үйлер, үй маңындағы жер учаскелері бар жеке тұрғын үйлер салуға арналған тұрғын жай салатын жер кіреді.

Әлеуметтік аймаққа мемлекеттік және коммерциялық емес объектілер алып жатқан және оларды орналастыруға арналған қоғамдық іскерлік құрылыс салатын жер кіреді.

Коммерциялық аймаққа өндірістік объектілердің, сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету объектілерінің, инженерлік және көлік инфрақұрылымы

объектілерінің, сондай-ақ осы объектілердің және кәсіпкерлік қызметпен байланысты өзге де объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеуге арналған жер кіреді.

Өзге аймақтарға:

1) теміржол, автомобиль, өзен, теңіз, әуе және құбыржол көлігі жолдары, инженерлік инфрақұрылым мен байланыс магистральдары алып жатқан және соларды салуға арналған көлік, байланыс, инженерлік коммуникациялар жері;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;

3) орман қорының жері;

4) өзендер, табиғи және жасанды су айдындары мен акваториялар, су қорғау аймақтары, гидротехникалық және басқа да су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан су айдындары мен акваториялар жері;

5) ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жер;

6) алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, парктер, гүлзарлар, орман парктері, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және тұрғындардың мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (су құбырлары, жылыту құбырлары, тазарту құрылыстары және ортақ пайдаланылатын басқа да инженерлік жүйелер, сондай-ақ ортақ пайдаланылатын жылу желілері мен инженерлік жүйелердің күзет аймақтары) алып жатқан және оларды орналастыруға арналған ортақ пайдаланылатын жер;

7) қала құрылысы қызметіне тартылмаған, елді мекенді аумақтық тұрғыдан дамытуға және жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған резервтегі және өзге де жер;

8) крематорийлерді, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), тұрмыстық қалдықтар тастау орындарын және арнайы нормативтер мен қағидалар белгіленбей пайдалану мүмкін болмайтын өзге де объектілерді орналастыру үшін бөлінетін арнайы мақсаттағы жер;

9) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтары үшін берілген, сондай-ақ өзге де пайдалану режиміндегі жер кіреді.";

21) 109-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Елді мекендердің жер учаскелерінің нысаналы мақсаты осы Кодекстің 107-бабының 3-тармағында көзделген функционалдық аймақтарға сәйкес айқындалады.

Жер учаскесі бір функционалдық аймақ шеңберінде пайдаланылған жағдайда, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту талап етілмейді.";

22) 145-баптың 2-тармағының үшінші абзацы алып тасталсын;

23) 153-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жер пайдалануды қалыптастыру мен ретке келтіру жөніндегі жобаларды, бүлінген жерді рекультивациялау жобаларын жасау, жергілікті жерде жер учаскелерінің шекараларын белгілеу;"

3) тармақшадағы "әзірлеу жатады." деген сөздер "әзірлеу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) жерді түгендеуді жүргізу жатады.";

24) 155-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлерін қалыптастыру мақсаттары үшін облыстарға, республикалық маңызы бар қалаларға, астанаға, аудандарға және облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға берілетін кодтардың тізбесін орталық уәкілетті орган белгілейді."

5. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнындағы 54-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"54-бап. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы сараптама";

2) 37-баптың 1-тармағының 28) тармақшасы алып тасталсын;

3) 54-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"54-бап. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы сараптама";

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Су қорын пайдалану және қорғау саласында мынадай сараптама түрлері жүзеге асырылады:"

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін шаруашылық және басқа да объектілерді салуға және реконструкциялауға, пайдалануға, консервациялауға және

жоюға арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама;"

2-тармақ алып тасталсын;

3 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін шаруашылық және басқа да объектілерді салуға және реконструкциялауға, пайдалануға, консервациялауға және жоюға арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама оның Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бекітілген бастапқы деректерге, техникалық шарттар мен талаптарға, сондай-ақ нормативтік құжаттардың ережелеріне сәйкестігін тексеру мақсатында жүзеге асырылады.";

"7. Жаңа объектілерді салуға, сондай-ақ бұрыннан бар ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға) немесе күрделі жөндеуге арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.";

4) 75-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Арнайы су пайдалануға рұқсаттан айыру үшін осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау барысында анықталады.

Арнайы су пайдалануға рұқсаттан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Арнайы су пайдалану құқығын тоқтату туралы шешім су пайдалану шартын бұзу үшін негіз болып табылады.";

5) 125-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Келісу тәртібі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес бекітілген құрылыс салудың үлгілік қағидаларында айқындалады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.".

6. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 17-бапта:

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) осы бапта және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экологиялық сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді және оған әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 28-9) тармақшамен толықтырылсын:

"28-9) қалдықтардың қауіптілік деңгейін айқындау және оларға код белгілеу әдістемесін бекітеді;"

38) тармақша алып тасталсын;

2) 20-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жобалау-сметалық құжаттама бойынша жүргізілген мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалардың, сондай-ақ ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындыларының негізінде, өз құзыреті шегінде кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға) немесе күрделі жөндеуге тыйым салады немесе рұқсат береді;"

3) 27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің жол берілетін шекті нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру кезінде шығарындылардың стационарлық және жылжымалы көздері, технологиялық процестер мен жабдықтар үшін эмиссиялар нормативтерінің есептеу мәндерін, техникалық үлестік нормативтерінің белгіленген мәндерін қамтитын жобалар құрамында пайдаланылады. Ластаушы заттардың жол берілетін шекті шығарындылары мен төгінділерінің белгіленген нормативтерінің қолданылу мерзімі, өндіріс және тұтыну қалдықтарын нормативтік орналастыру

мерзімі I, II және III санаттардағы объектілер үшін күнтізбелік он жылды құрайды, IV санаттағы объектілер үшін – мерзімсіз.";

4) 40-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптілік сыныптарына жатпайтын қызмет түрлері IV санат объектілері ретінде сыныпталады.";

5) 48-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салуға немесе бұрыннан барларын реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға) және күрделі жөндеуге арналған жобалар (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамасы) бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Көрсетілген құрылыс жобаларын қабылдау тәртібін, олардың толымдылығын, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптаманы қаржыландыру тәртібін қоса алғанда, ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен қамтамасыз етіледі.";

6) 49-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жаңа объектілерді салуға немесе бұрыннан барларын реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға) және күрделі жөндеуге арналған жобалар (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама барысында жүзеге асырылатын мемлекеттік экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.";

7) 50-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"50-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу мерзімдері

1. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу мерзімі, объектілер құрылыстарының жобалары бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу саласында Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында, сондай-ақ осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын органдарға барлық қажетті құжаттама берілген кезден бастап I санаттағы объектілер үшін – екі айдан, II санаттағы объектілер үшін – бір айдан, III және IV санаттардағы объектілер үшін он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қайтадан жүргізу мерзімі тіркелген күнінен бастап I санаттағы объектілер үшін – бір айдан,

II санаттағы объектілер үшін – он жұмыс күнінен, III және IV санаттардағы объектілер үшін бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2. Тіркелген күнінен бастап I санаттағы объектілер үшін бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде және II, III және IV санаттардағы объектілер үшін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беретін орган құжаттарды олардың толықтығы тұрғысынан қарайды. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, құжаттар ұсынған тұлғаға қайтарылуға жатады.

3. Құрылысқа арналған жобалар (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама барысында жүзеге асырылатын мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізудің мерзімдері мен ұзақтығы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.";

8) 51-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Құрылысқа арналған жобалар (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамасы) бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама барысында жүргізілген мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы ведомстводан тыс кешенді сараптаманың жиынтық қорытындысына енгізіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жобалық құжаттамаға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы I, II және III санаттардағы объектілер үшін – қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтерінің қолданылу мерзімі ішінде, IV санаттағы объектілер үшін – мерзімсіз қолданылады.

Құрылысқа арналған жобалар (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамасы) бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама барысында жүргізілген мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының қолданылу мерзімі ведомстводан тыс кешенді сараптаманың тиісті жиынтық қорытындысының қолданылу мерзімдеріне сәйкес белгіленеді.";

9) 67-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қоғамдық экологиялық сараптаманың нәтижелері ғимараттардың, құрылыстар мен кешендердің, инженерлік және көлік коммуникацияларының құрылысына арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу кезінде де ескерілуі мүмкін.";

10) 69-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылатын табиғат пайдаланушылар шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын объектілер бойынша қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алмайды.";

11) 70-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "іс-шаралар жоспарын" деген сөздер "іс-шаралар жоспарын қамтитын, белгіленген үлгідегі құжаттар жиынтығы болып табылады." деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақшасы және 1-1-тармағы алып тасталсын;

12) 71-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Өндірістік объектілердің санитариялық сыныпталуына сәйкес сыныпталмайтын қызмет түрлері IV санатқа жатады.";

13) 72, 74, 75 және 76-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"72-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу үшін ұсынылатын материалдар

1. Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу үшін қажетті құжаттар топтамасын рұқсат беретін органға ұсынады.

2. I, II және III санаттардағы объектілері бар табиғат пайдаланушылар үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға арналған құжаттар топтамасы:

1) рұқсат алуға өтінімді;

2) эмиссиялар нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын;

3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтиды.

3. Жаңадан енгізілетін IV санаттағы объектілері бар табиғат пайдаланушылар үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға арналған құжаттар топтамасы:

1) рұқсат алуға өтінімді;

2) қоршаған ортаға эмиссиялардың есептік немесе аспаптық жолмен белгіленген және негізделген нормативтерін қамтиды.

4. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға арналған өтінімнің нысанын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

"74-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға өтінімдер беру, қарау және рұқсат беру мерзімдері

1. Өтінімдер беру:

1) I санаттағы объектілер үшін – қолданыстағы рұқсат мерзімі аяқталғанға дейін не жаңа объект пайдалануға берілгенге дейін екі айдан кешіктірілмей;

2) II санаттағы объектілер үшін – қолданыстағы рұқсат мерзімі аяқталғанға дейін не жаңа объект пайдалануға берілгенге дейін бір айдан кешіктірілмей;

3) III санаттағы объектілер үшін – қолданыстағы рұқсат мерзімі аяқталғанға дейін не жаңа объект пайдалануға берілгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей;

4) IV санаттағы объектілер үшін жаңа объект пайдалануға берілгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

2. Рұқсат беретін орган өтінім тіркелген күннен бастап I және II санаттардағы объектілер үшін – күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімде, III санаттағы объектілер үшін күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде өтінімді оның толықтығы және осы Кодекстің талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Белгіленген мерзім өткеннен кейін өтінім қарауға қабылданады не ұсынылған материалдардың жеткіліксіздігі салдарынан және (немесе) оның осы Кодекстің талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбайды.

Өтінім қабылданбаған кезде табиғат пайдаланушыға қабылданбау себептері уәжді түрде негізделіп, бас тарту жіберіледі.

3. Рұқсат беретін орган қабылданған өтінімдерді:

1) I санаттағы объектілер үшін – өтінім тіркелген күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде;

2) II санаттағы объектілер үшін – өтінім тіркелген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде;

3) III санаттағы объектілер үшін – өтінім тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде;

4) IV санаттағы объектілер үшін өтінім тіркелген күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

4. Қарау қорытындылары бойынша қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беріледі.

75-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін негіздер

1. Табиғат пайдаланушыға I, II және III санаттардағы объектілерге мынадай шарттар сақталған кезде:

1) осы Кодекстің 72-бабына сәйкес қажетті құжаттар мен материалдар ұсынылған;

2) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларға сәйкес келген және қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз еткен кезде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беріледі.

2. Егер табиғат пайдаланушы қажетті өтінімді және қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін ұсынса, оған IV санаттағы объектіге қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат берілуге тиіс.

76-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың қолданылу мерзімдері

1. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар қолданыстағы рұқсатта көрсетілген табиғат пайдаланудың қолданылатын технологиялары мен шарттары өзгергенге дейінгі, бірақ I, II және III санаттардағы объектілер үшін он жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

2. IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат, қолданыстағы рұқсатта көрсетілген табиғат пайдаланудың қолданылатын технологиялары мен шарттары өзгерген жағдайларды қоспағанда, мерзімсіз негізде беріледі.";

14) 94-12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемінің бір бөлігінен белгіленген мөлшердегі бірліктер резерві құралады, оны қалыптастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

15) 195-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Келісу тәртібі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес бекітілген құрылыс салудың үлгілік қағидаларында айқындалады.";

16) 198-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мыналар:

1) мемлекеттік экологиялық сараптаманың;

2) эпидемиялық маңыздылығы жоғары объект жобаланған жағдайда санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындылары жоқ жобаларды қаржыландыруға және іске асыруға тыйым салынады.";

17) 202-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салу және реконструкциялау мемлекеттік экологиялық сараптаманың, санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың (эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салған және реконструкциялаған жағдайда) оң қорытындылары болған кезде және қоршаған орта сапасының нормативтеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бекітілген жобаны немесе жұмыстардың құнын қоршаған ортаға залал келтіре отырып өзгертуге жол берілмейді.";

18) 224-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салу, реконструкциялау, пайдалану, консервациялау, жою, қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың және санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мемлекеттік органының (эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге жатқызылған объектілерге) оң қорытындылары болған кезде жүзеге асырылады.";

19) 267-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Каспий теңізіне өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің кездейсоқ кіруін болғызбау үшін бұрын өзге су бассейндерінде жұмыс істеген жабдық пен аппаратураны, сондай-ақ кемелерді экологиялық тексеруден өткізбей пайдалануға тыйым салынады.";

20) 277-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өндірістік радиациялық бақылау жүргізу әдістемесі санитариялық қағидаларда айқындалады.";

21) 287-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қалдықтардың қауіптілік деңгейін айқындау және оларға код белгілеу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін қалдықтар сыныптауышының негізінде жүргізіледі. Сыныптауышта қалдықтардың осы түрі болмаған жағдайда, қауіптілік деңгейі және оларға код белгілеу қалдықтың қауіптілік деңгейін айқындау және оған код белгілеу жөніндегі әдістемеге сәйкес айқындалады.";

22) 288-1-баптың 8-тармағы алып тасталсын;

23) 291-баптың 2 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қалдықтарды орналастыру объектісі салынатын жерді айқындау мемлекеттік экологиялық сараптаманың, санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың (эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салу кезінде) және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін сараптаманың оң қорытындылары болған кезде арнайы (инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және өзге де) зерттеулер негізінде жүзеге асырылады.";

"4. Қалалық және басқа да қоныстардың, орман саябақтарының, курорттық, емдеу-сауықтыру, рекреациялық аймақтардың аумақтарында, тарихи-мәдени мұра объектілеріне жатқызылған аумақтарда, сондай-ақ су қорғау аймақтарында, ауызсумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау мақсаттарында пайдаланылатын жерасты су объектілерінің су жинау алаңдарында қалдықтарды көмуге тыйым салынады.";

24) 292-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын бақылауды жергілікті атқарушы органдар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қамтамасыз етеді.";

25) 298-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қалдықтар полигондарын орналастыру мен салу жобалары:

1) мемлекеттік экологиялық сараптамадан;

2) эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салу кезінде осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптамадан өткізілуге жатады.";

26) 306-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Полигонның иесі жобаның шарттарына сәйкес полигонды (полигонның бір бөлігін) рекультивациялауды орындағаннан кейін және орындалған жұмыстар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен қабылдау комиссиясының актісімен қабылданғаннан кейін полигон иесі қоршаған ортаға мониторинг жүргізуді тоқтатады.".

7. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-

құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 78, 81-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 11, 67-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 16-баптың 23) тармақшасы алып тасталсын;

2) 17-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жұмыс берушілерде еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдардың білімін тексеруді жүргізеді;"

3) 145-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге;"

4) 313-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдары мерзімділікпен, үш жылда бір реттен сиретпей кадрларды кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан және білімін тексеруден өтуге міндетті.

Оқудан және білімін тексеруден өтуге тиіс адамдардың тізімі жұмыс берушінің актісімен бекітіледі.";

5) 317-баптың 1-тармағының 5) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдардың және қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеруді ұйымдастыруға;"

"7) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға, қызметкерлердің өкілдеріне олардың жазбаша сауалы бойынша, өндірістік объектілерді ұйымдардағы еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау туралы ақпаратты қоса алғанда, еңбек жағдайларының, қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы қажетті ақпаратты тоқсанына бір рет беруге;"

6) 328-баптың 5-тармағы және 328-2-баптың 1-тармағы алып тасталсын.

8. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат

; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 19 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 41-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік тапсырманы жоспарлау бюджетті әзірлеу кезінде мемлекеттік тапсырманы әзірлеу мен орындау тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қорытындысы ескеріле отырып, осы Кодексте белгіленген талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.";

2) 96-баптың 5-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын дайындау құны шарт құнына енгізілген объектілерден басқа, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не реконструкциялауға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу жобалау-сметалық құжаттама бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы міндетті түрде болған кезде жүргізіледі.";

3) 97-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын дайындау құны шарт құнына енгізілген ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не реконструкциялауға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шығыстар бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі аванстық төлемнен кейінгі төлем жүргізу

кезінде құрылысқа арналған жобалардың (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысының бар-жоғын қосымша тексереді."

9. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 19 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

мынадай мазмұндағы 37-2 және 47-1-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"37-2-бап. Салықтар бойынша аудиторлық қорытындының нәтижелері бойынша таратылатын резидент заңды тұлғалардың және қызметін тоқтататын дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының салық міндеттемесін орындау ерекшеліктері";

"47-1-бап. Салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін салық төлеушінің өтініші негізінде өзгерту";

48-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін салық төлеушінің өтініші негізінде өзгерту туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген орган";

мынадай мазмұндағы 51-3-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"51-3-бап. Импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін өзгерту тәртібі";

2) 12-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:

"24-1) жеке тұлғаны әлеуметтік қолдау – салық агентінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қолдауға құқығы бар жеке тұлғаға республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының басында қолданыста болатын ең төмен жалақының 55 еселенген мөлшері шегінде мүлікті бір жыл өтеусіз беруі.

Осы тармақшада көзделген тұлғалар санаттарының тізбесін уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды";

3) 13-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен және 14) тармақшадағы "бермеуге құқылы." деген сөздер "бермеуге;" деген сөзбен ауыстырылып, 15) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес салықтар бойынша аудит жүргізуге шарт жасасуға";

"15) қызметін тоқтатқан кезде салық міндеттемесін орындаудың осы Кодексте көзделген тәртіптерінің бірін таңдауға құқылы.";

4) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шарт жасалған жағдайда, салық органдарының талап етуі бойынша мұндай шартты және салықтар бойынша аудиторлық қорытындыны осы Кодекске сәйкес салық органдарына табыс етуге";

5) 37-баптың 14-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Таратылатын резидент заңды тұлғалар осы Кодекстің 37-1 немесе 37-2-баптарында белгіленген салық міндеттемелерін орындаудың ерекшеліктерін таңдаған жағдайда, осы баптың ережелері оларға қолданылмайды.";

6) мынадай мазмұндағы 37-2-баппен толықтырылсын:

"37-2-бап. Салықтар бойынша аудиторлық қорытындының нәтижелері бойынша таратылатын резидент заңды тұлғалардың және қызметін тоқтататын дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының салық міндеттемесін орындау ерекшеліктері

1. Осы бап бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) таратылатын заңды тұлғаның немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкердің осы Кодекстің 46-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі кезеңіндегі түзетулер ескеріле отырып, жылдық жиынтық кірістерінің жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 60000 еселенген мөлшерінен аспайтын;

2) салық органына қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын аудиторлық ұйым жасаған салықтар бойынша аудиторлық қорытындысы бар таратылатын резидент заңды тұлғалардың және қызметін тоқтататын дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының салық міндеттемесін орындау ерекшеліктерін белгілейді.

Бұл ретте, егер салықтар бойынша аудиторлық қорытындының нәтижелері бойынша салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу, аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаса, таратылатын заңды тұлға немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкер мұндай міндеттемелерді аудиторлық ұйым салықтар бойынша аудиторлық қорытындыны осындай салық төлеушіге тапсырған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде орындауға тиіс.

2. Резидент заңды тұлға тарату туралы шешім қабылданған жағдайда, дара кәсіпкер қызметті тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда өзі орналасқан жердегі салық органына бір мезгілде:

1) қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішті;

2) тіркеу есебі болған кезде жекелеген қызмет түрлері бойынша осындай есепке алудан шығару туралы салықтық өтінішті;

3) таратудың салық есептілігін;

4) аудиторлық ұйым жасаған салықтар бойынша аудиторлық қорытындыны;

5) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті немесе ол жоғалған немесе бүлінген кезде қағаз жеткізгіштегі түсіндірмені;

6) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару үшін салықтық өтінішті;

7) осы Кодекстің 648-бабында белгіленген тәртіппен

бақылау-кассалық машинаны есептен шығару туралы салықтық өтінішті табыс етеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттар , егер таратылатын заңды тұлға немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкер қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда табыс етіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көрсетілген құжатты бақылау-кассалық машина салық органында есепке қойылған жағдайда таратылатын заңды тұлға немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкер ұсынады.

3. Таратудың салық есептілігі таратылатын заңды тұлға немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкер төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш табыс етілген салық кезеңінің басынан бастап осындай өтініш табыс етілген күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салық есептілігін табыс ету мерзімі таратудың салық есептілігі табыс етілгеннен кейін басталған жағдайда, мұндай кезекті салық есептілігін табыс ету таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Таратылатын заңды тұлға немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкер салық органына таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлейді, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды аударды.

Егер таратудың салық есептілігінің алдында табыс етілген салық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын жағдайда, төлеу (аудару) салық органына таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

5. Таратылатын заңды тұлғада немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкерде салық берешегі болмаған кезде:

1) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің қате төленген сомалары осы салық төлеушіге осы Кодекстің 601-бабында белгіленген тәртіппен қайтарылуға жатады;

2) салықтардың, төлемақының, алым мен өсімпұлдардың артық төленген сомалары осы салық төлеушіге осы Кодекстің 602-бабында белгіленген тәртіппен қайтарылуға жатады;

3) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төленген сомалары осы салық төлеушіге осы Кодекстің 606-бабында белгіленген тәртіппен қайтарылуға жатады;

4) айыппұлдардың төленген сомалары осы салық төлеушіге осы Кодекстің 605-бабында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен қайтарылуға жатады;

5) кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімпұлдардың бюджетке артық (қате) төленген сомалары осы салық төлеушіге Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен қайтарылуға жатады.

6. Салық органы осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, осы Кодекстің 586-бабында айқындалатын тәртіппен камералдық бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, таратылатын заңды тұлғаға немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкерге осы Кодекстің 84-тарауында белгіленген тәртіппен бұзушылықтарды жою туралы хабарлама тапсырылады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауды таратылатын заңды тұлға немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкер осы Кодекстің 587-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Салық төлеуші салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті төлеуді (аударуды) камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

7. Хабарлама орындалмаған және (немесе) салық органдары таратылатын заңды тұлғаға немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкерге қатысты салық төлеуші табыс еткен түсіндірмелермен келіспеген жағдайларда, салық органы мұндай салық төлеушіге қатысты анықталған, құжаттық салықтық тексеруді тағайындау үшін негіз болған фактілер мен мән-жайлар бойынша аталған тексеруді жүргізеді.

8. Осы баптың 4, 5 және 6-тармақтарында белгіленген ережелер орындалған және салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек болмаған жағдайларда, сондай-ақ салық органы жүргізген камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жойған кезде таратылатын заңды тұлға орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) тарату балансын;

2) банктегі бар шоттарының жабылғаны туралы банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның анықтамасын табыс етеді.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды таратылатын заңды тұлға салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек болмаған жағдайда, осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде табыс етеді.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар, салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек болған жағдайларда, таратылатын заңды тұлға осы тармақта көрсетілген құжаттарды камералдық бақылау нәтижелері бойынша

анықталған бұзушылықтарды жойған жағдайда салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өтелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде табыс етеді.

9. Осы баптың 8-тармағында белгіленген ережелер орындалғаннан кейін салық органы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, құрылымдық бөлімшелерді есептік тіркеуді, қайта тіркеуді, есептік тіркеуден шығаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органға осы Кодекстің 598-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде таратылатын заңды тұлға бойынша салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді жібереді.

10. Қызметін тоқтатқан дара кәсіпкердің салық міндеттемесі салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек болмаған немесе өтелген, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар толық көлемде жойылған жағдайда камералдық бақылау жүзеге асырылғаннан кейін орындалды деп есептеледі.

11. Осы баптың 10-тармағына сәйкес салық міндеттемесі орындалған күн дара кәсіпкерді салық органындағы тіркеу есебінен шығару күні болып табылады.

12. Салық органы осы баптың 11-тармағында көрсетілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығару туралы шешім қабылдайды.

Дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығару туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

13. Салық органы осы баптың 6-тармағында белгіленген, салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті төлеу (аудару) мерзімі өткеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығарудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Дара кәсіпкердің осы бапта белгіленген ережелерді орындамауы да дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығарудан бас тарту туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.";

7) 47-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Жалпы ережелер

Салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту:

1) салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін салық төлеушінің өтініші негізінде осы Кодекстің 47-1 – 51, 52 және 53-баптарында айқындалатын тәртіппен;

2) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есепке жазылған сомаларын төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін осы Кодекстің 51-1 және

52-баптарында айқындалатын тәртіппен;

3) қайта құрылымдалатын ұйымның салық төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін осы Кодекстің 51-2-бабында айқындалатын тәртіппен;

4) импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін осы Кодекстің 51-3-бабында айқындалатын тәртіппен өзгерту арқылы жүргізіледі.

Егер осы тарауда өзгеше белгіленбесе, салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту салық төлеушіні осы Кодекстің 610-бабына сәйкес салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің сомаларын уақтылы төлемегені үшін өсімпұлдарды төлеуден босатпайды.";

8) мынадай мазмұндағы 47-1-баппен толықтырылсын:

"47-1-бап. Салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін салық төлеушінің өтініші негізінде өзгерту

1. Салықтарды (төлем көзінен ұсталатын салықтардан, акциздерден және импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығынан басқа) және (немесе) өсімпұлдарды төлеудің осы Кодексте белгіленген мерзімін неғұрлым кеш, бірақ күнтізбелік он екі айдан аспайтын мерзімге ауыстыру салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін салық төлеушінің өтініші негізінде өзгерту деп танылады.

Салық төлеушінің салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтінішінде салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу мерзімін ауыстыру себептері қамтылуға тиіс.

2. Өзгертілген мерзімдер бойынша салық міндеттемесін орындау құқығы басқаға берілуге жатпайды.

3. Осы бапта көзделген салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту салық төлеушінің және (немесе) үшінші тұлғаның мүлкін кепілге алу және (немесе) банк кепілдігі арқылы жүргізіледі.";

9) 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін салық төлеушінің өтініші негізінде өзгерту туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген орган

1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 47-1-бабында көзделген, республикалық бюджетке келіп түсетін, сондай-ақ

республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

2. Осы Кодекстің 47-1-бабында көзделген, жергілікті бюджеттерге толық көлемде келіп түсетін салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімді салық төлеуші тіркеу есебіне алынған жердегі салық органы қабылдайды.";

10) 51-1-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есепке жазылған сомаларын төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтінішті салық төлеуші (салық агенті) көрсетілген сомалармен келіскен және олар осы баптың 2-тармағында көзделген шарттарға сәйкес болған жағдайларда, салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама тапсырылған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей, салық төлеуші орналасқан жері бойынша тіркелген салық органына қатысты жоғары тұрған орган болып табылатын салық органына табыс етеді. Өтінішке:

1) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есепке жазылған сомаларын төлеуді көздейтін салық міндеттемесін орындау графигі;

2) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган берген, Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасында белгіленген жеке кәсіпкерлік субъектілері санаттарының біріне салық төлеушінің тиесілілігін жазбаша растау қоса беріледі.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексеру жүргізілген жеке тұлғаның, сондай-ақ салық төлеуші (салық агенті) басшысының және (немесе) бас бухгалтерінің (ол болған кезде) еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты осы баптың 1-тармағында белгіленген өтініш беру мерзімін өткізіп алған жағдайларда, мұндай салық төлеуші (салық агенті) өткізіп алған өтініш беру мерзімін қалпына келтіру мақсатында, осы тармақта аталған адамдардың еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңі аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, салық төлеуші орналасқан жері бойынша тіркелген салық органына қатысты жоғары тұрған орган болып табылатын салық органына өтініш және қолдаухат табыс етуге құқылы.";

11) мынадай мазмұндағы 51-3-баппен толықтырылсын:

"51-3-бап. Импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін өзгерту тәртібі

Импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін өзгерту:

1) қосылған құн салығы бойынша;

2) осы Кодекске сәйкес таңбалауға жататын импортталатын тауарлар бойынша акцизді қоспағанда, акциз бойынша жүргізіледі.

Осы баптың ережелері Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын тауарлар бойынша қолданылмайды.

2. Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден органына табыс етілген ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға декларация импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін өзгертуге негіз болып табылады.

3. Импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін өзгерту:

1) осындай импортталатын тауарларды толық көлемде кедендік тазарту үшін кеден органына Кеден одағының кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген құжаттар табыс етілген;

2) егер тұлғалар уәкілетті орган белгілеген тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижесінде осы бапта көзделген, жанама салықтар бойынша төлеу мерзімін өзгертуді қолдануға құқығы жоқ тұлғалар санатына жатқызылмаған жағдайда жүргізіледі.

4. Осы бапқа сәйкес импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін өзгерту салық органының Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес импортталатын тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару жүргізілген айдан кейінгі айдың 20-күнгі мерзім бойынша жеке шотта есептелген салық сомасын көрсетуі арқылы беріледі.

5. Импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін өзгерту осы бапқа сәйкес импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығын және акциз төлеу жөніндегі салық міндеттемесі орындалған жағдайда салық төлеушіні өзгертілген мерзім шегінде өсімпұлдарды төлеуден босатады.";

12) 108-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"108-1-бап. Жер қойнауын пайдаланушының дербес кластерлік қорға ақша аудару жөніндегі шығыстарын шегеру

Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластеріне қатысушылардың жобаларын қаржыландыру үшін дербес кластерлік қорға ақша аударуға іс жүзінде шеккен шығыстарының сомасын төмендегідей тәртіппен айқындалатын оң айырма мөлшерінде шегерімдерге жатқызуға құқылы:

есепті салық кезеңінің алдындағы салық кезеңінің қорытындылары бойынша келісімшарттық қызмет бойынша жиынтық жылдық кірістің бір пайызынан аспайтын мұндай шығыстардың іс жүзіндегі сомасы,

алу

осы Кодекстің 108-бабына сәйкес шегерімдерге жатқызылған шығыстар.";

13) 133-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жеке тұлға салық төлеушіде кемінде үш жыл жұмыс істеу міндеттемесі туралы шарт жасасқан жағдайда, салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұрмаған жеке тұлғаны оқытуға арналған шығыстарды азайтуға құқығы бар.

Осы тармақшаның мақсатында оқытуға арналған шығыстар:

оқытуға ақы төлеуге іс жүзінде жұмсалған шығыстарды;

уәкілетті орган белгілеген нормалар шегінде тұруға іс жүзінде жұмсалған шығыстарды;

оқитын адамға салық төлеуші айқындаған мөлшерде, бірақ уәкілетті орган белгілеген нормалардан аспайтын ақша сомасын төлеуге арналған шығыстарды;

оқуға түскен кезде оқу орнына баруы және оқу аяқталғаннан кейін қайтуына іс жүзінде жұмсалған шығыстарды қамтиды.

Осы тармақшаның ережелері:

жеке тұлға оқыту шығыстарын жеке тұлғаның оқуы аяқталған салық кезеңін, сондай-ақ кейінгі салық кезеңін қамтитын уақыт кезеңі ішінде толық немесе ішінара өтеген жағдайды қоспағанда, оқыту шығыстары бойынша осы тармақшаның ережелері қолданылған жеке тұлғамен еңбек шарты жеке тұлғаның оқуы аяқталған күннен бастап үш ай ішінде жасалмаған жағдайда қолданылмайды. Мұндай өтеу жағдайында осы тармақшаның ережелері оқыту шығыстарының жеке тұлға өтемеген сомасының мөлшерінде қолданылмайды;

жеке тұлға оқыту шығыстарын еңбек шарты бұзылған салық кезеңін, сондай-ақ кейінгі салық кезеңін қамтитын уақыт кезеңі ішінде толық немесе ішінара өтеген жағдайды қоспағанда, оқыту шығыстары бойынша осы тармақшаның ережелері қолданылған жеке тұлғамен еңбек шарты мұндай тұлғамен еңбек шарты жасалған күннен бастап үш жыл өткенге дейін бұзылған жағдайларда қолданылмайды. Мұндай өтеу жағдайында осы тармақшаның ережелері оқыту шығыстарының жеке тұлға өтемеген сомасының мөлшерінде қолданылмайды;

жер қойнауын пайдаланушы мұндай оқыту шығыстарына қатысты осы Кодекстің 112-бабының ережелерін қолданған жағдайда қолданылмайды.";

14) 192-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның жұмыстардың, қызметтердің іс жүзінде орындалған, көрсетілген жеріне қарамастан, оларды орындаудан, көрсетуден түсетін кірістері, сондай-ақ осы бапта белгіленген өзге де кірістер.

Осы тармақшаның ережелері жеңілдікті салық салынатын мемлекеттің аумағында тіркелген бейрезиденттің осындай мемлекеттің аумағында жеке тұлғаға туристік қызметтер көрсетуінен түсетін кірістеріне қатысты қолданылмайды;"

15) 238-баптың 12-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-1. Шығу туризмі бойынша туроператор қызметтерін көрсету кезінде салық салынатын айналым мөлшері туристік өнімді өткізу құны мен жолаушыларды

сақтандыру, тасымалдау және олардың тұруы, оның ішінде егер тамақтану құны тұру құнына енгізілген болса, тамақтануы бойынша көрсетілетін қызметтердің құны арасындағы айырма ретінде айқындалады.";

16) 255-бапта:

1-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мыналар:

Қазақстан Республикасы Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімінде тіркелген;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде, Қазақстан Республикасы Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімінде тіркелмеген кез келген нысандағы дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника импорты қосылған құн салығынан босатылады.

Осы тармақшада көрсетілген тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;"

17) 256-баптың 2-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) осы тармақшаның ережелерін ескере отырып, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органының құрылымдық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша жазып берген мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығару құжатында көрсетілген салық сомасы осы баптың 1-тармағына сәйкес есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы болып табылады.

Мұндай құжатта:

өткізілуі бойынша айналымдары салық салынбайтын айналымдарға жататын тауарлар бойынша "ҚҚС-сыз" деген белгі көрсетіледі;

қалған тауарлар бойынша мемлекеттік материалдық резервке осы тауарларды жеткізген кезде төленген салық сомасының шегінде және шығарылатын тауарлардың құнына оларды шығару күні қолданыста болатын мөлшерлеме бойынша қосылған құн салығының сомасы кіргені айқындалса, қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;"

18) 270-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Кодекстің 256-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында көзделген жағдайларда, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі өзіне мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығаруға жазып берілген құжаттар тізілімін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша табыс етеді.";

19) 271-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында кедендік төлемдерді төлеу үшін айқындалатын күні төленеді.

Бұл ретте ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту осы Кодекстің 51-3-бабына сәйкес жүргізіледі.";

20) 280-баптың 4-тармағының 2-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Кодекстің 279-бабының 5) тармақшасында көрсетілген акцизделетін тауарларға акциз мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

21) 282-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Алыс-беріс шикізатын өндеудің белгіленген мерзімінен асып кеткен жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мөлшерлемелер бойынша шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкес өндеу өнімінің болжалды көлемі акциз салу объектісі болып табылады.";

22) 298-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына импортталуы акциздерді төлемей жүзеге асырылған акцизделетін тауарлар, оларға байланысты төлеуден босату немесе төлеудің өзге де тәртібі ұсынылғандардан өзге мақсаттарға пайдаланылған жағдайда, осы акцизделетін тауарларға осы Кодекстің 280, 297-баптарында және Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен белгіленген тәртіппен және акциздердің мөлшерлемелері бойынша акциздер салуға жатады.";

23) 457-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың қызметінің тоқтатылуын тіркеу кезінде";

24) 556-баптың 7-тармағы және 557-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын;

25) 581-бапта:

бірінші бөліктің 12) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"туындаған күнінен бастап төрт ай бойы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10000 еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде өтелмеген салық берешегі бар заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның";

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақшада көзделген мәліметтер, жетінші абзацты қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша табыс етіледі.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігінің 5), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген есептер мен мәліметтер ақпараттық-коммуникациялық желі арқылы беріледі.

Техникалық проблемаларға байланысты оларды ақпараттық-коммуникациялық желі арқылы беру мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген есептер мен мәліметтер қағаз жеткізгіште жіберіледі.";

26) 588-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"салық төлеуші (салық агенті) – салық есептілігінде, тауарлар декларациясында;"

27) 590-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шоттарындағы салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың есептелген, кемітілген сомаларын есепке алу салық есептілігі, тауарлар декларациясы деректерінің, уәкілетті мемлекеттік органдар мәліметтерінің негізінде жүргізіледі.";

28) 598-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Заңды тұлға таратылған немесе шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) қызметін тоқтатқан жағдайда, мұндай тұлғада және (немесе) филиалда (өкілдікте) берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер осы Кодекстің 37, 37-1 және 37-2-баптарында белгіленген шарттар сақталған кезде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде беріледі.";

29) 609-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мынадай:

салық төлеушінің (салық агентінің) – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің, дара кәсіпкердің, жекеше нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың және кәсіби медиатордың мүлікке;

салық төлеушінің мүлікке, оның ішінде ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындамаған кезде импортталатын тауарға билік етуін шектеу тәсілдерімен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Бұл ретте осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген, мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу жөніндегі орындалмаған салық міндеттемесіне қатысты қолданылмайды.";

30) 613-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) салық төлеуші төлеу мерзімі осы Кодекстің 51-3-бабына сәйкес өзгертілген, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындамаған

жағдайларда жүргізеді. Бұл ретте шектеу осы Кодекстің 607-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген салық берешегін өтеу туралы хабарлама жібермей-ақ жүргізіледі.";

2-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "болып табылатын мүлкіне қатысты жүргізеді." деген сөздер "болып табылатын;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда – осы салық төлеушінің меншік немесе шаруашылық жүргізу құқығында тиесілі, сондай-ақ балансында тұрған мүлкіне және (немесе) импортталатын тауарға қатысты жүргізеді.";

3-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "өсімпұлдарының сомасына қабылдайды." деген сөздер "өсімпұлдарының;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген

жағдайда – мұндай шешім шығарылған күнге салық төлеушінің жеке шотында бар деректер бойынша импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша салық берешегінің сомасына қабылдайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, осы баптың

3-тармағында көрсетілген шешім салық төлеушіге (салық агентіне) тапсырылған күннен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мүлік тізімдемесінің актісін жасау арқылы салық төлеушінің (салық агентінің) қатысуымен билік етуі шектелген мүлікке тізімдеме жүргізеді.

Билік етуі шектелген мүлік тізімдемесі салық төлеушінің (салық агентінің) бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде айқындалатын баланстық құны немесе нарықтық құны мүлік тізімдемесінің актісінде көрсетіле отырып жүргізіледі. Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған құн нарықтық құн болып табылады.

Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, егер импортталатын тауарлар тізімдемеге алуға жатқызылатын болса, онда тізімдеме актісі салық төлеушінің не Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес салық төлеушінің атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін декларанттың қатысуымен импортталған тауарды кедендік тазарту жүргізген күні жасалады.

Билік етуі шектелген импортталатын тауар тізімдемесі Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалған импортталатын тауардың кедендік құны тізімдемесінің актісінде көрсетіле отырып жүргізіледі.";

31) 614-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша салық берешегіне қатысты қолданылмайды.";

32) 616-баптың 6-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) салық төлеушінің (салық агентінің) және оның дебиторының заңдық деректемелері, мөрі (ол болған кезде) және қолтаңбалары;"

33) 627-бапта:

9-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ішінара тексерулер – салық органдары салық есептілігін, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты тағайындайтын салықтық тексерулер;"

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Құжаттық тексеруге жататын кезең осы Кодекстің 46-бабына сәйкес белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімінен аспауға тиіс.

Тексерілетін кезеңді айқындау кезінде салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің жекелеген түрлері бойынша кешенді тексеру, тақырыптық тексеру тағайындалған жағдайда салықтар бойынша аудит қамтыған салық кезеңі енгізілмейді.

Осы тармақтың екінші бөлігінің ережесі осы баптың 5-тармағы

2) тармақшасының үшінші – жиырма үшінші абзацтарында, 9-тармағы бірінші бөлігі 2) тармақшасының үшінші, алтыншы, сегізінші,

он бірінші – отыз бірінші абзацтарында көрсетілген салықтық тексерулерге, сондай-ақ мониторингке жататын ірі салық төлеушілерге, жер қойнауын пайдаланушыларға, акцизделетін өнімнің, биоотынның жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымы жөніндегі қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілерге қатысты қолданылмайды.";

34) 631-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Салық органдары, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе:

1) резидент заңды тұлғаның, бейрезидент заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің бөліну жолымен қайта ұйымдастырылуына немесе таратылуына;

2) бейрезидент заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын қызметін тоқтатуына;

3) дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор қызметінің тоқтатылуына;

4) салық төлеушінің салықтық өтініші негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылуына байланысты жүзеге асырылатын салықтық тексерулерді қоспағанда, ішінара кешенді және (немесе) ішінара тақырыптық тексеру жүргізу

басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын, салық төлеушіге (салық агентіне) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықтық тексеру жүргізу туралы хабарлама жібереді немесе тапсырады.";

"3. Салық төлеуші (салық агенті) тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша болмаған жағдайда, ішінара кешенді және (немесе) ішінара тақырыптық тексеру хабарландырусыз жүзеге асырылады."

10. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

21-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау";
мынадай мазмұндағы 21-1 және 62-1-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"21-1-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсаттар және хабарламалар";

"62-1-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит";

2) 1-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 84-1), 94-1) және 94-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"84-1) өнім қауіпсіздігінің мониторингі – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, гигиеналық нормативтер мен техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді анықтауға, әкелінуінің, өндірілуінің, қолданылуының және өткізілуінің алдын алуға және жолын кесуге бағытталған іс-шаралар жүйесі";

"94-1) санитариялық-эпидемиологиялық аудит – мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын эпидемиялық маңызы бар объектілерді санитариялық-эпидемиологиялық тәуекелдерді анықтау мен бағалау және

көрсетілген объектілерді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келтіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу тұрғысынан тексеру;

94-2) санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды – мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, гигиеналық нормативтерге және (немесе) техникалық регламенттерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжат;"

121) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"121) эпидемиялық маңызы бар объектілер – Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптары бұзылған кезде өндіретін өнімі және (немесе) қызметі халық арасында тамақтан уланудың және (немесе) инфекциялық, паразиттік аурулардың пайда болуына әкеп соғуы және (немесе) өнеркәсіптік және радиоактивті ластанудан халық денсаулығына зиян келтіруі мүмкін объектілер;"

3) 7-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 57-1) тармақшамен толықтырылсын:

"57-1) эпидемиялық маңызы бар объектілер құрылысының көрсетілген жобалары бойынша мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу арқылы жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салуға немесе бұрыннан барын реконструкциялауға (кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту) және күрделі жөндеуге арналған жобалардың (техникалық-экономикалық негіздемелердің және жобалау-сметалық құжаттаманың) ведомстводан тыс кешенді сараптамасына қатысуды, салалық сараптама қорытындысын ресімдеу мен беруді қамтамасыз ету;"

61) және 72) тармақшалар алып тасталсын;

4) 19-бапта:

5-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген критерийлерден басқа, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын объектілердің тәуекелдер дәрежесін бағалау кезінде тексерілетін субъектінің тікелей қызметіне байланысты мынадай сапалық көрсеткіштердің жиынтығы ескеріледі:

алдыңғы тексерулердің нәтижелері;

өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында бастамашылық аудит жүргізу."

5) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау

1. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге, сондай-ақ халықтың денсаулығы мен мекендеу ортасын және өнімнің, процестердің, көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін сақтау мақсатында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, гигиеналық нормативтер мен техникалық регламенттердің сақталуын бақылауға бағытталады.

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында инфекциялық және паразиттік аурулардың енуі мен таралуын санитариялық-карантиндік бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мен аумағын санитариялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

3. Жеке және заңды тұлғалар, ғимараттар, құрылыстар, өнім, жабдық, көлік құралдары, топырақ, су, ауа, тамақ өнімдері және қызметі, пайдаланылуы, тұтынылуы, қолданылуы мен іске қосылуы адамның денсаулық жағдайы мен қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін өзге де объектілер мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау объектілері болып табылады.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау объектілері (эпидемиялық маңызы бар объектілер) екі топқа бөлінеді:

- 1) эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер;
- 2) эпидемиялық маңыздылығы болмашы объектілер.

Эпидемиялық маңызы бар объектілерді топтарға бөлу тәуекелдерді бағалау жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын өнім мен эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізбесін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген топтар бойынша бөле отырып, өз құзыреті шегінде кәсіпкерлік жөніндегі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша бекітеді.

4. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге қатысты тексерулер "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәуекелдерді бағалау жүйесіне негізделген мерзімділікпен ерекше тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәуекелдерді басқаруды бағалау жүйесіне сәйкес ерекше тәртіппен жүргізілетін тексерулерден босатылады.

Эпидемиялық маңыздылығы болмашы объектілерге қатысты жоспардан тыс тексерулер ғана жүргізіледі.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың өзге де нысандары, мынадай:

1) егер бару объектінің (субъектінің) орналасқан жеріндегі құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органды барғанға дейін бір тәулік бұрын міндетті түрде хабардар ете отырып, рұқсат беру құжаттарын алумен байланысты болған;

2) жеке тұлғалардың инфекциялық және паразиттік

аурулары, тамақтан улануы (үйдегі ауру ошағы) жағдайларында, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу үшін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау жүргізу кезіндегі;

3) егер бару өнім қауіпсіздігінің мониторингін жүзеге асыру үшін өнімді іріктеумен байланысты болған жағдайларды қоспағанда, бақылау объектілеріне (субъектілеріне) барусыз қажеттілік және жеткіліктілік қағидатына сәйкес жүргізіледі.

5. Өнім қауіпсіздігінің мониторингі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың өзге нысаны болып табылады және:

1) камералдық бақылау жүргізу;

2) өнімді іріктеу және оған санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

6. Камералдық бақылау сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар туралы, өнімге сынақ жүргізуге, оның сәйкестігін растауға немесе өнім сәйкестігі туралы декларацияны тіркеуге, сәйкестікті растау нәтижелерін тануға жүгінген өтініш берушілер туралы, сынақ нәтижелері туралы, сондай-ақ кеден органдары, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламатталығы саласындағы мемлекеттік органға табыс ететін өнімдер сәйкестігінің дәлелдемелері ретінде табыс еткен өзге де құжаттарда қамтылған мәліметтерді зерттеу мен талдау негізінде жүзеге асырылады.

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар, сәйкестікті растау жөніндегі органдар, сынақ зертханалары (орталықтар), өнімнің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін декларациялайтын жеке кәсіпкерлік субъектілері камералдық бақылау объектілері болып табылады.

Камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтердің тізбесін, сондай-ақ кеден органдарының, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның,

сәйкестікті растау жөніндегі органдардың және сынақ зертханаларының (орталықтардың) оларды табыс ету тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайды.

7. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар туралы, олар әкелетін өнім және әкелінетін өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі құжаттар туралы мәліметтерді кеден органдары табыс етеді.

Өнімге сынақ жүргізуге, оның сәйкестігін растауға немесе өнім сәйкестігі туралы декларацияны тіркеуге, сәйкестікті растау нәтижелерін тануға жүгінген өтініш берушілер туралы, сынақ нәтижелері, сондай-ақ өнім сәйкестігінің дәлелдемелері ретінде табыс етілген өзге де құжаттарда қамтылған мәліметтерді техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган, сәйкестікті растау жөніндегі органдар және сынақ зертханалары (орталықтар) табыс етеді.

8. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, гигиеналық нормативтер мен техникалық регламенттер талаптарының бұзылуы анықталған кезде, оның ішінде әкелінген өнім мен әкелінген өнімге сәйкестікті растау жөнінде берілген, тіркелген, танылған құжаттар арасындағы мәліметтерді салыстырып талдау негізінде камералдық бақылау субъектілеріне қатысты мынадай шараларды қолданады:

1) сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың және Қазақстан Республикасының аумағына өнімді әкелумен және (немесе) өткізумен айналысатын, өнімнің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін декларациялайтын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің атына халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, гигиеналық нормативтер мен техникалық регламенттердің талаптарын бұзушылықты жою тәртібін міндетті түрде түсіндіре отырып, оны жою туралы нұсқама жібереді;

2) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның атына Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылу фактілерін көрсете отырып, ақпарат жібереді.

9. Өнімді іріктеу және оған санитариялық-эпидемиологиялық сараптама халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, гигиеналық нормативтер мен техникалық регламенттердің талаптарын бұзушылықтарды анықтау және олардың алдын алу үшін жүргізіледі.

Санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы жүргізу үшін өнімді іріктеуді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның лауазымды адамдары жүргізеді және ол өнімді сатып алу фактісін растайтын құжатпен куәландырылады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін өнім анықталған кезде осы баптың 8-тармағында көрсетілген шараларды қолданады.

10. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, гигиеналық нормативтер мен техникалық регламенттердің талаптарын бұзушылықты жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылауды "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде жүзеге асырады.

11. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері мен оның орынбасарлары, тиісті аумақтардағы және көліктегі бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлер, олардың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның басшысы айқындайтын орынбасарлары;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның басшылары, олардың орынбасарлары мен мамандары;

3) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның тиісті аумақтардағы және көліктегі аумақтық бөлімшелерінің басшылары, олардың орынбасарлары мен мамандары;

4) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен мамандары осы Кодекске сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары болып табылады.

12. Осы Кодекске сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының:

1) халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімді:

санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеген;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган беретін, қауіпсіздікті куәландыратын құжат болмаған;

санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болмаған (мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға жататын объектіні, көлік құралын пайдалану немесе қолдану кезінде);

жалған өнім анықталған;

жарамдылық және (немесе) сақтау мерзімі белгіленбеген, жарамдылық және (немесе) сақтау мерзімі өткен;

жәндіктер, кеміргіштер және олардың сол өнімде болған іздері анықталған;

инфекциялық аурулардың немесе жаппай инфекциялық емес аурулар мен уланулардың пайда болу және таралу қаупі төнгенде, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың нәтижелері бойынша ол халықтың денсаулығы мен мекендеу ортасы үшін қауіпті деп танылған кезде Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, қолдануға және өткізуге тыйым салуға;

2) халықтың пайдалануына, қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалануға, қолдануға арналған өнімді:

өндіріс объектілері мен технологиялары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеген;

өндіріс объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болмаған;

өнімдерді өндірудің технологиялық процесін сақтау үшін қажетті өндірістік және технологиялық жабдық, аппаратура, мүкәммал болмаған;

халық үшін қауіп төндіретін, өндіріске алғаш рет енгізілетін және бұрын пайдаланылмаған заттар мен олардың негізінде дайындалатын материалдар мен препараттардың мемлекеттік тіркеуі болмаған;

жаңа өнімге, технологияға, жабдыққа санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болмаған;

тыйым салынған тағамдық қоспалар, ингредиенттер мен шикізаттар пайдаланылған;

инфекциялық аурулардың немесе жаппай инфекциялық емес аурулар мен уланулардың пайда болу және таралу қаупі төнген;

мал шаруашылығы өнімін өндіру объектісінде ветеринариялық-санитариялық қорытынды болмаған кезде өндіруге тыйым салуға;

3) балалар тағамы өнімдерін, тамаққа тағамдық және биологиялық активті қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, химиялық заттарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнім мен заттың жекелеген түрлерін қолдануға тыйым салуға немесе қолдануды тоқтата тұруға;

4) Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарына шақыртуға;

5) халықтың декреттелген топтарына жататын, инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын, сондай-ақ міндетті медициналық қарап-тексеруден уақтылы өтпеген адамдарды зертханалық зерттеу нәтижесін және толық санация мен міндетті медициналық

қарап-тексеруден өткенін растайтын маман қорытындысын алғанға дейін жұмыстан уақытша шеттету туралы қаулылар шығаруға;

6) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жекелеген объектілерде шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин белгілеуге;

7) инфекциялық және паразиттік ауруларды таратудың ықтимал көздері болып табылатын, сондай-ақ инфекциялық науқастармен араласып жүрген адамдарды толық санацияны растайтын зертханалық зерттеп-қарау нәтижелері алынғанға дейін жұмыстан шеттете отырып, медициналық зерттеп-қарауға жіберуге;

8) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын адамдарды көрсетімдер бойынша ауруханаға жатқызуға жіберуге;

9) халыққа міндетті түрде вакцина егуді, үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, инфекциялық және паразиттік аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция мен дератизация жүргізуді талап етуге;

10) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және гигиеналық нормативтерді бұзушылықтар жойылғанға дейін жекелеген жұмыс түрлерін, жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан немесе реконструкцияланып жатқан объектілерді пайдалануды Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес тоқтата тұруға;

11) адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті деп танылған жағдайда шикізаттың, өнімнің, химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың, тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салуға;

12) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін сараптама объектісінің қоршаған орта мен халық денсаулығына әсерін бағалауды зерделеуге қажетті материалдарды сұратуға, сондай-ақ осы өнімнің құнын өтеместен, сараптама жүргізуге жеткілікті және оған қажетті көлемнен аспайтын мөлшерде өнімнің сынамасын алуға және үлгілерін іріктеуді жүргізуге;

13) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы мәселелерін қозғайтын құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасына сәйкес келтіру туралы талап қоюға;

14) Қазақстан Республикасының аумағында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы радиациялық бақылауды жүзеге асыруға;

15) санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеуге және олардың көлемдерін өзгертуге;

16) дезинфекция, дезинсекция, дератизация құралдарының және тамаққа биологиялық активті қоспалардың енгізілуі мен практикада қолданылуын бақылауға;

17) жеке және заңды тұлғалар заңды талаптарды немесе санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары берген нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгінуге;

18) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық қызметке берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға;

19) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган белгілейтін жағдайларды қоспағанда, йодталмаған тұзды өткізуге тыйым салуға;

20) халықтың инфекциялық және паразиттік аурулары, уланулары кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарын тартуға құқығы бар.

13. Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарына қарай мынадай актілер шығарады:

1) санитариялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау актісі – мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адам объектінің Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша беретін құжат;

2) Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама;

3) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдарының басшыларына тәртіптік жаза қолдану туралы қаулысы;

4) бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлердің:
санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу;

жеке тұлғаларды жұмыстан уақытша шеттетуге;

халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімді әкелуге, өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған жағдайда шикізаттың, өнімнің, химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың, тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру туралы қаулылары.

14. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдарының басшылары лауазымына санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі жоғары медициналық білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары тағайындалады.";

6) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

"21-1-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсаттар және хабарламалар

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мынадай рұқсат беру құжаттарын беруді жүзеге асырады:

1) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын, эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салу, реконструкциялау және кеңейту жобаларына, қалалық және ауылдық елді мекендердің құрылыс салу бас жоспарларының, курорттық аймақтар жобаларына және егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды;

2) эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды;

3) тамақ өнімінің жарамдылық мерзімдерін және оны сақтау шарттарын келісу туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды;

4) балалар тағамы өнімдерін, тамаққа тағамдық және биологиялық активті қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, бояғыштарды, дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау құралдарын, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, химиялық заттарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнім мен заттың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәлік;

5) тамақ өнімін өндіру (дайындау) объектісіне есептік нөмір беру;

6) патогендіктің I-IV тобындағы микроорганизмдермен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсат;

7) тиісті біліктілік санатын бере отырып, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман сертификаты.

2. Объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысыз эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді пайдалануға тыйым салынады.

3. Эпидемиялық маңыздылығы болмашы объектілердің қызметі (пайдаланылуы) объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алынбай жүзеге асырылады.

Жеке және заңды тұлғалар "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен эпидемиялық маңыздылығы болмашы объект қызметі (пайдаланылуы) басталғаны және тоқтатылғаны туралы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органды хабардар етуге міндетті.

Бұл ретте жеке және заңды тұлғалар эпидемиялық маңыздылығы болмашы объектілердің қызметі (пайдаланылуы) басталғанға дейін объектіні халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.";

7) 62-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдары өз құзыреттері шегінде санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, кеден органдарының лауазымды адамдарының қаулылары немесе нұсқамалары мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді.

Эпидемиялық маңызы бар объектілерді салу жобалары бойынша санитариялық-эпидемиологиялық сараптама Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ведомстводан тыс кешенді сараптама құрамында жүргізіледі.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Эпидемиялық маңызы бар объектілерді салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемелердің немесе жобалау-сметалық құжаттаманың материалдарын қабылдау тәртібі, олардың толымдылығы, сондай-ақ объектілер салудың көрсетілген жобалары бойынша санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы қаржыландыру тәртібі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары тексерулер және (немесе) бақылаудың өзге де нысандары және (немесе) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде:

1) пайдаланылып отырған өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерге;

2) эпидемиялық маңызы бар объектілерді орналастыруға, эпидемиялық маңызы бар жаңа объектілерді салуға немесе бұрыннан барын реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға) және күрделі жөндеуге арналған жобалау-сметалық құжаттамаға, аумақтарды дамытудың және оларға құрылыс салудың қала құрылысын жоспарлау жобаларына;

3) қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарына және санитариялық-қорғаныш аймақтарға, шикізатқа және өнімге зиянды заттардың және физикалық факторлардың рұқсат етілетін шекті шығарындылары мен рұқсат етілетін шекті төгінділері жөніндегі нормативтік құжаттама жобаларына;

4) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын өнімге, оның ішінде тамақ өнімінің жарамдылық мерзімдерін және оны сақтау шарттарын келісуге;

5) топыраққа, су қоймаларына және атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, токсикологиялық, радиологиялық жүктеме жөніндегі материалдарға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды береді.

9. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың негізінде санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беріледі.

Ведомстводан тыс кешенді сараптама барысында эпидемиялық маңызы бар объектілерді салу жобалары бойынша жүргізілген санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша салалық санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беріледі, оның түйіндері объектілерді салу жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының жиынтық қорытындысына енгізіледі.";

8) мынадай мазмұндағы 62-1-баппен толықтырылсын:

"62-1-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит

1. Санитариялық-эпидемиологиялық аудитті аудитор жүргізеді.

2. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын объектілер иелерінің (бұдан әрі – өтініш беруші) өтініштері бойынша, өтініш беруші мен аудитордың арасында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалатын санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізуге арналған шартта көзделген санитариялық-эпидемиологиялық аудиттің нақты міндеттері, мерзімдері мен көлемдері ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит нәтижелері мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын эпидемиялық маңызы бар объектілердің тәуекел дәрежесін айқындауға ықпал етеді.

Санитариялық-эпидемиологиялық аудиттің оң нәтижелері эпидемиялық маңызы бар объектілерді ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулерден босату үшін негіз болып табылады.

4. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу үшін жеке және заңды тұлғалар мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) жеке тұлғалар үшін:

санитариялық-гигиеналық бейіндегі жоғары медициналық білімінің болуы;

тиісті мамандық бойынша немесе жалпы гигиена дәрігері мамандығы бойынша санитариялық-гигиеналық бейіндегі дәрігердің жоғары біліктілік санатының болуы;

2) заңды тұлғалар үшін штатында осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген талаптарға сай келетін білікті персоналдың болуы.

5. Жеке және заңды тұлғалар санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызмет басталғанға дейін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органды бұл жөнінде хабардар етуге міндетті.

6. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит рәсімі бірнеше кезеңнен тұрады және мыналарды:

1) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу туралы өтінішті тіркеуді;

2) өтініш беруші табыс еткен құжаттарды алдын ала талдауды;

3) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізуге шарт жасасуды;

4) санитариялық-эпидемиологиялық аудиттің мақсаттарын белгілеуді;

5) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жоспарын жасауды;

6) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізуді (объектіні тексеру, материалдарды талдамалық өңдеу, салыстырмалы талдау және жоспарланып отырған не жүзеге асырылып жатқан қызметтің санитариялық-эпидемиологиялық қауіптілік дәрежесіне, объектіні іске асыру негіздемелерінің жеткіліктілігі мен анықтығына бағалау жүргізу);

7) аудиторлық есепті жасауды және оны өтініш берушіге табыс етуді қамтиды.

7. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу үшін өтініш беруші қаржыландыруды қамтамасыз етеді және осы баптың 8-тармағында белгіленген тәртіппен қажетті құжаттаманы табыс етеді.

8. Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу үшін өтініш беруші аудиторға мынадай құжаттарды табыс етеді:

1) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізуге өтініш;

2) санитариялық-эпидемиологиялық аудитке жататын объектіге қатысты материалдар (мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының соңғы жылдағы зерттеп-қарау актілері (олар болмаған кезде соңғылары), халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның басшысы бекіткен, эпидемиялық маңызы бар объектінің тәуекел дәрежесін айқындау нысаны, объектінің санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды);

3) болған кезде, шаруашылық жүргізуші субъектінің менеджмент жүйесі жөніндегі құжаттама және санитариялық-эпидемиологиялық аудит бойынша алдыңғы қорытындылар;

4) объектіні бағалау үшін қажетті өзге де материалдар.

9. Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізілген аудиторлар жыл сайын есепті жылдың он бесінші қазанына қарай халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға жүргізілген санитариялық-эпидемиологиялық аудит туралы ақпаратты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша табыс етуге міндетті.

10. Жоспарға сәйкес жүргізілген санитариялық-эпидемиологиялық аудит нәтижелері бойынша объектінің санитариялық қағидаларға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы аудиторлық есеп санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу тәртібімен белгіленген нысан бойынша жасалады.

11. Эпидемиялық маңызы бар объектілердің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері және санитариялық-эпидемиялық тәуекелдер критерийлерін есептеу санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу тәртібімен айқындалады.

Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітеді.

12. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит нәтижелері аудиторлық есепті дайындау кезінде мынадай жағдайларға жол берілген:

1) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу рәсімдері бұзылған;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің талаптары орындалмаған немесе бұрмаланған

3) азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаға құқықтары, халықтың басқа да санитариялық-эпидемиологиялық құқықтары мен мүдделері, санитариялық-эпидемиологиялық процеске қатысушылардың құқықтары бұзылған;

4) санитариялық-эпидемиологиялық аудитке қатысатын тараптардың құқықтарын бұзатын өзге де жағдайларда жарамсыз деп танылады.

13. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын аудиторлар:

1) аудитті кешенді, объективті, сапалы жүргізуді қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;

3) санитариялық-эпидемиологиялық аудитті мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау құжаттарының, нормативтік техникалық құжаттардың негізінде жүргізуге;

4) санитариялық-эпидемиологиялық аудитті жүргізудің шарт талаптарында көзделгендей белгіленген мерзімдері мен тәртібін сақтауға міндетті.";

9) 145-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"145-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың негізін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын объектілер мен өнімдерге белгіленетін санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтер құрайды.

2. Санитариялық қағидалар мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді және мыналарға:

- 1) объект салынатын жер учаскесін таңдауға;
- 2) объектілерді жобалауға, салуға, реконструкциялауға, жөндеуге және пайдалануға беруге;
- 3) өндірістік, қоғамдық, тұрғын үй және басқа да үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, көлік құралдарын күтіп-ұстау мен пайдалануға;
- 4) объектілерді сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, кондиционерлеуге;
- 5) шикізатты қабылдауға, сақтауға, қайта өңдеуге (өңдеуге);
- 6) тамақ өнімін өндіру, өлшеп-орау, тасымалдау, сақтау, өткізу, кәдеге жарату және жою шарттарына;
- 7) тағамдық ас тұзын йодтауға және тамақ өнімдерін байытуға (фортификациялауға);
- 8) медициналық иммундық-биологиялық препараттарды өндіру, өлшеп-орау, тасымалдау, сақтау, өткізу, кәдеге жарату және жою шарттарына;
- 9) ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды (оның ішінде уытты, радиоактивті, биологиялық және химиялық заттарды, улар мен улы заттарды, биологиялық және микробиологиялық организмдер мен олардың уыттарын, биологиялық заттар мен материалдарды) қолдану мен пайдалануға, кәдеге жаратуға, тасымалдауға, сақтауға, көмуге және олармен жұмыс істеу шарттарына;
- 10) адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздерімен жұмыс істеу шарттарына;
- 11) дәрілік заттарды өнеркәсіптік өндіру шарттарына;
- 12) өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерге;
- 13) шаруашылық-тұрмыстық және гигиеналық мақсаттағы тауарларға және оларды өндіру технологияларына;
- 14) халықтың әртүрлі топтарын тәрбиелеу, оқыту, олардың өмір сүруі және өндірістік практикасы, дене бітімінің дамуы, еңбек етуі, демалуы, тамақтануы, сумен жабдыкталуы мен медициналық қызмет көрсетілуі шарттарына;

15) білім беру ұйымдарындағы оқу-еңбек жүктемесіне және сабақ режиміне;

16) медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерилизациялау мен дезинфекциялауды жүргізу шарттарына;

17) халықтың бейімделген (балалар тағамы, диеталық емдік және диеталық профилактикалық), емдеу-профилактикалық, қоғамдық тамақтануын ұйымдастыруға;

18) су көздеріне (шаруашылық-ауызсу мақсаттары үшін су жинау орындарына), шаруашылық-ауызсумен жабдықтауға және

мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне;

19) өндіріс пен тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге;

20) дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау құралдарын, жабдықтарды, материалдарды әзірлеуді, сынауды, дайындауды, өндіруді, сақтауды, тасымалдауды, өткізуді, қолдануды, дезинфекция қызметі объектілерін күтіп-ұстау мен пайдалануды,

сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тиімділігін және қауіпсіздігін бақылауды қамтитын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға;

21) жолаушыларды тасымалдау шарттарына;

22) объектілерді жоюға, консервациялауға, қайта бейіндеуге;

23) өндірістік бақылауды жүзеге асыруға;

24) еңбек, тұрмыстық қызмет көрсету, медициналық қамтамасыз ету, бейімделген диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақтану шарттарына;

25) халықты гигиеналық тәрбиелеуге және оқытуға;

26) санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағын санитариялық қорғауды жүзеге асыруға, шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізуге, инфекциялық және паразиттік аурулармен ауыратын науқастарға қатысты халықты медициналық қарап-тексеруді, профилактикалық егулерді жүргізуге;

27) санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын талаптардан тұрады.

3. Гигиеналық нормативтер зиянды (химиялық, биологиялық) заттардың рұқсат етілетін шекті концентрацияларының, физикалық әсер етулердің; радиациялық әсер етудің рұқсат етілетін деңгейлерінің нормативтерін белгілейді, оларды сақтау адамға өмірі үшін қолайлы және денсаулығы үшін қауіпсіз тыныс-тіршілігі жағдайларын қамтамасыз етеді.

Гигиеналық нормативтер:

1) жұмыс аймағының микроклиматына, ауа алмасуына, ауасына, өндірістік, тұрғын үй және басқа да үй-жайлардың физикалық факторларына, тұрғын үй құрылысын салу аумағына;

2) өнімнің (тауарлардың) және қоршаған ортаның радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық, паразитологиялық қауіпсіздігіне;

3) қалалық және ауылдық елді мекендердегі, өнеркәсіп ұйымдары аумақтарындағы атмосфералық ауаға;

4) қоршаған ортаға зиянды заттардың физикалық факторларына рұқсат етілетін шекті шығарындылары мен рұқсат етілетін шекті төгінділеріне;

5) өнімнің, технологиялық жабдықтың, процестің жаңа түрлеріне белгіленеді."

11. 2010 жылғы 30 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 13 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде ветеринариялық-санитариялық бақылау және өсімдіктер карантині бойынша бақылау функцияларын мемлекеттік кіріс органдарына беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) бүкіл мәтін бойынша "Кеден одағының комиссиясы", "Кеден одағы комиссиясының" және "Кеден одағының комиссиясына" деген сөздер тиісінше "Комиссия", "Комиссияның" және "Комиссияға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мазмұнында:

63-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"63-бап. Уәкілетті экономикалық оператор куәлігін беру, оның қолданылуын тоқтата тұру және кері қайтарып алу тәртібі";

мынадай мазмұндағы 63-1 және 66-1-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"63-1-бап. Уәкілетті экономикалық оператордың міндеттері";

"66-1-бап. Уәкілетті экономикалық оператордың жауаптылығы";

181 және 182-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"181-бап. Жоғары тұрған кеден органы шешімінің нысаны мен мазмұны

182-бап. Жоғары тұрған кеден органына және (немесе) сотқа шағым берудің салдарлары";

3) 2-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Кеден одағының кеден заңнамасымен реттелмеген бөлікте кедендерді, кеден бекеттерін және бақылау-өткізу пункттерін құру, санатқа бөлу, сыныптау қағидаларын, сондай-ақ оларды жайластыру мен материалдық-техникалық жарақтандырудың тиесілік нормаларын және оларға қойылатын үлгілік талаптарды әзірлейді және бекітеді";

4) 4-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің тұрақты жұмыс істейтін бірыңғай реттеуші органы";

14-тармақша алып тасталсын;

5) 11-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кедендік бақылау аймақтарында кеден органдарының орналасатын жерлерін Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін халықаралық тасымал тауарлары мен көлік құралдарына кедендік бақылауды жүзеге асыру қажеттігін ескере отырып, тауарлар легі көлемін және Қазақстан Республикасы көліктік әлеуетінің даму қарқынын негізге ала отырып, кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Көлік-логистика орталықтарының аумақтарында, егер көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган бекітетін көлік-логистика орталықтарын жайластыру және техникалық жарақтандыру жөніндегі үлгілік талаптарда көзделсе, көлік-логистика орталығы пайдалануға берілгеннен кейін күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде кеден бекеті немесе кедендік операцияларды жүргізетін орын ашылады.";

6) 13-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Халықаралық пошта алмасу орындарындағы және көлік-логистика орталықтарындағы кеден органдарының жұмыс уақыты олардың әкімшіліктерімен, сондай-ақ өзге де бақылаушы органдардың жұмыс уақытымен келістіріледі.";

7) 30-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Кедендік операцияларды жасау кезінде кеден өкілі, мұндай міндетті орындау:

1) тауарлар шығарылғаннан кейін тауарлар орналастырылған кедендік рәсімдердің талаптары мен шарттарын сақтауға;

2) тауарларды пайдалану және (немесе) оларға билік ету бойынша шектеулермен ұштасқан, кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі жеңілдіктерді пайдалана отырып, ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалануға және (немесе) оларға билік етуге, сондай-ақ тауарлар шығарылғаннан кейін орындалуы кедендік баждарды, салықтарды төлеу және есепке жатқызу әдісімен

қосылған құн салығын төлеу бойынша жеңілдіктерді берудің міндетті шарты болып табылатын өзге де шарттарды орындауға;

3) декларанттан не мүдделі тұлғадан алынған, солардың негізінде кедендік декларация берілген көрінеу анық емес (жалған) мәліметтерді және (немесе) қолдан жасалған құжаттарды пайдалануға байланысты жағдайларды қоспағанда, кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі ортақ міндетті кедендік баждарды, салықтарды төлеушімен бірге көтереді.";

8) 62 және 63-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"62-бап. Уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін беру шарттары

1. Мыналар уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін алу шарттары болып табылады:

1) осы тармақшаның екінші бөлігінде белгіленген жағдайды қоспағанда, кедендік баждардың, салықтардың төленуін бас қамтамасыз ету ұсынылатын күнге Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленетін валюталардың нарықтық бағамы бойынша бір миллион еуроға баламалы сомаға кемінде бір жыл мерзімге осы Кодекстің 16-тарауында көзделген тәртіппен осындай қамтамасыз етудің болуы.

Тауарларды өндіру қызметін жүзеге асыратын және (немесе) Комиссияның шешімімен айқындалған критерийлерге сәйкес келген кезде кедендік әкету баждары қолданылмайтын тауарларды экспорттайтын тұлғалар мұндай қамтамасыз ету ұсынылатын күнге Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленетін валюталардың нарықтық бағамы бойынша бір жүз елу мың еуроға баламалы сомаға кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді ұсынады;

2) әрбір жыл үшін тауарларға кемінде он декларациясы болған кезде, уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін алу үшін кеден органына өтініш жасаған күнге дейін үш жыл бойы сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

3) кеден органына өтініш жасалған күнге Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешектің болмауы;

4) кеден органына өтініш жасалған күнге Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес берешектің (бересінің) болмауы;

5) кеден органына өтініш жасалған күнге өтініш берушінің, құрылтайшылардың, акциялардың бақылау пакеті бар акционерлердің 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 209, 214 және 250-баптарына, сондай-ақ 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 234, 236 және 286-баптарына сәйкес жойылмаған сотталғандығы фактілерінің болмауы;

6) кеден органына өтініш жасалған күнге өтініш берушінің бір жыл ішінде 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 404, 405, 409, 410, 411, 412, 413, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 426 – 434, 438 және 438-1-баптарына, сондай-ақ 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан

Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 527, 528, 531 – 535, 537 – 545, 548 – 555 және 558-баптарына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылу фактілерінің болмауы;

7) кедендік операцияларды жасау кезінде кеден органдарына табыс етілген мәліметтерді шаруашылық операцияларын жүргізу туралы мәліметтермен салыстыруға мүмкіндік беретін, тауарларды есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің болуы;

8) өтініш жасалған күнге дейін үш жылдық кезеңді тексеруді қамтитын, заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген валюталардың нарықтық бағамы бойынша кемінде бес жүз мың евроны құрайтын меншікті капиталы және бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігі туралы ақпараты бар аудиторлық есептің және (немесе) аудиторлық есептердің болуы;

9) тиісті құжаттармен расталатын, өндірістік операциялар жүзеге асырылатын, меншік құқығындағы немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе жедел басқару немесе жалдау (қосалқы жалдау) құқығындағы не өзге заңды негіздегі үй-жайлардың, ашық алаңдардың және өзге аумақтардың болуы.

2. Уәкілетті экономикалық оператор мәртебесі берілгеннен кейін бір жыл өткен соң уәкілетті экономикалық оператор мынадай шарттарды сақтаған кезде:

1) әрбір жыл үшін тауарларға кемінде жиырма декларациясы болған кезде, уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізілгені туралы куәлікті алған күннен бастап уәкілетті экономикалық операторға ұсынылатын қосымша арнайы оңайлатуларды алуға кеден ісі саласындағы уәкілетті органға өтініш жасаған күнге дейін сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырған;

2) уәкілетті экономикалық операторға ұсынылатын қосымша арнайы оңайлатуларды алуға кеден ісі саласындағы уәкілетті органға өтініш жасаған күнге бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешегі болмаған;

3) уәкілетті экономикалық операторға ұсынылатын қосымша арнайы оңайлатуларды алуға кеден ісі саласындағы уәкілетті органға өтініш жасаған күнге бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес берешегі (бересі) болмаған;

4) уәкілетті экономикалық оператор куәлігінің қолданылуы осы Кодекстің 63-бабының 4-тармағына сәйкес тоқтатыла тұрған негіздер болмаған;

5) қосымша арнайы оңайлатуларды алуға кеден ісі саласындағы уәкілетті органға өтініш берілген күнге дейін бір жыл ішіндегі кезеңді тексеруді қамтитын, заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген валюталардың нарықтық бағамы бойынша кемінде бес жүз мың евроны құрайтын меншікті капиталы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің Қазақстан

Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігі туралы ақпараты бар аудиторлық есеп және (немесе) аудиторлық есептер болған кезде қосымша арнайы оңайлатуларды алуға кеден ісі саласындағы уәкілетті органға өтініш беруге құқылы.

63-бап. Уәкілетті экономикалық оператор куәлігін беру, оның қолданылуын тоқтата тұру және кері қайтарып алу тәртібі

1. Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізілгені туралы куәлікті алу үшін заңды тұлға кеден ісі саласындағы уәкілетті органға мұндай тұлғаның уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін беру шарттарына сәйкестігін растайтын мәліметтері бар, заңды тұлғаның басшысы қол қойған және мөрмен (ол болған кезде) куәландырылған өтінішті, сондай-ақ мынадай құжаттарды:

1) мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алу мүмкіндігін қоспағанда, құрылтай құжаттарының көшірмелері және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы;

2) нысанын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейтін толтырылған сауалнаманы;

3) кедендік баждар мен салықтардың төленуін бас қамтамасыз етуді растайтын мынадай құжаттардың бірін:

кеден органының ақшаны уақытша орналастыру шотына ақша аудару туралы төлем құжатының көшірмесін;

төлеуші мен кеден органы арасында жасалған мүліктік кепіл шартын және мүлік кепілінің нарықтық құнын бағалау туралы бағалаушының есебін;

банк кепілдігі шартын;

кепілгерлік шартын;

4) аудиторлық есепті;

5) мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алу мүмкіндігін қоспағанда, өндірістік операциялар жүзеге асырылатын үй-жайларға, ашық алаңдарға және өзге де аумақтарға меншік құқығын немесе шаруашылық жүргізу құқығын немесе жедел басқару немесе жалдау (қосалқы жалдау) не өзге заңды негіздегі құқығын растайтын құжаттарды табыс етеді.

2. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды қарау кезінде ондағы мәліметтерді тексереді, сондай-ақ кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне осы Кодекстің 211-бабы 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген талаптарды сақтау тұрғысынан, сондай-ақ өтініш берушінің осы Кодекстің 62-бабы 1-тармағының 2), 7) және 9) тармақшаларында көзделген уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін беру шарттарына сәйкестігіне осы Кодекстің 24-тарауында көзделген көшпелі кедендік тексеру жүргізуді тапсырады.

Өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды қарау, сондай-ақ көшпелі кедендік тексеру жүргізу нәтижелері бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган өтініш және көрсетілген құжаттар тіркелген күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне тұлғаны енгізу туралы куәлік беру не, бас тарту себептерін көрсете отырып, мұндай куәлікті беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне тұлғаны енгізу туралы куәлікті беру туралы шешім, ұсынылатын оңайлатулар көрсетіле отырып, кеден ісі саласындағы уәкілетті орган басшысының (оны алмастыратын адамның) бұйрығымен ресімделеді.

Өтініш беруші өтініште, сауалнамада толық емес немесе анық емес мәліметтерді көрсеткен не осы баптың 1-тармағында көзделген құжаттар болмаған жағдайларда, кеден ісі саласындағы уәкілетті орган өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып, куәлікті беруден бас тарту туралы жазбаша хабарлайды.

3. Уәкілетті экономикалық оператор мәртебесі берілген күннен бастап бір жыл өткеннен кейін заңды тұлға кеден ісі саласындағы уәкілетті органға осы Кодекстің 65-бабының 2-тармағына сәйкес қосымша арнайы оңайлатуларды алуға кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша толтырылған сауалнаманы қоса бере отырып, өтініш беруге құқылы.

Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган қосымша арнайы оңайлатуларды алуға өтінішті қарау кезінде кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне осы Кодекстің 211-бабы 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген талаптарды сақтау тұрғысынан осы Кодекстің 24-тарауында көзделген көшпелі кедендік тексеру жүргізуді тапсырады.

Қосымша арнайы оңайлатуларды ұсыну туралы шешім, ұсынылатын арнайы оңайлатулар көрсетіле отырып, кеден ісі саласындағы уәкілетті орган басшысының (оны алмастыратын адамның) бұйрығымен ресімделеді.

Қосымша арнайы оңайлатуларды алуға өтінішті қарау, сондай-ақ көшпелі кедендік тексеруді жүргізу нәтижелері бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган өтініш тіркелген күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей қосымша арнайы оңайлатуларды ұсыну туралы шешім қабылдайды не, бас тарту себептерін көрсете отырып, қосымша арнайы оңайлатуларды беруден бас тартады.

4. Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәліктің қолданылуы:

1) уәкілетті экономикалық оператор уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру туралы өтініш берген;

2) берешекті төлеген кезге дейін, осы Кодекстің 160-бабының 2-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешек болған;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түпкілікті шешім шығарылғанға дейін, өтініш берушіге, құрылтайшыларға, акциялардың бақылау пакеті бар акционерлерге қатысты 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 209, 214 және 250-баптары бойынша, сондай-ақ 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 234, 236 және 286-баптары бойынша қылмыстық іс қозғау фактілері болған;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түпкілікті шешім шығарылғанға дейін өтініш берушіге қатысты 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 404, 405, 409, 410, 411, 412, 413, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 426 – 434, 438 және 438-1-баптары бойынша, сондай-ақ 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 527, 528, 531 – 535, 537 – 545, 548 – 555 және 558-баптары бойынша әкімшілік іс жүргізуді қозғау фактілері болған;

5) осы Кодекстің 63-1-бабында белгіленген міндеттер орындалмаған кезде тоқтатыла тұрады.

Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы қолданыстағы куәліктің қолданылуы тоқтатыла тұрған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жазбаша хабарлайды.

5. Уәкілетті экономикалық оператор куәлігінің бұрын тоқтатыла тұрған қолданылуы осы куәліктің қолданылуы тоқтатыла тұрған себептердің жойылғанын растайтын құжаттарды ұсына отырып, оның кеден ісі саласындағы уәкілетті органға берген жазбаша өтініші бойынша қайта жаңартылады.

Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәліктің күшін қайта жаңарту туралы шешім жазбаша өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде кеден ісі саласындағы уәкілетті орган басшысының (оны алмастыратын адамның) бұйрығымен ресімделеді және бұйрық қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

6. Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу туралы куәлік:

1) уәкілетті экономикалық оператор өзін уәкілетті экономикалық операторлар тізілімінен алып тастау туралы өтініш берген;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға таратылған;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға қайта ұйымдастырылған;

4) өтініш беруші, құрылтайшылар, акциялардың бақылау пакеті бар акционерлер 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 209, 214

және 250-баптарына, сондай-ақ 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 234, 236 және

286-баптарына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылған;

5) өтініш беруші 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 404, 405, 409, 410, 411, 412, 413, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 426 - 434, 438 және 438-1-баптарына, сондай-ақ 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 527, 528, 531 – 535, 537 – 545, 548 – 555 және 558-баптарына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылған;

6) осы Кодекстің 63-1-бабында көзделген міндеттер орындалмаған кезде кері қайтарылады.";

9) мынадай мазмұндағы 63-1-баппен толықтырылсын:

"63-1-бап. Уәкілетті экономикалық оператордың міндеттері

Уәкілетті экономикалық оператор:

1) уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін беру кезінде қойылған талаптар мен Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға;

2) кеден ісі саласындағы уәкілетті органға уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін алу кезінде өзі мәлімдеген мәліметтердің өзгергені және (немесе) толықтырылғаны туралы мұндай өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды растайтын тиісті құжаттарды ұсыну арқылы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға міндетті.

Осы Кодекстің 62-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген меншікті капиталдың азайғаны туралы ақпарат Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бухгалтерлік баланс түрінде табыс етіледі;

3) кеден органдарының талап етуі бойынша кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында қажетті ақпаратты және есептілікті кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен табыс етуге;

4) кедендік баждарды, салықтарды төлеуді бас қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі аяқталған кезде мұндай мерзім аяқталатын күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей кеден ісі саласындағы уәкілетті органға көрсетілген бас қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы құжаттарды не кедендік баждарды, салықтарды төлеуді жаңа бас қамтамасыз етуді табыс етуге міндетті.";

10) 65-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"65-бап. Уәкілетті экономикалық операторға берілетін арнайы оңайлатулар

1. Уәкілетті экономикалық операторға мынадай арнайы оңайлатулар беріледі:

1) уәкілетті экономикалық оператордың үй-жайларында, ашық алаңдарында және өзге аумақтарында тауарларды уақытша сақтау;

2) кедендік транзит рәсімін жүзеге асыру кезінде кеден органдары кедендік баждар мен салықтардың төленуін қамтамасыз етудің ұсынылуын талап етпейді;

3) кедендік декларацияны беру алдындағы кедендік операцияларды жасаудың және кедендік рәсіммен орналастырудың бірінші кезектегі тәртібі;

4) мерзімдік кедендік декларациялауды жүзеге асыру кезінде кедендік баждар мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету қолданылмайды.

2. Уәкілетті экономикалық операторға мынадай қосымша арнайы оңайлатулар берілуі мүмкін:

1) уәкілетті экономикалық оператордың үй-жайларында, ашық алаңдарында, аумақтарында тауарларды шығаруға байланысты кедендік операциялар жүргізу;

2) осы Кодекстің 298-бабына сәйкес кедендік декларацияны бергенге дейін тауарлар шығару;

3) осы Кодекстің 319-бабының 3-тармағында көзделген тәртіппен уәкілетті экономикалық операторлар үшін кедендік транзит рәсімін қолдану.

3. Осы Кодекстің 62-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті экономикалық оператор мәртебесін беру шарттарына сәйкес келген кезде, тауарларды өндіру қызметін жүзеге асыратын және (немесе) кедендік әкету баждары қолданылмайтын тауарларды экспорттайтын заңды тұлғалар үшін осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген арнайы оңайлатулар ұсынылады.

4. Осы бапта көзделген арнайы оңайлатулар, егер уәкілетті экономикалық оператор осындай арнайы оңайлатуларды қолдану көзделетін тауарлардың декларанты болатын жағдайларда ғана қолданылады.

5. Осы бапта көзделген арнайы оңайлатулар қолданылмайтын тауарлардың тізбесі Комиссияның шешімімен айқындалады.";

11) 6-тарау мынадай мазмұндағы 66-1-баппен толықтырылсын:

"66-1-бап. Уәкілетті экономикалық оператордың жауаптылығы

Уәкілетті экономикалық оператор өзінің міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.";

12) 78-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Тәуекелдерді басқару жүйесі пайдаланыла отырып қабылданған тауарларды сыныптау жөніндегі шешімдерді қайта қарау, егер кеден органы кедендік тексеру барысында:

1) кедендік декларациялау кезінде декларант ұсынған құжаттарда тауарларды дұрыс сыныптамауға ықпал еткен анық емес не толық емес мәліметтер бар екенін анықтаған;

2) тауарлар шығарылғанға дейін кеден органының лауазымды адамының тауарларды дұрыс сыныптамауы фактісін анықтаған жағдайларда тауарлар шығарылғаннан кейін жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда тауарлардың коды өзгертілген кезде, кеден органы қайта қараған, тауарларды сыныптау жөніндегі шешімді қабылдау күні кедендік баждар мен салықтарды төлеудің басталу мерзімі деп есептеледі.

Кеден органының тауарлар шығарылғанға дейін қабылдаған тауарларды сыныптау жөніндегі шешімінің күші тауарлар шығарылғаннан кейін қабылданған, кеден органының тауарларды сыныптау жөніндегі шешімді қабылдау күнінен бастап тоқтатылады.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Декларант сұрау салынатын қосымша құжаттарды осы Кодекстің 297-бабында белгіленген мерзімдерде ұсынбаған кезде, кеден органы тауарларды шығаруды кеден органы есептеген кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүзеге асырады.

Бұл ретте кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету тауарларды сыныптау жөніндегі шешімді қабылдау нәтижелері бойынша қосымша есепке жазылуы мүмкін кедендік баждардың, салықтардың сомасы ретінде осы Кодекстің 16-тарауында айқындалады.

Егер декларант кеден органы сұрау салатын қосымша құжаттарды, мәліметтерді және (немесе) олардың ұсынылмау себептерінің түсініктемесін ұсынбаса не ұсынылған мәліметтер тауарларды сыныптау жөніндегі шешімді қабылдау үшін негіздерді жоймаса, кеден органы өзінде бар ақпараттың негізінде тауарларды сыныптау жөнінде шешім қабылдайды.

Кедендік баждар мен салықтардың төленуін қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тауарлар шығарылған күннен бастап күнтізбелік қырық күн мерзімнен кем болмауға тиіс.

11. Декларант кеден органының тауарларды сыныптау жөніндегі шешімімен келіскен жағдайда, декларант кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді осы Кодекстің 289-бабына сәйкес өзгертуге немесе толықтыруға тиіс.

Декларант Кеден одағының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде кедендік декларацияға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізбеген жағдайда, кедендік декларацияға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуді және төленуге жататын кедендік төлемдер мен салықтарды қайта есептеуді кеден органы жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Кеден органы тауарлар шығарылғаннан кейін қабылдаған тауарларды сыныптау жөніндегі шешім:

1) табыс етілген қосымша құжаттардың негізінде не осы баптың 10-тармағына сәйкес мұндай құжаттар табыс етілмеген кезде – осындай шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей;

2) кедендік тексеру шеңберінде – кедендік тексеру актісімен бір мезгілде декларантқа жіберіледі.";

13) 80-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауарларды сыныптау жөніндегі алдын ала шешімді қабылдау туралы өтініште тауарлардың толық коммерциялық атауы, фирмалық атауы, негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамалары және тауарларды бірдей сыныптауға мүмкіндік беретін өзге де ақпарат қамтылуға тиіс. Қажет болған кезде өтініш берушінің мөрімен (ол болған кезде) куәландырылған бұйымдардың фотосуреттері, суреттері, сызбалары, паспорттары, тауарлардың сынамалары мен үлгілері және осы алдын ала шешімді қабылдау үшін басқа да құжаттар табыс етіледі.";

14) 82-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеден ісі саласындағы уәкілетті органның немесе кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің алдын ала шешімді өзгерту туралы шешімі қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Мынадай:

1) Комиссия жекелеген тауар түрлерін сыныптау жөнінде шешімдер мен түсіндірулерді қабылдаған;

2) кеден ісі саласындағы уәкілетті орган немесе кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері қабылдаған алдын ала шешімдерде жол берілген кателер анықталған жағдайларда, алдын ала шешімді өзгерту туралы шешім қабылданған күн кедендік баждар мен салықтарды төлеу мерзімі деп есептеледі.";

15) 94-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

16) 95-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сертификат жоғалған кезде тауарлар шығарылған елдің не, егер әкету елінде сертификат тауарлар шығарылған елден алынған мәліметтердің негізінде берілсе, әкету елінің уәкілетті органдары немесе ұйымдары берген телнұсқа қабылданады.";

17) 109-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"109-бап. Тауарлардың кедендік құнын бақылау

Тауарлардың кедендік құнын бақылауды кеден органы тауарлар шығарылғанға дейін де, шығарылғаннан кейін де кедендік бақылауды жүргізу шеңберінде жүзеге асырады.

Тауарлар шығарылғанға дейін тауарлардың кедендік құнын бақылау тәуекелдерді басқару жүйесі айқындайтын жағдайларда жүзеге асырылады.

Кеден органы кедендік құны жөнінде шешім қабылдаған тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік құнды бақылау осы Кодекстің 21 және 24-тарауларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Тауарлардың кедендік құнын бақылауды жүзеге асыру тәртібі Комиссияның шешімімен белгіленеді.";

18) 121-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Кедендік төлемдер мен салықтар салудан босатуды ұсыну мақсатында кеден органдары Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарымен бірлескен актілерінде айқындалатын тәртіппен өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.";

19) 131-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кедендік баждарды, салықтарды төлеу мерзімдері осы Кодекстің 78, 82, 130, 253, 258, 270, 298, 315, 318, 331, 332, 341, 354, 365, 378, 387, 394, 404, 456 және 472-баптарында белгіленеді.";

20) 138-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Төлеушілер кедендік баждарды, салықтар мен өсімпұлдарды төлеуді екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүргізеді. Кедендік баждарды, салықтар мен өсімпұлдарды төлеуге арналған төлем құжаттарында төлеуші кеден органы тіркелген жердегі салық органының (бұдан әрі – бенефициар салық органы) деректемелерін көрсетеді.";

9-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тауарларды шығару мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның филиалдары кедендік баждарды, салықтарды бюджетке төлеген кезде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем құжаттары көрсетілген кедендік баждардың, салықтардың бюджетке төленгенін растау болып табылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында реттелмеген кедендік әкету баждары мен өсімпұлдарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындау тәртібі, нысандары, төлеу шарттары, кезі осы Кодексте белгіленеді.";

12-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Кодекстің 131-бабының 5-тармағында көзделген кедендік баждар мен салықтарды төлеу мерзімдері бұзылған кезде, кедендік баждар мен салықтарды есептеу осы Кодекстің 158-бабына сәйкес кедендік баждар мен салықтарды уақтылы төлемегені үшін өсімпұлдар есепке жазыла отырып жүргізіледі.";

21) 142-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кеден органы өтініш берілген күнге кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу бойынша тоқтатылмаған міндеттемелерді көрсете отырып, кедендік төлемдер мен салықтарды есепке алу деректері бойынша кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы анықтаманы жасайды.";

22) 143-бапта:

1-тармақта:

2), 8) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер бұл Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделсе, кедендік баждарды, салықтарды төлеу мерзімдерін өзгерту;"

"8) уәкілетті экономикалық операторлар мәртебесі бар сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың мұндай декларациялауды жүзеге асыруын қоспағанда, мерзімдік кедендік декларациялау;"

"10) кедендік тасымалдаушы және (немесе) кеден өкілі ретінде қызметті жүзеге асыру;"

11) тармақшадағы "жүзеге асыру жағдайларында қамтамасыз етіледі." деген сөздер "жүзеге асыру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12), 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) осы Кодекстің 298-бабына сәйкес кедендік декларацияны бергенге дейін тауарларды шығару;

13) осы Кодекстің 96-бабына сәйкес тауарлар шығарылған елді растайтын құжаттар болмаған не табыс етілген құжаттар тиісті түрде ресімделмеген белгілері анықталған және (немесе) анық емес мәліметтер болған;

14) осы Кодекстің 78-бабының 9-тармағына сәйкес тауарларды сыныптау үшін қосымша құжаттарға сұрау салынған жағдайларда қамтамасыз етіледі.";

23) 144-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру шартын қоспағанда, төлеуші уәкілетті экономикалық операторлар үшін кедендік баждардың, салықтардың төленуін бас қамтамасыз ету ретінде кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету тәсілдерінің кез келгенін таңдауға құқылы.";

24) 147-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті экономикалық операторлар үшін сақтандыру шартымен қамтамасыз етілген кепілгерлік шарты кедендік баждардың, салықтардың төленуін бас қамтамасыз ету ретінде қолданылмайды.";

25) 154-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кедендік баждардың, салықтардың және кедендік алымдардың артық (қате) төленген сомаларының болуын растауды беруден бас тартылған жағдайда, кеден органы осы баптың 3 және 5-тармақтарында көрсетілген қажетті құжаттардың тізбесін санамалай отырып, мұндай бас тартудың себептерін көрсетеді.";

26) 157-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ортақ міндет болған кезде кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өндіріп алу шараларын қолдану кезінде кеден органдары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген ортақ міндет болған кездегі кредитор құқықтарын пайдаланады.

Кеден органдары Кеден одағының кеден заңнамасына және осы Кодекске сәйкес кедендік баждарды, салықтар мен өсімпұлдарды төлеу жөніндегі ортақ міндеті туындаған тұлғаларға қатысты осы баптың 3-тармағында көзделген тәртіппен берешекті өндіріп алу шараларын қолданады.";

27) 159-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кедендік бақылау нәтижелері бойынша кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы хабарлама:

1) төлеушіге көшпелі кедендік тексеру актісі тапсырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей;

2) осы Кодекстің 221-1-бабының 13-тармағына сәйкес кедендік тексеру актісінің көшірмесін тауарлардың шығарылуын жүзеге асырған кеден органы алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей;

3) осы Кодекстің 221-1-бабының 12-тармағына сәйкес камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындау мерзімдері өткен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей;

4) кеден органы төлеушінің жеке шотында кедендік төлемдерді, салықтар мен өсімпұлдарды төлеу бойынша берешекті анықтаған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей төлеушіге жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Декларанттың және кеден өкілінің осы Кодекстің 30-бабында көзделгендей кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша ортақ міндеті болған кезде, кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы хабарламалар декларантқа және кеден өкіліне бір мезгілде шығарылады, бұл жөнінде аталған хабарламаларда көрсетіледі.";

28) 160-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы хабарлама шығарылған кезде төлеуші бұзушылықты жою туралы хабарламаны орындамаған жағдайда, кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы хабарламаны орындау мерзімі мұндай хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен басталады.";

29) 162-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім кеден ісі саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп белгілеген нысан бойынша шығарылады және оны банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым алған күннен бастап күшіне енеді.

Кеден органы мұндай өкімді банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз жеткізгіште немесе

ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша беру арқылы электрондық түрде жібереді . Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы кеден органының өкімі электрондық түрде жіберілген кезде, мұндай өкім Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген форматта қалыптастырылады.";

30) 165-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кеден органы инкассолық өкімді банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз жеткізгіште немесе ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша беру арқылы электрондық түрде жібереді . Инкассолық өкім электрондық түрде жіберілген кезде, мұндай инкассолық өкім Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген форматта қалыптастырылады."

31) 166-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) төлеушінің және оның дебиторының заңды мекенжайлары, мөрлері (ол болған кезде), сондай-ақ қолтаңбалары;"

32) 174-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодексте көзделген ережелерге сәйкес кедендік тексеру нәтижелері бойынша шығарылған берешекті өтеу туралы хабарламаға шағымды (бұдан әрі – шағым) қарауды жоғары тұрған кеден органы жүргізеді.";

33) 175-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шағым жоғары тұрған кеден органына хабарлама тапсырылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде беріледі.

Шағымды тіркеу оны жоғары тұрған кеден органы қабылдаған күні жүзеге асырылады.";

34) 177, 178 және 179-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"177-бап. Шағымды қараудан бас тарту

1. Жоғары тұрған кеден органы:

1) шағым осы Кодекстің 175-бабында белгіленген шағым жасау мерзімі бұзыла отырып берілген;

2) шағымның нысаны мен мазмұны осы Кодекстің 176-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

3) шағымды осы Кодекстің 173-бабының 2-тармағында аталмаған тұлға берген жағдайларда шағымды қараудан бас тартады.

2. Жоғары тұрған кеден органы шағымды берген тұлғаға шағымды қараудан бас тарту туралы шағым тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

3. Жоғары тұрған кеден органының шағымды қараудан бас тартуы тұлғаны осы Кодекстің 175-бабында белгіленген мерзім шегінде шағымды қайта беру құқығынан айырмайды.

178-бап. Шағымды қарау тәртібі

1. Осы баптың 2-тармағында және 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жоғары тұрған кеден органы шағым бойынша, көрсетілген шағым тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей шешім қабылдайды.

2. Шағымды қарау мерзімі осы Кодекстің 180-бабында айқындалған тәртіппен тоқтатыла тұруы мүмкін.

3. Егер кедендік бақылау барысында табыс етілмеген құжаттар шағымға қоса берілген жағдайда, жоғары тұрған кеден органы мұндай құжаттарды қарайды.

4. Жоғары тұрған кеден органы шағымды қарау кезінде:

1) шағым берген тұлғаға және (немесе) кеден органына шағымда жазылған мәселелер бойынша қосымша ақпаратты не түсіндірмелерді жазбаша нысанда беру туралы сауалды жіберуге;

2) мемлекеттік органдарға, сондай-ақ шет мемлекеттердің тиісті органдарына мұндай органдардың құзыретіндегі мәселелер бойынша сауалдар жіберуге;

3) кеден органдарының кедендік бақылауды жүргізуге қатысқан лауазымды адамдарынан туындаған мәселелер бойынша түсіндірмелер сұратуға құқылы.

5. Жоғары тұрған кеден органының шағымды қарау жөніндегі өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде оның қызметіне араласуға және шағымды қарауға қатысы бар лауазымды адамдарға қандай да бір ықпал етуге тыйым салынады.

179-бап. Шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдау

1. Шағымды мәні бойынша қарау аяқталғаннан кейін жоғары тұрған кеден органы жазбаша нысанда шешім қабылдайды және оны шағымды берген тұлғаға жібереді немесе тапсырады. Жоғары тұрған кеден органы берешекті өтеу туралы хабарламаны шығарған кеден органына шағым бойынша шешімнің көшірмесін жібереді.

2. Шағымды қарау қорытындылары бойынша жоғары тұрған кеден органы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) шағым жасалған берешекті өтеу туралы хабарламаны өзгеріссіз, ал шағымды қанағаттандырусыз қалдыру;

2) шағым жасалған берешекті өтеу туралы хабарламаның толық немесе бір бөлігінің күшін жою.

3. Шағым жасалған берешекті өтеу туралы хабарламаның күші толық жойылған жағдайда хабарламаны шығарған кеден органы жоғары тұрған кеден органының шағым бойынша шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде берешекті өтеу туралы хабарламаны кері қайтарып алады.

Шағым жасалған берешекті өтеу туралы хабарламаның бір бөлігінің күші жойылған жағдайда, берешекті өтеу туралы хабарламаны шығарған кеден органы берешекті өтеу туралы хабарламаны кері қайтарып алады, берешекті өтеу туралы жаңа хабарлама

шығарады және оны шағымды берген тұлғаға жоғары тұрған кеден органының шағым бойынша шешімінің көшірмесін алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.";

35) 180-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жоғары тұрған кеден органы шағымды қарау мерзімін тоқтата тұру туралы көрсетілген мерзімді тоқтата тұру себептерін көрсете отырып, шағымды берген тұлғаға жазбаша нысанда хабарлайды.";

36) 181-бапта:

тақырып және бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"181-бап. Жоғары тұрған кеден органы шешімінің нысаны мен мазмұны

Жоғары тұрған кеден органының шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімінде:" ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) шағым жасалатын хабарламаның қысқаша мазмұны;" ;

37) 182-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"182-бап. Жоғары тұрған кеден органына және (немесе) сотқа шағым беру салдарлары

1. Жоғары тұрған кеден органына және (немесе) сотқа шағым беру берешекті өтеу туралы хабарламаның орындалуын тоқтата тұрады.

2. Жоғары тұрған кеден органына шағым берілген кезде берешекті өтеу туралы хабарламаның шағым жасалған бөлігінде орындалуы жоғары тұрған кеден органының жазбаша шешімі шыққанға дейін және осы Кодекстің 180-бабында көрсетілген кезең аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Сотқа шағым берілген жағдайда, берешекті өтеу туралы хабарламаның шағым жасалған бөлігінде орындалуы соттың шешімі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады." ;

38) 186-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде көлік-логистика орталықтарында, сондай-ақ кедендік декларациялау және өзге де кедендік операциялар жүргізу орындарында кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсаттары үшін кеден органдары кедендік бақылау аймақтарын құрады. Уақытша сақтау орындары мен қоймаларының, кедендік және еркін қоймалардың, арнайы экономикалық аймақтардың, бажсыз сауда дүкендерінің аумақтары да кедендік бақылау аймақтары болып табылады.

2. Кедендік бақылау аймақтары кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі немесе кеден басшысының (оны алмастыратын адамның) өткізу пункттерінің, көлік-логистика орталықтарының аумақтарында, кедендік декларациялау және осы Кодексте көзделген, өзге де кедендік операциялар жүргізу орындарында кедендік бақылау аймақтарын құру туралы бұйрығының негізінде құрылады." ;

39) 205-баптың 6-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Актінің екінші данасы тауарларға қатысты өкілеттіктері бар тұлғаға не оның өкіліне бұзушылық анықталған жағдайда немесе оның талап етуі бойынша тапсырылады (жіберіледі).";

40) 220-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Камералдық кедендік тексеру тексерілетін тұлға табыс еткен кедендік декларациялардағы, коммерциялық, көліктік (тасымалдау) және өзге де құжаттардағы мәліметтерді, бақылаушы мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ аталған тұлғалардың қызметі туралы кеден органдарында бар басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау арқылы, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 3-1, 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Камералдық кедендік тексеру жүргізу барысында кеден органы электрондық құжат түрінде берілген кедендік декларацияда мәлімделген құжаттарды ұсыну бойынша талапты тексерілетін тұлғаға жібереді.

Электрондық құжат түрінде берілген кедендік декларацияда мәлімделген құжаттарды табыс ету мерзімі талап тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күнінен аспауға тиіс. Қажет болған кезде, құжаттарды табыс ету мерзімі тексерілетін тұлғаның уәжді сауалы бойынша бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.";

"5. Кеден органдары камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша кедендік декларациядағы бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, тексерілетін тұлғаға оларды өз бетінше жою құқығы беріледі.

6. Хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда, бұзушылықтарды жою туралы хабарламадағы талаптарды орындау, оның ішінде тексерілетін тұлғаның кедендік декларацияны және (немесе) кедендік декларациялардың кедендік құнын түзетуді ұсынуы арқылы, қажет болған кезде кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешек сомаларын өтеу жөніндегі төлем құжатының көшірмесін қоса бере отырып орындау камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою деп танылады.

Хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, тексерілетін тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұндай хабарламаға шағым жасай алады.

7. Камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны осы Кодекстің 221-1-бабының 13-тармағында белгіленген мерзімде орындамау кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап осы Кодекстің 18-

тарауына сәйкес өндіріп алу шараларын қолдана отырып, осы Кодекстің 159-бабына сәйкес кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы хабарлама шығаруға әкеп соғады.";

41) 221-бапта:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Көшпелі кедендік тексеру кедендік бақылаудың өзге де нысандарын қолдану, сондай-ақ камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша, оның ішінде тексерілетін тұлға бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындамаған жағдайда тағайындалуы мүмкін.";

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті экономикалық операторларға қатысты жоспарлы көшпелі кедендік тексерулерді кеден органдары үш жылда бір реттен жиілетпей жүргізеді.";

14-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Хабарламада жоспарлы көшпелі кедендік тексеру мерзімі, күні, жоспарлы көшпелі кедендік тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттардың алдын ала тізбесі (тексерілетін кезеңге қатысы бар құжаттар және есепке алу жазбалары), көшпелі кедендік тексеру жүргізілген кезде тексерілетін тұлғалардың құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.";

17-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Көшпелі кедендік тексеру жүргізу туралы нұсқамаға көшпелі кедендік тексеру мерзімін ұзарту туралы, сондай-ақ оның жүргізілуін тоқтата тұру туралы тиісті жазбалар енгізіледі, тексерілетін тұлға нұсқаманың көшірмесі қоса беріле отырып, бұл жөнінде жазбаша хабардар етіледі.

Тексеретін лауазымды адамдардың құрамы, сондай-ақ көшпелі кедендік тексерудің кезеңі өзгерген жағдайларда, көшпелі кедендік тексеру жүргізу туралы нұсқамаға толықтыру ресімделеді, онда негізгі нұсқаманың нөмірі мен тіркеу күні көрсетіледі.";

42) 221-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"221-1-бап. Кедендік тексеру нәтижелерін ресімдеу және оның нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау

1. Кедендік тексеру нәтижелері:

1) камералдық кедендік тексеру жүргізу кезінде камералдық кедендік тексеру актісімен;

2) көшпелі кедендік тексеру жүргізу кезінде көшпелі кедендік тексеру актісімен ресімделеді.

Кедендік тексеру актілерінің нысандарын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

2. Кедендік тексеру актісінде мынадай мәліметтер көрсетілуге тиіс:

1) кедендік тексеру актісінің тіркеу нөмірі, оның жасалған орны мен күні;

2) тексеру жүргізу орны;

- 3) тексеру жүргізген кеден органының атауы;
 - 4) кедендік тексеру тағайындаудың және (немесе) жүргізудің негізі;
 - 5) кедендік тексеру нысаны (камералдық, жоспарлы көшпелі, жоспардан тыс көшпелі);
 - 6) кеден органының тексеруді жүргізген лауазымды адамдарының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде);
 - 7) тексерілетін адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не тұлғаның толық атауы, тексерілетін тұлғаның орналасқан жері және қызметін іс жүзінде жүзеге асыратын орны туралы мәліметтер, оның сәйкестендіру нөмірлері;
 - 8) тексерілетін тұлғаның банк шоттарының деректемелері;
 - 9) тексерілетін тұлға басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
 - 10) тексерілетін тұлғаның кедендік және қаржылық есептілікті жүргізуге, кеден органдары алатын кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуге жауапты лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
 - 11) кедендік тексеру жүргізуге мамандар ретінде тартылған басқа да бақылаушы органдардың лауазымды адамдарының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), олардың лауазымдары;
 - 12) кедендік тексеру басталған және аяқталған күн (кедендік тексеруді жүргізу тоқтатыла тұрған және (немесе) жүргізу мерзімдері ұзартылған жағдайда олардың кезеңдері көрсетіледі);
 - 13) тексерілетін кезең;
 - 14) тексерілген, оның ішінде тексерілетін тұлға табыс еткен құжаттар туралы мәліметтер;
 - 15) кедендік тексеру барысында кедендік бақылаудың өзге де нысандарын пайдалану туралы мәліметтер;
 - 16) алдыңғы тексеру және Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұрын анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы мәліметтер;
 - 17) талаптары бұзылған нормативтік құқықтық актілердің тиісті нормаларына сілтеме жасай отырып, Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұзушылықтарды куәландыратын анықталған фактілердің егжей-тегжейлі сипаттамасы не олардың жоқ екендігі туралы мәліметтер;
 - 18) кедендік тексеру нәтижелері бойынша түйіндер.
3. Камералдық кедендік тексеру актісін жасау кезінде осы баптың 2-тармағының 9), 10), 12) және 13) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер толтырылмайды.
4. Кедендік тексеру нәтижелері бойынша ресімделген, екі данада жасалатын және кедендік тексеруді жүргізген лауазымды адамдар қол қоятын кедендік тексеру актісі жасалған күн кедендік тексеру аяқталған күн деп есептеледі.

Көшпелі кедендік тексеру актісін кедендік тексеруді жүргізген кеден органының басшысы (оны алмастыратын адам) бекітеді.

Кедендік тексеру актісінің бірінші данасы кедендік тексеру материалдарына қоса тігіледі, актінің екінші данасы есеп-қисаптары қоса беріле отырып, кедендік тексеру аяқталған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірілмей тексерілген тұлғаға тапсырылады немесе алғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтілімімен жіберіледі.

5. Егер кедендік тексеру аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, тексеру актісінде тиісті жазба жасалады.

6. Кедендік тексеру актісіне құжаттардың көшірмелері, кеден органының лауазымды адамы жүргізген есеп-қисаптар және кедендік тексеру барысында алынған басқа да материалдар қоса беріледі.

7. Кедендік тексеру актісі арнайы кедендік тексеру актілерін тіркеу журналында тіркеледі, ол нөмірленуге, тігілуге және кеден органының мөрімен бекемделуге тиіс.

8. Тексерілетін тұлға кедендік тексеру нәтижелерімен келіспеген жағдайда, тексеру актісінде тиісті жазба жасалады.

9. Кедендік тексеру жүргізу кезінде Кеден одағының кеден заңнамасын және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу анықталған кезде оның нәтижелері бойынша:

1) камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама;

2) көшпелі кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы талап;

3) кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы хабарлама шығарылады.

Бұзушылықтарды жою туралы хабарлама камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайларда тексерілетін тұлғаға осы Кодекстің 220-бабында көзделген тәртіпке сәйкес камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру үшін ресімделеді.

Бұзушылықтарды жою туралы талап көшпелі кедендік тексеру нәтижелері бойынша кедендік төлемдерді, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерге әсер етпеген бұзушылықтар анықталған жағдайларда шығарылады.

Кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы хабарлама көшпелі кедендік тексеру нәтижелері бойынша кедендік төлемдерді, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерге әсер еткен бұзушылықтар анықталған жағдайларда, сондай-ақ камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша кедендік

төлемдерді, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерге әсер еткен бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалмаған кезде шығарылады.

10. Тексерілетін тұлғаның кедендік тексеруді жүзеге асыратын кеден органынан басқа кеден органында шығарылған кедендік декларацияларына қатысты көшпелі кедендік тексеру жүргізу кезінде кедендік тексеру актісінің көшірмесі кедендік тексеру аяқталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ресімдеуді жүргізген кеден органына жіберуге жатады.

11. Кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өтеу туралы хабарлама тексерілетін тұлғаға осы Кодекстің 159 және 160-баптарында көзделген тәртіппен жіберіледі немесе тапсырылады.

12. Бұзушылықтарды жою туралы хабарлама және бұзушылықтарды жою туралы талап тексерілетін тұлғаға кедендік тексеру актісімен бір мезгілде тапсырылады немесе жіберіледі.

Көшпелі кедендік тексеруді өзге кеден органы жүргізген жағдайда, ресімдеуді жүргізген кеден органы бұзушылықтарды жою туралы талапты тексерілетін тұлғаға кеден органы кедендік тексеру актісінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырады немесе жібереді.

13. Камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны және көшпелі кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы талапты орындау мерзімі тексерілетін тұлғаға мұндай хабарлама немесе талап тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімді құрайды.

14. Тексерілетін тұлғаның кедендік тексеру нәтижелеріне осы Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімдерде шағым жасауға құқығы бар.";

43) 242-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Дүлей зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарларын жою үшін қажетті тауарларды, бейбітшілікті сақтау не оқу-жаттығулар өткізу жөніндегі акцияларды орындау үшін қажетті әскери мақсаттағы өнімді, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның филиалдары әкелетін және әкететін валюта (оның ішінде шетел валютасы) және тазартылған алтын түріндегі құндылықтарды, сондай-ақ тез бұзылуға ұшырайтын тауарларды, тірі жануарларды, радиоактивті материалдарды, жарылғыш заттарды, халықаралық пошта жөнелтілімдерін, экспресс-жүктерді, гуманитарлық және техникалық көмекті, бұқаралық ақпарат құралдарына арналған хабарлар мен материалдарды және осындай басқа да тауарларды және уәкілетті экономикалық операторлар әкелетін тауарларды Кеден одағының кедендік аумағына әкелу және осы аумақтан әкету кезінде кедендік декларацияны беру алдындағы кедендік операциялар бірінші кезекте жасалады.";

44) 276-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"276-бап. Тауарлардың жекелеген санаттарын кедендік рәсіммен орналастырудың бірінші кезектегі тәртібі

Дүлей зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарларын жою үшін қажетті тауарлар, бейбітшілікті сақтау не оқу-жаттығу өткізу жөніндегі акцияларды орындау үшін қажетті әскери мақсаттағы өнім, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның филиалдары әкелетін және әкететін валюта (оның ішінде шетел валютасы) және тазартылған алтын түріндегі құндылықтар, сондай-ақ тез бұзылуға ұшырайтын тауарлар, тірі жануарлар, радиоактивті материалдар, жарылғыш заттар, халықаралық пошта жөнелтілімдері, экспресс-жүктер, гуманитарлық және техникалық көмек, бұқаралық ақпарат құралдарына арналған хабарлар мен материалдар, халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын жөндеу үшін қажетті қосалқы бөлшектер, қозғалтқыштар, шығыс материалдары, жабдықтар мен құралдар және осындай басқа да тауарлар кедендік рәсіммен бірінші кезекте орналастырылады.

Тауарлардың жекелеген санаттарын кедендік рәсіммен орналастырудың бірінші кезектегі тәртібі уәкілетті экономикалық операторлар Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тауарларға да қатысты қолданылады.";

45) 281-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұндай құжаттарға:

1) шот-фактура (инвойс), олар болмаған кезде сыртқы экономикалық мәміленің жасалғанын растайтын құжат;

2) пайдаланылатын көлік түріне қарай көліктік (тасымалдау) құжаты жатады.";

2-тармақта:

бірінші абзац және 1) мен 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Төменде көрсетілген талаптар қолданылатын тауарлар мен мәмілелерге қатысты осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мынадай құжаттар:

1) Қазақстан Республикасының валюта заңнамасында көзделген жағдайда валюталық бақылау саласындағы талаптардың сақталуын растайтын құжат;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, Комиссияның шешімдерінде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда тыйым салулар мен шектеулердің, сондай-ақ арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдануға байланысты шектеулердің сақталуын растайтын құжаттар;"

3) тармақша алып тасталсын;

46) 286-бап мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) кеден органы талабының негізінде тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылау кезінде электрондық құжат түрінде берілген, кедендік декларацияда

мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды қағаз түрінде кеден органына табыс етуге";

47) 287-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"287-бап. Декларанттың жауаптылығы

Декларант, осы баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 286-бабында көзделген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кедендік декларацияда көрсетілген анық емес мәліметтерді мәлімдегені үшін, сондай-ақ кеден өкіліне көрінеу анық емес (жалған) мәліметтерді және (немесе) қолдан жасалған құжаттарды табыс еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Декларант мынадай жағдайларда:

1) тауарлар шығарылғанға дейін кеден органы лауазымды адамының тауарларды дұрыс сыныптамауы фактісі анықталған жағдайда, тауарлар шығарылғаннан кейін оларды сыныптау жөніндегі шешімдерді қайта қарау кезінде тауарлардың коды өзгертілген;

2) камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама тексерілетін тұлғаға тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жойған;

3) тауарлар шығарылғаннан кейін бұзушылықтарды өз бетінше анықтаған және көшпелі кедендік тексерудің жүргізілуі басталғанға дейін бір жыл ішінде өз еркімен жойған кезде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жауаптылыққа тартылмайды.";

48) 294-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мынадай:

1) тауарлар Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы құбыржол көлігімен өткізілген;

2) тауарларға қатысты саны және (немесе) кедендік құны туралы дәл мәліметтерді ұсыну мүмкін болмайтын жағдайларда, тауарларға уақытша декларация беру арқылы уақытша кедендік декларациялауға жол беріледі.";

49) 296-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауарлар шығаруды кеден органының лауазымды адамы осы Кодексте көзделген тәртіппен, егер Комиссияның шешімімен өзгеше тәртіп белгіленбесе, кедендік декларацияға, шот-фактураға (инвойска), олар болмаған кезде сыртқы экономикалық мәміленің жасалғанын растайтын құжатқа, пайдаланылатын көлік түріне қарай көлік (тасымалдау) құжатына тиісті белгілер енгізу (қою), сондай-ақ кеден органының ақпараттық жүйесіне тиісті мәліметтер енгізу арқылы жүргізеді.";

50) 297-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган жекелеген кедендік рәсімдерге қатысты, сондай-ақ кедендік декларациялаудың ерекшеліктерін қолдануға және тәуекелдерді басқару жүйесінде айқындалған кедендік бақылау нысандарына қарай тауарлар шығарудың осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген мерзімдерден ұзақтығы қысқа мерзімдер белгілейді.";

51) 298-бапта:

1-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тыйым салулар мен шектеулердің сақталғанын растайтын құжаттар мен мәліметтерді табыс еткен жағдайда кедендік декларацияны берген кезге дейін жүзеге асырылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кедендік декларациялау және кедендік декларация берілгенге дейін тауарларды шығару кезінде кедендік операцияларды жасау қағидаларын кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Кодекстің 276-бабында көрсетілген тауарларға қатысты, дүлей зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарларын жою үшін қажетті тауарларды, бейбітшілікті сақтау не оқу-жаттығулар өткізу жөніндегі акцияларды орындау үшін қажетті әскери мақсаттағы өнімді, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның филиалдары әкелетін валюта (оның ішінде шетел валютасы) және тазартылған алтын түріндегі құндылықтарды, сондай-ақ гуманитарлық және техникалық көмекті қоспағанда, оларды кедендік декларацияны бергенге дейін шығару кезінде кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ұсынылады.";

52) 317-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "сақтау;" деген сөз "сақтау шарттары сақталған кезде экспорт кедендік рәсімімен орналастырылады." деген сөздермен ауыстырылып, 3) тармақшасы алып тасталсын;

53) 319-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Теңіз көлігімен өткізілетін тауарларға қатысты, сондай-ақ осы баптың 2-тармағының 2) және 4) тармақшаларына сәйкес Кеден одағына мүше бір ғана мемлекеттің аумағы арқылы өткізілетін тауарларды тасымалдау кезінде кедендік транзиттің ерекшеліктерін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

54) 419-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер Кеден одағының кеден заңнамасында өзгеше белгіленбесе, арнайы кедендік рәсімді қолдану қағидалары, оны қолдану ерекшеліктері, тауарларды арнайы кедендік рәсіммен орналастыру шарттары, тауарларды пайдалану және оларға билік ету жөніндегі шектеулер, арнайы кедендік рәсімнің қолданылуының аяқталу тәсілдері мен

тәртібі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларды осындай кедендік рәсіммен орналастыруға құқылы тұлғалардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

55) 464-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кеден одағына мүше мемлекеттердің халықаралық шартында реттелмеген бөлігінде жеке тұлғалар Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тауарларды жеке пайдалануға арналған тауарларға жатқызу критерийлерін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган тауарлардың сипаты мен санын, жеке тұлғаның Кеден одағының кедендік шекарасын кесіп өту және (немесе) оның осы шекара арқылы тауарларды өткізу жиілігін негізге ала отырып айқындайды.";

56) 467-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кез келген тәсілмен өткізілетін, оның ішінде құны және (немесе) саны Кеден одағына мүше мемлекеттердің халықаралық шартында белгіленген, сондай-ақ кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден босатыла отырып мұндай тауарларды өткізу нормаларынан асатын, уақытша әкелінетін жеке пайдалануға арналған тауарлар;"

12. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

246-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"246-бап. Аудитордың және аудиторлық ұйымның анық емес аудиторлық есеп, сондай-ақ салықтар бойынша анық емес аудиторлық қорытынды жасауы";

мынадай мазмұндағы 246-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"246-1-бап. Аудиторлық ұйымның салықтар бойынша аудит жүргізу тәртібін бұзуы";

318-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"318-бап. Объектілер мен кешендерді қабылдаудың және пайдалануға берудің белгіленген тәртібін бұзу";

мынадай мазмұндағы 410-1 және 720-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"410-1-бап. Өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу";

"720-бап. Мемлекеттік кіріс органдары"

2) 246-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"246-бап. Аудитордың және аудиторлық ұйымның анық емес аудиторлық есеп, сондай-ақ анық емес аудиторлық қорытынды жасауы";

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"5. Аудиторлық ұйымның салықтар бойынша анық емес аудиторлық қорытынды жасауы –

аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданысын тоқтата тұрып не онсыз, аудиторлық ұйымға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиядан айыра отырып, аудиторлық ұйымға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) мынадай мазмұндағы 246-1-баппен толықтырылсын:

"246-1-бап. Аудиторлық ұйымның салықтар бойынша аудит жүргізу тәртібін бұзуы

Салықтар бойынша аудиторлық қорытынды анық емес деп тануға әкеп соғатын бұзушылықтарды қоспағанда, аудиторлық ұйымның салықтар бойынша аудит жүргізу тәртібін бұзуы –

аудиторлық ұйымға бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Осы бапта салықтар бойынша аудит жүргізу тәртібін бұзу деп аудиторлық ұйымның аудиторлық қызмет саласында реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын, аудиторлық ұйымның салықтар бойынша аудит жүргізу тәртібінде белгіленген міндеттерді сақтамауы түсініледі.";

4) 317 және 318-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"317-бап. Сараптама жұмыстарын және инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу

1. Авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардың орындалған (орындалатын) құрылыс-монтаждау жұмыстарының бекітілген жобалық шешімдерге сәйкес келмеуіне жол беруі –

авторлық қадағалау жүргізу құқығына сарапшы аттестатының қолданысын алты ай мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жобаларға сараптаманы жүзеге асыратын тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін және тұрғызылып жатқан не тұрғызылған объектілердің орнықтылығын, сенімділігін және беріктігін қамтамасыз етпейтін жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сараптаманың (сараптамалық бағалаудың) оң қорытындысын беруі –

жобаларға сараптаманы жүзеге асыру құқығына сарапшы аттестатының қолданылуын алты ай мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардың орындалған жұмыстардың сапасын, мерзімдерін, қабылдануын және объектінің пайдалануға тапсырылуын қоса алғанда, жобаны іске асыру сатысында бұзушылықтарға жол беруі – техникалық қадағалау жүргізу құқығына сарапшы аттестатының қолданысын алты ай мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

көрсетілетін қызметтің және маманданудың тиісті түріне сарапшы аттестатынан айыра отырып және сараптама жұмыстары мен инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыру құқығына қызметке үш жыл мерзімге тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

318-бап. Объектілер мен кешендерді қабылдаудың және пайдалануға берудің белгіленген тәртібін бұзу

Сәулет-құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарын бұза отырып, объектілер мен кешендерді қабылдаудың және пайдалануға берудің белгіленген тәртібін бұзу –

жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – алты жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) мынадай мазмұндағы 410-1-баппен толықтырылсын:

"410-1-бап. Өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу

1. Сараптама ұйымының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне өрт қауіпсіздігі саласында жүргізілген аудит нәтижелері бойынша қорытындының көшірмесін ұсынбауы не уақтылы ұсынбауы –

сараптама ұйымына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сараптама ұйымының өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізу нәтижелері бойынша объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келуі (сәйкес келмеуі) туралы анық емес ақпараты бар қорытынды ұсынуы –

сараптама ұйымына елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік),

сондай-ақ сараптама ұйымының өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізу нәтижелері бойынша көрінеу жалған қорытынды ұсынуы –

аккредиттеу аттестатынан айыра отырып, сараптама ұйымына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

6) 535-бап мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Тұлға мынадай жағдайларда:

1) тауарлар шығарылғанға дейін кеден органы лауазымды адамының тауарларды дұрыс сыныптамауы фактісі анықталған жағдайда, тауарлар шығарылғаннан кейін оларды сыныптау жөніндегі шешімдерді қайта қарау кезінде тауарлардың коды өзгертілген;

2) камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама тексерілетін тұлғаға тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жойған;

3) тауарлар шығарылғаннан кейін бұзушылықтарды өз бетінше анықтаған және көшпелі кедендік тексерудің жүргізілуі басталғанға дейін бір жыл ішінде өз еркімен жойған кезде осы бапта көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды;"

7) 551-бап мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Тұлға мынадай жағдайларда:

1) тауарлар шығарылғанға дейін кеден органы лауазымды адамының тауарларды дұрыс сыныптамауы фактісі анықталған жағдайда, тауарлар шығарылғаннан кейін оларды сыныптау жөніндегі шешімдерді қайта қарау кезінде тауарлардың коды өзгертілген;

2) камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама тексерілетін тұлғаға тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жойған;

3) тауарлар шығарылғаннан кейін бұзушылықтарды өз бетінше анықтаған және көшпелі кедендік тексерудің жүргізілуі басталғанға дейін бір жыл ішінде өз еркімен жойған кезде осы бапта көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды;"

8) 684-баптың бірінші бөлігінде:

"409 (жетінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "410-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"282 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктерінде)" деген сөздер "282 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші, тоғызыншы, он бірінші және он үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;"

9) 693-баптың екінші бөлігі және үшінші бөлігінің 2) тармақшасы алып тасталып, 1) тармақшасы "инспекторлары" деген сөзден кейін "құқылы" деген сөзбен толықтырылсын;

10) 720-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"720-бап. Мемлекеттік кіріс органдары

1. Мемлекеттік кіріс органдары осы Кодекстің 91 (алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктерінде), 92 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 151 (бірінші бөлігінде), 152, 155, 157, 177, 178, 179, 180, 181, 194, 195, 196, 203, 205, 221, 233 (бірінші бөлігінде), 239 (бірінші және екінші бөліктерінде), 246-1, 266, 269, 270, 271, 272, 273, 274, 275, 276, 277, 278, 279, 280, 281 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 282 (бірінші, екінші, бесінші, сегізінші, оныншы және он екінші бөліктерінде), 284, 285, 286, 287, 288, 464 (бірінші бөлігінде), 471, 472, 474, 521, 522, 523, 524, 525, 526, 527, 528 (екінші және үшінші бөліктерінде), 529, 530, 531, 533, 534, 535, 536, 537, 538, 539, 540, 542, 543 (екінші бөлігінде), 546, 547, 548 (бірінші бөлігінде), 551 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 552 (бірінші бөлігінде), 553, 554, 555, 556, 557 және 558-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Мемлекеттік кіріс органдары осы бөлікте санамаланған әкімшілік құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде жасалған кезде, осы Кодекстің 230 (екінші бөлігінде), 297, 324 (бірінші бөлігінде), 334, 377 (бірінші бөлігінде), 400 (бірінші бөлігінде), 406 (бірінші және екінші бөліктерінде), 425 (бірінші бөлігінде), 571 (екінші және үшінші бөліктерінде), 572 (бірінші бөлігінде), 573, 574, 589 (автомобиль көлігіндегі әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша), 590 (бірінші, екінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және оныншы бөліктерінде), 593 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 609, 612 (үшінші бөлігінде) және 621 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді де қарайды.

3. Мемлекеттік кіріс органдарының атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

мемлекеттік кіріс органдарының ведомстволық бағыныстылығына жатқызылған, осы Кодекстің барлық баптары бойынша – мемлекеттік кіріс органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары;

осы Кодекстің 91 (алтыншы бөлігінде), 92 (екінші бөлігінде), 195 (бірінші бөлігінде), 269 (бірінші бөлігінде), 270 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 271 (бірінші бөлігінде), 272 (бірінші бөлігінде), 276 (бірінші бөлігінде), 284 (бірінші, үшінші, бесінші, жетінші, тоғызыншы, он бірінші, он үшінші, он бесінші және он жетінші бөліктерінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша ескерту түрінде, сондай-ақ 897-бабында көзделген тәртіппен айыппұл түрінде әкімшілік жаза – мемлекеттік кіріс органдарының басшысы уәкілеттік берген лауазымды адамдары құқылы.";

11) 804-бапта:

бірінші бөліктің 2) және 31) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның (299-бап (екінші бөлігі) (бөгеттердің қауіпсіздігін қоспағанда), 312-бап (екінші бөлігі), 314,410-1, 416 (өрт және жарылу қаупі бөлігінде машиналар мен жабдыққа, химиялық өнімге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша), 462-баптар);";

"31) мемлекеттік кіріс органдарының (150, 151 (екінші бөлігі), 153, 154, 158, 174 (екінші бөлігі), 176, 182, 183, 190 (үшінші және төртінші бөліктері), 246 (бесінші және алтыншы бөліктері), 281 (төртінші, бесінші және алтыншы бөліктері), 282 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші, тоғызыншы, он бірінші және он үшінші бөліктері), 283, 357, 398, 462, 463, 464 (екінші бөлігі), 467, 489 (бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктері), 528 (бірінші бөлігі), 532, 541, 543 (бірінші және үшінші бөліктері), 544, 545, 548 (екінші бөлігі), 549, 550, 551 (екінші бөлігі), 552 (екінші бөлігі), 590 (төртінші бөлігі), 654, 658, 659, 660, 661, 662, 665, 667-баптар), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде жасалған, 400 (екінші бөлігі) және 425 (екінші бөлігі)-баптарда көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша)".

13. "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 15, 363-құжат; 1995 ж., № 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат);

19-баптың 14) тармақшасы алып тасталсын.

14. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 23-құжат; № 12, 88-құжат; № 15-16, 100-құжат; № 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 11-12, 262-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 10, 123-құжат; 2003 ж., № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 33-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 116-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат):

1) 15-баптың екінші бөлігінің 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензиялар берудің тәртібі мен шарттарын;"

2) 62-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"62-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің тексеру түрлері

1. Қазақстан Ұлттық Банкі дербес не басқа мемлекеттік органдарды және (немесе) ұйымдарды тарта отырып, тексерілетін субъектілердің қызметіне кешенді түрде не олардың қызметінің жекелеген мәселелері бойынша тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер, ішінара жоспардан тыс және құжаттамалық тексерулер жүргізеді.

2. Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру – Қазақстан Ұлттық Банкі тексерілетін субъектіге барып жүзеге асыратын және Қазақстан Ұлттық Банкі тексерілетін субъектіге қатысты тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тағайындайтын тексеру.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде субъектіні тексеруді Қазақстан Ұлттық Банкі жылына бір реттен жиілетпей жүзеге асырады.

Тексерілуге жататын субъектілердің тізбесін Қазақстан Ұлттық Банкі тексерілетін субъектілердің қызметіне байланысты тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, жартыжылдық негізде жасайды.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерілуге жататын субъектілердің тізбесін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы не Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының тиісті бұйрығының негізінде өзге де уәкілетті лауазымды адамдар бекітеді.

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің жоспардан тыс тексеруі тексерілетін субъектіге бара отырып, мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынылатын жеке және заңды тұлғалардың өтініштері және мемлекеттік органдардың сауалдарының келіп түсуіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын, қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де ақпараттың келіп түсуіне байланысты;

2) Қазақстан Ұлттық Банкі бақылау және қадағалау функцияларын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылғанын және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғанын анықтаған жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне, оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төнген кезде;

4) алдыңғы тексеруде анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың жойылуын бақылау мақсатында жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексеру бір мезгілде бірнеше субъектінің Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген талаптарын сақтауы мәселелері бойынша олардың қызметін қамтуы мүмкін.

4. Қазақстан Ұлттық Банкінің құжаттамалық тексеруі бастапқы статистикалық және әкімшілік деректерді талдау процесінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу белгілері анықталған кезде не жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттік органдардың өтініштері және Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын тексеруді талап ететін өзге де ақпараттың келіп түсуіне байланысты тексерілетін субъектіге бармастан құжаттар мен ақпаратқа сауал нысанында жүзеге асырылады.";

3) 62-2-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Ұлттық Банкі тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруді және жоспардан тыс тексеруді Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары, Қазақстан Ұлттық Банкі аумақтық филиалдарының басшылары не тиісті бұйрық негізінде өзге де уәкілетті лауазымды адамдар бекіткен тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жүргізеді.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру немесе жоспардан тыс тексеру тағайындалған жағдайларда, тексеруді тағайындау туралы актілер тексеруді тағайындау туралы актілерді тіркеу журналында тіркеледі. Қазақстан Ұлттық Банкі орталық аппаратының бөлімшелері, аумақтық филиалдары тексеруді тағайындау туралы актілерді тіркеудің жеке журналдарын жүргізеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі тексеруді тағайындау туралы актіні тексеру басталғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркейді.

Тексеруді тағайындау туралы актіде:

1) актінің нөмірі мен күні;

2) тексеруші қызметкерлердің, сондай-ақ тексеруге басшылық ету жүктелген адамдардың тегі, инициалдары және лауазымы;

3) өзіне қатысты тексеру жүргізу тағайындалған тексерілетін субъектінің атауы, оның орналасқан жері;

4) тексерудің түрі;

5) тексеруге жататын мәселелер;

6) тексеруді жүргізу мерзімі;

7) тексерілетін кезең көрсетіледі.

2. Тексерілетін субъектінің басшысына (оның орынбасарына) тексеруді тағайындау туралы актінің көшірмесі тапсырылған күн тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру, жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі. Тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы актінің көшірмесі тапсырылғаннан кейін оның түпнұсқасына тексеруді тағайындау туралы актіні алғаны және онымен танысқаны туралы белгі қойылады.

Тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартылған немесе Қазақстан Ұлттық Банкінің тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдарының тексеру жүргізу үшін қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайларда тиісті акт жасалады, оған Қазақстан Ұлттық Банкінің тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамы қол қояды. Тексерілетін субъектінің қызметкері тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартқан кезде, оған тиісті жазба жасалады. Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тарту тексеруді жүргізбеу үшін негіз болып табылмайды. Тексерілетін субъект тексеруші топтың сауалдарында көрсетілген мерзімдерде құжаттарды, ақпаратты беруден бас тартқан, белгіленген мерзімдерде тексеру жүргізудің мүмкін болмауына әкеп соққан, осы баптың шарттары орындалмаған жағдайда, тексеруді тағайындау туралы актіні бекітуге уәкілеттік берілген лауазымды адаммен келісу бойынша тексеру басшысының шешімімен тексеру жүргізілмеді деп есептеледі.

Тексеруді тағайындау туралы актінің көшірмесі тексерілетін субъектінің қызметкеріне не оның құрылтайшысына (құрылтайшыларының біріне) тапсырылған кезде тексерілетін субъект басшысының (оның орынбасарының) оны алғаны туралы белгісі бар тексеруді тағайындау туралы актінің көшірмесі тексеруді тағайындау туралы акт тапсырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің лауазымды адамдарына табыс етілуге тиіс.

Тексеруді тағайындау туралы актінің көшірмесін тексерілетін субъектінің қызметкеріне не оның құрылтайшысына (құрылтайшыларының біріне) тапсыру мүмкін болмаған жағдайда ол тексерілетін субъектінің және (немесе) оның басшысының (оның орынбасарының) тіркелген жері бойынша хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберіледі. Хат кері қайтарылған және тексеруді тағайындау туралы актіні тексеру жүргізу үшін белгіленген мерзімдерде тапсыру мүмкін болмаған кезде, тексеру жүргізілмеді деп есептеледі. Бұл ретте, тексеру басшысы тексеруді тағайындау туралы актіні бекітуге уәкілеттік берілген лауазымды адамды бұл жөнінде жазбаша хабардар етеді.";

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тексерілетін субъект тексеру басталғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірмей тексеру басшысының немесе Қазақстан Ұлттық Банкінің тексеруші қызметкерінің атына:";

4 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру, жоспардан тыс тексеру жүргізу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс. Тексеру көлемінің ауқымдылығына байланысты тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру, жоспардан тыс тексеру жүргізу мерзімі Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары, Қазақстан Ұлттық

Банкі аумақтық филиалдарының басшылары не тиісті бұйрық негізінде өзге де уәкілетті лауазымды адамдар бекіткен тексеруді ұзарту туралы қосымша актінің негізінде отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет қана ұзартылуы мүмкін.";

"8. Тексерілетін субъектіге тексерудің аяқталуы туралы акт тапсырылған күн тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерудің, жоспардан тыс тексерудің аяқталған күні деп есептеледі. Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруді, жоспардан тыс тексерудің аяқталуы туралы актіге тексеру басшысы және оның тікелей басшысы қол қояды және ол тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеру жүргізу мерзімі аяқталуынан кешіктірмей тапсырылады.";

4) 62-4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"62-4-бап. Тексерулердің өзге де мәселелері

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің тексеруші қызметкерлері қажет болған кезде тексерілетін субъектіге танысу үшін ұсынылатын аралық актілерді жасайды.

2. Тексерілетін субъект аралық актіні алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде басшы (оның орынбасары) не тексерудің жүргізілуін қамтамасыз етуге жауапты басшы қол қойған аралық актінің бір данасын қайтарады және аралық актінің мазмұнына ескертпелері болған жағдайда өзінің жазбаша қарсылықтарын тексеру басшысына ұсынады.

Аралық актілерде жазылған қорытындылар алдын ала жасалған қорытындылар болып табылады және тексерілетін субъектіден, оның ішінде үшінші тұлғалардан алынған қарсылықтар мен қосымша ақпарат ескеріле отырып, тексеру нәтижелері туралы актіде қайта қаралуы мүмкін.

3. Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру, жоспардан тыс тексеру аяқталған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде тексерілетін субъект басшысының атына Қазақстан Ұлттық Банкінің тексеруші қызметкерлері, тексеру басшысы және оның тікелей басшысы қол қойған тексеру нәтижелері туралы актінің екі данасы жіберіледі.

Тексеру нәтижелері туралы актіде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) актінің жасалған күні мен орны;

2) тексеруді жүргізген органның атауы;

3) тексеру жүргізуге негіз болған тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі;

4) тексеруді жүргізген адамның (адамдардың) тегі, инициалдары және лауазымы;

5) тексерілетін субъектінің атауы, оның орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған кезде), тексерілетін субъект басшысының не оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);

6) тексеруді жүргізу орны және кезеңі;

7) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер;

8) тексерілетін субъект басшысының (оның орынбасарының) не тексерудің жүргізілуін қамтамасыз етуге жауапты басшысының не осы баптың 7-тармағында аталған өзге де адамның тексеру нәтижелері туралы актімен танысқаны туралы мәліметтер;

9) тексеруді жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолтаңбасы.

Тексеру нәтижелері туралы актіге тексеру нәтижелерімен байланысты қажетті құжаттар (мәліметтер) немесе олардың көшірмелері қоса берілуі мүмкін.

4. Тексерілетін субъектінің басшысы (оның орынбасары) не тексерудің жүргізілуін қамтамасыз етуге жауапты басшысы тексеру нәтижелері туралы актінің бірінші данасын қабылдайды, актінің екінші данасының әрбір парағына қол қояды, оның соңғы парағына лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын (болған кезде) көрсете отырып, алған күні туралы белгі қояды және тексеру нәтижелері туралы актіні алғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірмей оны Қазақстан Ұлттық Банкіне жібереді. Тексерілетін субъект тексеру нәтижелері туралы актіде жазылған тексеру нәтижелерін атқарушы органға және тексерілетін субъектінің басқа да басқару органдарының назарына жеткізеді.

5. Тексеру нәтижелері бойынша қарсылықтар болған кезде тексерілетін субъект тексеру нәтижелері туралы актіні алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды Қазақстан Ұлттық Банкіне жазбаша түрде ұсынады.

6. Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру, жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актіде жазылған, тексерілетін субъектіні тексеру нәтижелері, қажет болған кезде, тексерілетін субъектінің басшылары шақырыла отырып, Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының (оның орынбасарларының), Қазақстан Ұлттық Банкінің бөлімшелері басшыларының, тексеруге басшылық ету жүктелген адамдардың төрағалық етуімен өтетін кеңесте қаралады.

Кеңес нәтижелері кеңес төрағасы қол қойған хаттамамен ресімделеді және қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тексерілетін субъектінің басшысына танысу үшін жіберіледі. Қарсылықтары болған жағдайда, тексерілетін субъект кеңес хаттамасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды Қазақстан Ұлттық Банкіне жазбаша түрде ұсынады.

Қазақстан Ұлттық Банкі тексерілетін субъектінің кеңес хаттамасына қарсылықтарымен келіспеген кезде, түпкілікті шешімді Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы не оның орынбасары қабылдайды және бұл тексерілетін субъект басшысының назарына жеткізіледі.

7. Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру, жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актіге тексерілетін субъект тарапынан басшы, оның орынбасары не тексерудің жүргізілуін қамтамасыз етуге жауапты басшы қол қояды.

Тексерілетін субъектінің басшысы, оның орынбасары не тексерудің жүргізілуін қамтамасыз етуге жауапты басшы болмаған кезде тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру, жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актіге тексерілетін субъект

тарапынан оның құрылтайшысы (құрылтайшыларының бірі) не тексерілетін субъектінің атынан, оның ішінде тиісті бұйрық және (немесе) сенімхат негізінде әрекет ететін өзге қызметкер қол қояды.

8. Осы баптың 7-тармағында аталған адамдар болмаған және оларға тексеру нәтижелері туралы актіні қол қою үшін тапсыру мүмкін болмаған жағдайларда, тексеруші адамдар тексеру нәтижелері туралы актіге қол қойған күннен бастап тексеру нәтижелері туралы акт ресімделді деп есептеледі.

9. Тексеру нәтижелері Қазақстан Ұлттық Банкінің өз функцияларын орындауы мақсатында ғана пайдаланылуға тиіс.

10. Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру, жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актіні тексерілетін субъект жарнамалық немесе өзге де мақсаттарда өзінің қаржылық дәрменділігін растау үшін пайдалана алмайды, сондай-ақ бұл Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Ұлттық Банкінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілмейді.

11. Тексерілетін субъект Қазақстан Ұлттық Банкіне табыс еткен қаржылық және өзге де есептіліктің құжаттамалық деректері тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру, жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актіде келтірілген мәліметтерден алшақ болған кезде, тексерілетін субъект Қазақстан Ұлттық Банкінің нұсқауы бойынша өзінің есептілігін тексеру нәтижелері туралы актіде көрсетілген нақты деректерге, оның ішінде өткен есепті күндерге сәйкес келтіреді.

12. Тексерілетін субъект Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген мерзімде жоспарланған шаралар, жауапты орындаушылар және тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою мерзімдері көрсетілген іс-шаралар жоспарын келісуге ұсынады.

Іс-шаралар жоспарын Қазақстан Ұлттық Банкімен келіскеннен кейін тексерілетін субъект бұзушылықтар мен кемшіліктердің жойылғаны туралы есептерді не іс-шаралар жоспары бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелердің орындалмау себептері туралы түсіндірулерін ұсынады.

13. Тексерілетін субъектінің осы Заңның 62-2-бабы 2-тармағының төртінші бөлігінде, 3, 5 және 6-тармақтарында, 62-3-бабының 3-тармағында, сондай-ақ осы баптың 2, 4 және 12-тармақтарында көрсетілген талаптарды бұзуы тексерілетін субъектіге не оның басшысына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шектеулі ықпал ету шаралары мен санкцияларды қолдануға негіз болып табылады.

14. Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметкерлеріне тексерілетін субъектінің қызметін тексеру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

15. Тексеруді жүзеге асыратын адамдар тексерілетін субъектінің қызметін тексеру барысында алынған және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады."

15. "Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-бапта:

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат тіркеуші органға бір мезгілде ұсынылады.";

мынадай мазмұндағы он төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде субъект Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасында белгіленген, жеке кәсіпкерлік субъектісінің критерийлеріне сәйкес санатты дербес айқындайды және оны өтініште көрсетеді.";

2) 6-1-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асырылуы басталғаны туралы хабарлама береді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу "электрондық үкімет" веб-порталында толтырылатын электрондық хабарлама беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.";

3) 6-2-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Өтінішке филиалды (өкілдікті) құратын заңды тұлға уәкілеттік берген адам қол қояды және заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекемделеді.";

4) 7-баптың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте тіркеуші органға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда, нотариаттық тәртіппен куәландырылған, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініштің үш данасы ұсынылады.";

5) 9-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғаларды және акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, орта және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мемлекеттік тіркеу өтініш берілген кезден бастап жұмыс күнінің бір сағаты ішінде жүзеге асырылуға тиіс.";

6) 14-баптың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекемделген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделетін, мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме;"

7) 14-1-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Хабарламаға заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекемделген, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні қоса беріледі.";

төртінші бөліктің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекемделген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме;

3) заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекемделген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мәтінінің үш данасы немесе жаңа редакцияда ресімделген, заңды тұлға құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің үш данасы;"

8) 15-баптың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекемделген, жарғының (ереженің) телнұсқасын алу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме;"

9) 16-баптың бірінші бөлігінің 2), 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының заңды тұлға мөрімен (ол болған кезде) бекемделген шешімі;"

"6) заңды тұлғаның мөрін (ол болған кезде) жою туралы құжат;

7) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат;"

16. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 г. № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

50-баптың 6-тармағының д) тармақшасы мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"пайда болған күнінен бастап төрт ай ішінде республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10000 еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде өтелмеген салық берешегі бар заңды тұлғаға, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне, дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға қатысты;"

17. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

10-2-баптың 10) тармақшасы алып тасталсын.

18. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 202-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 11-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 13-құжат):

25-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын.

19. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

18-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Заңның, "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының нотариат қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес нотариаттық әрекеттер, сондай-ақ электрондық тіркеуге байланысты әрекеттер жасауға ;".

20. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 22, 94-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 5-6, 30-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар):

1) 15-бап мынадай мазмұндағы 2-1, 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Сараптама қорытындыларын мемлекеттік органдар белгілеген мерзімдерде:

1) республикалық деңгейде – жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің одағы (қауымдастығы), республикалық салааралық, салалық қауымдастықтар (одақтар), сондай-ақ шағын, орта және (немесе) ірі кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық бірлестіктері;

2) облыстық деңгейде – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық бірлестіктерінің филиалдары, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің облыстық бірлестіктері, шағын, орта және (немесе) ірі кәсіпкерлік субъектілерінің облыстық бірлестіктері;

3) қалалық, аудандық деңгейлерде – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық бірлестіктерінің филиалдары, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктері, шағын, орта және (немесе) ірі кәсіпкерлік субъектілерінің облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктері ұсынады.";

"8. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2 және 3-тармақтарында, 14-бабының 1-тармағында, 15-бабының 1-тармағында көзделген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, мемлекеттік органдарға жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексерулер жүргізу тәртібі мәселелері бойынша заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылдауға тыйым салынады.

9. "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қатысты "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен реттеушілік әсерге талдау жүргізіледі.";

2) 38-бапта:

тақырып "органдардың," деген сөзден кейін "олардың ведомстволарының," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 6) тармақшасы "және" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен" деген сөздермен толықтырылсын

21. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 49-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат):

1) 15-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтай шартын қоспағанда, құрылтай шартын нотариат куәландыруға тиіс.";

2) 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жарғылық капиталының ең төмен мөлшері нөлдік деңгеймен айқындалатын, шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестікті қоспағанда, жарғылық капиталдың бастапқы мөлшері құрылтайшылар салымдарының сомасына тең болады және серіктестікті мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар табыс етілген күнге бір жүз айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне баламалы сомадан кем болмауға тиіс.".

22. "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 13, 196-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

9-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолтаңбасы және заңды тұлға үшін мөрі (ол болған кезде);".

23. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 15, 209-құжат; 1999 ж., № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 5, 116-құжат; 2001 ж., № 13-14, 172-құжат; № 17-18, 241-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; 2007 ж., № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат; 2012 ж., № 4, 30, 32-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

12-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 1), 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында, 28-бабы 2-тармағының 2), 6) және 8) тармақшаларында белгіленген, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұзу;"

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың осы баптың 1-тармағының 1), 6), 7), 8), 10), 11), 12), 12-1) және 14) тармақшаларында көрсетілген қандай да бір құқық бұзушылықтарды жасауы, егер онда қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттің белгілері болмаса, қызметінен төмендетуге, ал төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда – заңда белгіленген тәртіппен қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түрінде тәртіптік жаза қолдануға әкеп соғады."

24. "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8,

45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9, 15-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 11, 80-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 64-құжат; № 14, 87-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 7-баптың бірінші бөлігінің 22) тармақшасындағы "табыс етуге міндетті." деген сөздер "табыс етуге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 23), 24) және 25) тармақшалармен толықтырылсын:

"23) мемлекет қатысатын кредиттік бюроға кредиттік ақпаратты табыс етуге;

24) бос және қолжетімді қуаттылықтардың, сыйымдылықтың, орындардың, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар схемасының бар-жоғы туралы электрондық дереккор жүргізуге;

25) сауалдар бойынша, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында инженерлік коммуникациялар туралы мәліметтерді "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерде "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес беруді қамтамасыз етуге міндетті.";

2) 13-баптың 1-тармағының 3-1) тармақшасы алып тасталсын;

3) 18-4-баптың 2-1-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасына сәйкес газ таратушы ұйымнан газ сатып алу;"

4) 23-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тоқтата тұру кезеңінде тарифтердің бұрын бекітілген деңгейлері қолданылады деп белгілей отырып, осы Заңның 7-бабы бірінші бөлігі 2-3) тармақшасының қолданылуы 2015 жылғы 1 сәуірге дейін тоқтатыла тұрсын."

25. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламенінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 220-құжат; 2001 ж., № 23, 318-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

13-баптың 29) тармақшасы алып тасталсын.

26. "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 1998 ж., № 17-18, 221-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2002 ж., № 10, 106-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 5-6, 30-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 81-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бақылаудың өзге нысандары алдын алу-профилактикалық іс-шаралар болып табылады, олардың нәтижелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалмай, тексерілетін субъектіге оны жою тәртібі түсіндіріле отырып, нұсқама жасалады. Бақылаудың өзге нысандары тексерілетін объектілерге бармастан, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы есептілікті байқау, мониторингілеу, есепке алу және бақылау нысанында жүзеге асырылады."

27. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар):

1) 1-бапта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) аудиттелетін субъект – өзіне қатысты аудит, салықтар бойынша аудит жүргізілетін заңды тұлға, заңды тұлғаның атынан әрекет ететін оның филиалдары және (немесе) өкілдіктері, дара кәсіпкер";

мынадай мазмұндағы 11-1), 11-2) және 11-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"11-1) салықтар бойынша анық емес аудиторлық қорытынды – аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жасаған, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу мен төлеудің дұрыстығы, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылығы, әлеуметтік аударымдарды есептеудің және төлеудің толықтығы мен уақтылығы мәселелері бойынша анық емес және (немесе) толық емес мәліметтері бар, сондай-ақ салықтар бойынша аудит жүргізілмей жасалған немесе қасақана жаңылыстыруға әкеп соғатын пікірі бар қорытынды;

11-2) салықтар бойынша аудит – уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүргізілетін, салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің барлық түрлері бойынша есептеу мен төлеудің дұрыстығы, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылығы, әлеуметтік аударымдарды есептеудің және төлеудің толықтығы мен уақтылығы мәселесі бойынша аудит;

11-3) салықтар бойынша аудиторлық қорытынды – салықтар бойынша аудит нәтижелері бойынша жасалған қорытынды;"

2) 3-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) салықтар бойынша аудит жүргізу және салықтар бойынша аудиторлық қорытынды жасау;"

3) 4-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Салықтар бойынша аудит Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиттелетін субъектінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады.";

4) 5-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің он жетінші абзацындағы "орталығы жатады ." деген сөздер "орталығы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес уәкілетті экономикалық операторлар жатады.";

5) 7-бапта:

18) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) салықтар бойынша аудит жүргізу және салықтар бойынша аудиторлық қорытынды беру тәртібін айқындайды;"

6) 17-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шарт";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Міндетті аудит, салықтар бойынша аудит және аудиттелетін субъектінің ілеспе қызметтер жүргізу шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

4. Мемлекеттік кіріс органдарына ұсынылатын мәліметтерді қоспағанда, аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шартты орындау кезінде аудитор және (немесе) аудиторлық ұйым алған мәліметтер коммерциялық құпияны құрайды.

Коммерциялық құпиясы бар мәліметтерді сақтау міндетін бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.";

7) мынадай мазмұндағы 18-2-баппен толықтырылсын:

"18-2-бап. Салықтар бойынша аудиторлық қорытынды

1. Салықтар бойынша аудиторлық қорытынды осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

2. Салықтар бойынша аудиторлық қорытындыға біліктілік куәлігінің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, орындаушы аудитор қол қояды, өзінің жеке мөрімен куәландырады, аудиторлық ұйым басшысының қолтаңбасымен бекітіледі және аудиторлық ұйымның мөрімен куәландырылады.";

8) 20-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шарттың талаптарын орындау үшін аудиттелетін субъектінің қажетті бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамасын алуға және тексеруге;"

9) 21-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шарттың талаптарын орындау үшін қажетті бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамасын сұратуға және тексеруге;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) салықтар бойынша аудит жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан, жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан аудиттелетін субъектіге қатысты мәліметтер сұратуға;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аудиттелетін субъект аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шарттың талаптарын бұзған жағдайда аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуден не аудиторлық есепті немесе аудиторлық қорытындыны беруден бас тартуға;"

2-тармақ мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен салықтар бойынша аудиторлық қорытындыны аудиттелетін субъектінің орналасқан жеріндегі мемлекеттік кіріс органына ұсынуға;"

10) 24-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Аудит, салықтар бойынша аудит жүргізу құқығын шектеу";

екінші, жетінші және сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"осы аудиторлық ұйым немесе осы аудитті, салықтар бойынша аудитті жүзеге асыратын оның қызметкерлері өздерінің қатысушысы, кредиторы болып табылатын тапсырыс берушілерге;"

"аудит, салықтар бойынша аудит жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, егер оның аудиттелетін субъектінің алдында немесе аудиттелетін субъектінің оның алдында ақшалай міндеттемелері бар болса;

жасалған жария шарттардан туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, мүдделер қақтығысының пайда болуына әкелетін немесе осындай қақтығыстың пайда болу катерін туғызатын жағдайларда, аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуіне тыйым салынады.";

11) 25-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аудиторлық ұйымнан Қазақстан Республикасы заңнамасының аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуге қатысты талаптары туралы қажетті ақпаратты алуға;"

2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аудитті, салықтар бойынша аудитті уақтылы және сапалы жүргізуі үшін аудиторлық ұйымға жағдай жасауға, қажетті құжаттаманы ұсынуға, ауызша немесе жазбаша нысанда түсіндірулер мен түсініктемелер беруге;

2) егер шартта өзгеше көзделмесе, аудитке, салықтар бойынша аудитке жатқызылатын мәселелер ауқымын шектеу мақсатында аудиторлық ұйымның қызметіне араласпауға;"

12) 27-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аудиттелетін субъект аудиторлық ұйымға аудит, салықтар бойынша аудит жүргізу үшін берген қаржылық есептіліктің және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпараттың толықтығы мен анықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.";

"3. Аудит, салықтар бойынша аудит жүргізу аудиттелетін субъектіні табыс ететін қаржылық есептіліктің және өзге де құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмегені үшін жауаптылықтан босатпайды."

28. "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 435-құжат; 2001 ж., № 21-22, 286-құжат; 2003 ж., № 10, 53-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 8, 55-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

18-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын.

29. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат; № 23, 931-құжат; 2002 ж., № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2014 жылғы 13 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде ветеринариялық-санитариялық бақылау және өсімдіктер карантині бойынша бақылау функцияларын мемлекеттік кіріс органдарына беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 4-1) тармақшасындағы "өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауға" деген сөздер "мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізу.";

3) 7-баптың 1-тармағының 35) тармақшасы алып тасталсын;

4) 9-1-баптың 2) тармақшасындағы "өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау" деген сөздер "мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 13-баптың 5-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер тасымалдаушы карантинге жатқызылған өнімді мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізу үшін көрсетуден бас тартқан жағдайда, бұл өнім оның иесінің қаражаты есебінен экспорттаушы елге қайтарылуға жатады, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін, Қазақстан Республикасының шекара органдарын және мемлекеттік кіріс органдарын бұл жөнінде хабардар етеді.";

6) 13-1-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің екінші сөйлеміндегі "өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік бақылау" деген сөздер "карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын.

30. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 7, 165-құжат; 2004 ж., № 11-12, 62-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23

-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат);

1) 1-бапта:

3) тармақша "шығарылуын," деген сөзден кейін "пайдалануға берілуін," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) пайдалануға беру – өлшем құралдарын арналған мақсаттарда бірінше рет қолдану;"

2) 5-баптың 2-тармағының 17) тармақшасы алып тасталсын;

3) 17-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасында сериялы шығарылатын немесе Қазақстан Республикасының аумағына партиялармен әкелінген және мемлекеттік метрологиялық бақылау саласында қолдануға арналған өлшем құралдары пайдалануға беру алдында сынақтан өткізіліп, осы өлшем құралдарының түрі кейіннен бекітілуге жатады.";

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасында жасалған немесе бірен-саран данада әкелінген және мемлекеттік метрологиялық бақылау саласында қолдануға арналған өлшем құралдары пайдалануға беру алдында метрологиялық аттестаттаудан өткізіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Түрін бекіту мақсатында сынақтан немесе метрологиялық аттестаттаудан өтпеген, мемлекеттік метрологиялық бақылауға жататын өлшем құралдарын айналысқа шығаруға, пайдалануға беруге, қолдануға, өткізуге және жарнамалауға тыйым салынады.

Түрін бекіту туралы сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін пайдалануда және сақтауда болатын өлшем құралдары осы Заңның 19-бабының талаптары сақтала отырып, толық физикалық тозғанға дейін қолданылады.";

4) 24-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өлшем құралдарының шығарылуын, пайдалануға берілуін, жай-күйін және қолданылуын, өлшемдерді орындау әдістемелерінің қолданылуын, шама бірліктерінің эталондарын, метрологиялық қағидалар мен нормалардың сақталуын бақылауды;"

5) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Өлшем құралдарының шығарылуын, пайдалануға берілуін, жай-күйін және қолданылуын, өлшемдерді орындау әдістемелерінің қолданылуын, шама бірліктерінің эталондарын, метрологиялық қағидалар мен нормалардың сақталуын мемлекеттік метрологиялық бақылау

Өлшем құралдарының (оның ішінде заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандарттық үлгілерінің) шығарылуын, пайдалануға берілуін, жай-күйін

және қолданылуын, өлшемдерді орындау әдістемелерінің қолданылуын, шама бірліктерінің эталондарын, метрологиялық қағидалар мен нормалардың сақталуын мемлекеттік метрологиялық бақылау белгіленген метрологиялық қағидалар мен нормалардың сақталуын тексеру мақсатында жүзеге асырылады.";

6) 28-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сынақтан және түрін бекітуден, салыстырып тексеруден, метрологиялық аттестаттаудан өтпеген, бекітілген түрге сәйкес келмейтін өлшем құралдарын қолдануға, өткізуге, пайдалануға беруге, өндірістен және жөндеуден шығаруға тыйым салуға;"

31. "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 10, 241-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 73-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

2-баптың екінші бөлігіндегі "әділет," деген сөз алып тасталсын.

32. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 14-15, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 12, 51-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; 2014 ж., № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 17-1-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік бақылаудың өзге нысандары осы Заңға және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады."

33. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы"

2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 381-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 3, 19-құжат; № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2,

18-құжат; 2009 ж., № 23, 97-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

19-баптың 9-1) тармақшасы алып тасталсын.

34. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 17, 136-құжат; № 23, 179-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 64-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 11, 63, 67-құжаттар; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Дербес білім беру ұйымдары, дербес кластерлік қор, нотариаттық палаталар, адвокаттар алқалары, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы, кәсіби аудиторлық ұйымдар, пәтерлердің меншік иелері кооперативтері және басқа да коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін."

35. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 20-1) тармақшасы алып тасталсын.

36. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат;

2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 6 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы және 22-баптың екінші бөлігі алып тасталсын.

37. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж., № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әлеуметтік туризм – жұмыс берушінің және (немесе) өзге де үшінші тұлғалардың қаражаты есебінен толық немесе ішінара жүзеге асырылатын, туристік көрсетілетін қызметтердің мүгедектерге, халықтың күнкөрісі төмен топтарына қолжетімді болуын қамтамасыз ететін туризм түрі;"

мынадай мазмұндағы 1-1), 2-2) және 2-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) балалар-жасөспірімдер туризмі – серуендер, экспедициялар, сапарлар, экскурсиялар түрінде балалар мен жасөспірімдер тобына арналып жүзеге асырылатын туризм түрі;"

"2-2) медициналық туризм – тұратын жерінің шегінен тыс жерде мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек алумен демалысты біріктіру көзделетін туризм түрі;

2-3) оқиғалы туризм – спорттық және ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларға бару көзделетін туризм түрі;"

13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) туристік көрсетілетін қызметтер – туристің саяхаты кезеңінде және осы саяхатқа байланысты ұсынылатын, оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті көрсетілетін қызметтер (орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, экскурсиялар, туризм нұсқаушыларының, гидтердің (гид-аудармашылардың) көрсететін қызметтері) және сапар мақсатына қарай көрсетілетін, туристік қызмет көрсету шартында көзделген басқа да көрсетілетін қызметтер);" ;

16) тармақша алып тасталсын;

2) 4-баптың 2-тармағында:

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) көліктің барлық түрлеріне билеттерді және іс-шараларға баруға билеттерді беру бойынша (броньға қоюды, сатуды және жеткізуді қоса алғанда) көрсетілетін қызметтер;" ;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) туристік қызмет көрсету шартында көзделген өзге де туристік көрсетілетін қызметтер;" ;

3) 6-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Туризм түрлері – әлеуметтік, экологиялық, шытырман оқиғалы, спорттық, іскерлік, конгрестік, емдеу-сауықтыру, мәдени-танымдық, діни, медициналық, балалар-жасөспірімдер, оқиғалы және басқа да түрдегі туризм;" ;

4) 11-бапта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;" ;

20) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 20-5) және 20-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"20-5) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтің басталғаны туралы хабарлама берген турагенттердің, гидтердің (гид-аудармашылардың), экскурсоводтардың және туризм нұсқаушыларының мемлекеттік электрондық тізілімдерін жүргізеді;

20-6) турагент, гид (гид-аудармашы), экскурсовод және туризм нұсқаушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қосымшаға мәліметтер нысандарын бекітеді;" ;

5) 12-баптың 1-тармағында:

5) тармақша алып тасталсын;

13-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13-4) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;" ;

6) 15-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес:

туроператорлық қызмет лицензияланатын қызмет түрі болып табылады;

турагенттік қызмет, сондай-ақ гидтердің (гид-аудармашылардың), экскурсоводтардың және туризм нұсқаушыларының қызметі хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шығу туризмі саласындағы туроператор туристік өнімді ұсынуды және өткізуді тек турагенттер арқылы ғана жүзеге асырады.";

3-тармақтың бірінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан (қайта жасасқан) кезден бастап бес жұмыс күні ішінде турагент жасалған (қайта жасалған) шарт туралы ақпаратты облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жіберуге міндетті.";

"Туроператор мен турагент арасындағы туристік өнімді өткізуге арналған агенттік шартта туристік өнімді қалыптастырған туроператор туралы, туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары туралы, туроператор мен турагенттің жауапкершілігі туралы, сондай-ақ туристік өнім туралы ақпаратты ұсынбағаны немесе анық емес ақпарат ұсынғаны үшін, туристік өнімді өткізу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптардың әрқайсысының турист алдындағы жауапкершілігі туралы мәліметтер, туристік маршруттың сипаттамасы, туристік өнім туралы анық ақпарат міндетті түрде қамтылуға тиіс.";

7) мынадай мазмұндағы 15-3-баппен толықтырылсын:

"15-3-бап. Туризм саласындағы хабарламалар

1. Турагент, гид (гид-аудармашы), экскурсовод немесе туризм нұсқаушысы қызметінің жүзеге асырылуының басталғаны туралы хабарлама "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес беріледі.

2. Турагенттер, гидтер (гид-аудармашылар), экскурсоводтар және туризм нұсқаушылары хабарламаға уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша мәліметтерді қоса береді.

3. Турагенттер хабарламаға азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартының көшірмесін қоса береді.

4. Гидтер (гид-аудармашылар), экскурсоводтар және туризм нұсқаушылары хабарламаға туризм саласында даярлықтан өткені туралы сертификатты қоса береді.";

8) 27-баптың 1-тармағындағы "заңдарында көзделген реттерде, туроператор немесе" деген сөздер "заңнамасында көзделген жағдайларда," деген сөздермен ауыстырылсын.

38. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2), 4-1) және 6-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) аккредиттелген сараптама ұйымдарының тізілімі – объектілердің құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу құқығы берілген заңды тұлғалардың бірыңғай тізбесі;

3-2) аккредиттелген сараптама ұйымы – сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аккредиттелген, объектілердің құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасымен мемлекеттік монополияға жатқызылмаған ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүзеге асыратын заңды тұлға;"

"4-1) аттестатталған сарапшылардың тізілімі – жергілікті атқарушы органдардың тиісті құрылымдық бөлімшелері аттестаттаған және:

объектілердің құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама), сондай-ақ аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына (әртүрлі деңгейдегі қала құрылысы жобалары) сараптама бойынша жұмыстар жүргізу;

бұрыннан бар (пайдаланылатын) үйлер мен ғимараттардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау;

тапсырыс берушінің атынан техникалық қадағалау және жобаны әзірлеушілердің атынан авторлық қадағалау жүргізу жөнінде инжинирингтік қызметтер көрсету құқығы берілген жеке тұлғалардың үнемі жаңартылып отыратын бірыңғай тізімі;"

"6-1) бірегей құрылыс объектісі – осы объект үшін арнайы техникалық шарттарды (ерекше нормаларды) әзірлеу, келісу және бекіту қажеттігін айқындайтын, жобалау және салу жөніндегі мемлекеттік немесе мемлекетаралық техникалық регламенттер

мен нормативтік-техникалық талаптар белгіленбеген, ерекше, бұрын жекелеп немесе жиынтық түрінде қолданылмаған сәулет, көлемдік-жоспарлау, конструкциялық, инженерлік немесе технологиялық шешімдермен сипатталатын үйлер, ғимараттар және олардың кешендері";

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) жоба – жеке және заңды тұлғалардың түпкі ойының мәнін және оны практикада іске асыру мүмкіндігін ашып көрсететін, сәулет, қала құрылысы және құрылыс құжаттамасы (сызбалар, графикалық және мәтіндік материалдар, инженерлік және сметалық есеп-қисаптар), оның ішінде құрылыстың техникалық-экономикалық негіздемесі және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамасы нысанында ұсынылған, адамның мекендеуі мен тыныс-тіршілігіне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі түпкі ойы";

15) тармақша алып тасталсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) жобалар сараптамасы – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, жобалау үшін бастапқы құжаттардың (материалдардың, деректердің) шарттарына жобалық шешімдердің сәйкестігін (сәйкессіздігін) анықтау, сондай-ақ жобалық шешімдер мен есеп-қисаптарда қала құрылысы және техникалық регламенттердің, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттар нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтау арқылы жобалардың сапасына талдау мен бағалау жүргізуден тұратын сараптамалық қызмет. Сараптама мынадай болып бөлінеді:

үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама бойынша "бір терезе" қағидатымен жүргізілетін, объектілердің құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама (салалық және ведомстволық сараптамаларды қамтиды);

қалалық және ауылдық елді мекендерді, қонысаралық аумақтарды, сондай-ақ елді мекендерден тыс орналасатын өндірістік кешендерді дамытудың және оларға құрылыс салудың қала құрылысы жобалары бойынша жүргізілетін, аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді қала құрылысы сараптамасы";

мынадай мазмұндағы 16-1) және 16-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-1) жобалау саласындағы сараптама қызметінің субъектілері – сараптама ұйымдары, сондай-ақ сараптама ұйымдарының штаттағы қызметкерлері болып табылатын не жоба құрамында жекелеген бөлім (бөлік) бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманы орындау үшін немесе кешенді қала құрылысы сараптамасы жөніндегі сараптама комиссияларының (топтарының) жұмысына қатысу үшін штаттан тыс сарапшылар ретінде осы ұйымдар уақытша тартқан сарапшылар;

16-2) жобалау саласындағы сарапшы – жобалардың белгілі бір бөлімдері (бөліктері) бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған, сараптама ұйымдарының бірінің штатында тұрған жеке тұлға

."

17), 18-1) және 20) тармақшалар алып тасталсын;

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) қауіпті ықтимал құрылыс объектілері – өзінің функционалдық мақсаты және өндірістік процестер салдарынан адамның денсаулығы мен өміріне зиян, орны толмас залал келтіретін техногендік және (немесе) экологиялық зілзалалар туындау, жобалануы, салынуы және пайдаланылуы кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі арнайы іс-шаралар талап етілетін басқа да объектілердің жұмыс істеуін бұзу қатері бар қауіпті өндірістік объектілер;"

мынадай мазмұндағы 30-1), 31-1) және 39-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"30-1) құрылысқа салынатын мемлекеттік инвестициялар (бұдан әрі – мемлекеттік инвестициялар) – жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан бар объектілерді реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға) немесе күрделі жөндеуге салынатын инвестициялар, олардың көзі:

республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде бюджеттік инвестицияларға және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджеттік кредит беруге жіберілетін нысаналы қаражат;

мемлекет кепілдігімен не мемлекет кепілгерлігімен мемлекеттік емес қарыздардың нысаналы қаражаты;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты;

концессиялық жобаларды іске асыруға жіберілген қаражат болып табылады;"

"31-1) құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды – техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасын растайтын құжат;"

"39-1) мемлекеттік сараптама ұйымы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және объектілердің құрылыс жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша мемлекеттік монополияға жатқызылған ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүзеге асыратын заңды тұлға;"

44-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"44-1) объектіні пайдалануға қабылдау актісі – объект құрылысының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат;"

мынадай мазмұндағы 44-2), 44-3), 47-1) және 48-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"44-2) орманды саябақ – табиғи орманның барлық элементтері бар орнықты табиғи кешен қалыптастыру үшін іс-шаралар жүргізуді қажет ететін, елді мекен шекарасындағы ортақ пайдаланылатын жерлерде орналасқан табиғи және (немесе) қолдан өсірілетін екпелер;

44-3) орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды – авторлық кадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар орындалған жұмыстардың бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкестігін растайтын құжат;"

"47-1) сараптама ұйымдарының палатасы (бұдан әрі – палата) – мемлекеттік сараптама ұйымын қоспағанда, құрылыс объектілерін жобалау саласында сараптама қызметін жүзеге асыратын, аккредиттелген сараптама ұйымдарының кемінде үшеуінен заңды тұлғалар құратын, бірыңғай коммерциялық емес өзін-өзі реттейтін ұйым;"

"48-1) сәйкестік туралы декларация – мердігер (бас мердігер) құрылысы аяқталған объектіде орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтердің талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;"

2) 3-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қала құрылысы, сәулет-құрылыс және өзге де жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы белгіленген тәртіппен әзірлеу, келісу, сараптамадан өткізу және бекіту;"

3) 14-баптың 2)-тармақшасындағы "пайдалануға құқығы бар." деген сөздер "пайдалануға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) кәсіби қоғамдық ұйымдар құруға құқығы бар.";

4) 17-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қала құрылысы құжаттамасын әзірлеудің, келісудің, сараптамадан өткізудің және бекітудің белгіленген тәртібінен ауытқу, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамадан ауытқу не бекіткен инстанцияның рұқсатынсыз оған өзгерістер енгізу;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеудің, сараптамадан өткізудің және бекітудің белгіленген тәртібінен ауытқу, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамадан ауытқу не бекіткен инстанцияның рұқсатынсыз оған өзгерістер енгізу;"

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Сараптама жүргізу процесінде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында объектінің беріктігіне, орнықтылығына және сенімділігіне тікелей әсер ететін бұзушылықтар анықталған жағдайда, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеген ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Құрылыс процесінде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында салынып жатқан объектінің беріктігіне, орнықтылығына және сенімділігіне тікелей әсер ететін бұзушылықтар анықталған кезде, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеген ұйым, сондай-ақ жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша оң қорытынды берген сарапшы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.";

5) 19-бапта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) жалпы мемлекеттік және мемлекетаралық маңызы бар объектілерді жобалау және салу туралы шешімдер қабылдайды;"

15) тармақша алып тасталсын;

6) 20-бапта:

8) және 11-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, халқының есептік саны бір жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларына, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін өзге де қала құрылысы құжаттамасына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру;"

"11-2) сараптама комиссияларын (сараптама топтарын) құру және ведомстводан тыс кешенді сараптамаға қатысу үшін мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды) тарту қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 11-3), 11-4), 11-5), 11-6) және 11-7) тармақшалармен толықтырылсын:

"11-3) объектілерді салуға арналған жобалар (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

11-4) сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

11-5) қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

11-6) бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту тәртібін айқындау;

11-7) аккредиттелген сараптама ұйымдарының тізілімін жүргізу;"

22) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылардың, сәйкестік туралы декларацияның, объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысандарын әзірлеу және бекіту;"

7) 24-баптың 1-тармағында:

12) және 16) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"12) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;"

"16) халқының есептік саны бір жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру;"

17-2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17-8) тармақшамен толықтырылсын:

"17-8) объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу;"

8) 25-бапта:

1-тармақта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;"

18-2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 18-8) тармақшамен толықтырылсын:

"18-8) объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу;"

2-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;"

3-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;"

9) 26-баптың 9) және 16) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"9) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;"

"16) бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын қайта жоспарлау арқылы рекуонструкциялау туралы шешім қабылдау;"

10) 30-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Елді мекендердің аумақтарында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жергілікті жерлерде реттейтін, аумақтық (облыстық, қалалық) құрылыс салу қағидалары қолданылады."

"3. Құрылыс салу қағидалары сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің жер учаскелерін пайдалануы, елді мекендер аумағы мен қала маңындағы аймақтарды жобалауы және онда құрылыс салуы жөніндегі шарттар мен талаптарды айқындайды, жаңа жылжымайтын мүлік объектілерін орналастыруға және салуға, бұрыннан барын өзгертуге (қайта бейіндеуге, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға, реконструкциялауға, кеңейтуге, күрделі жөндеуге), жер учаскесінің нысаналы мақсатын, үй-жайлардың функционалдық мақсатын өзгертуге, жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға беруге, сондай-ақ бұрыннан бар үйлер мен ғимараттарды бұзуға рұқсат беру рәсімдерінен өту тәртібін белгілейді.";

11) 31-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

12) 31-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мыналарды:

1) жер учаскесіне тиісті құқықтың, бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының, жобалар сараптамасының оң қорытындысының бар-жоғына, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарға құрылыс-монтаждау жұмыстарының жүргізіле бастағаны туралы хабарлануына;

2) хабарламада көрсетілген деректердің анықтығына;

3) лицензияланатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның бар-жоғына;

4) орындалған (орындалып жатқан) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігіне;

5) мердігердің (бас мердігердің) құрылыс сапасын өзіндік өндірістік бақылаудың және қадағалаудың барлық (кіру, операциялық, қабылдау, зертханалық, геодезиялық және басқа да) түрлері мен нысандарын ұйымдастыруы мен жүзеге асыруына;

6) атқарушылық құжаттаманың уақтылы және дұрыс ресімделуіне;

7) объектілерді салу кезінде тапсырыс берушінің (меншік иесінің) техникалық және авторлық қадағалауларды ұйымдастыруы мен жүзеге асыруына;

8) техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардың Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және қадағалауы жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 9 және 10-тармақтармен толықтырылсын:

"9. Осы баптың 3-тармағының 1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген талаптарды сақтауды техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін

бақылау арқылы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары қамтамасыз етеді.

10. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген нормалар мен талаптарды бұзушылықтар анықталған немесе анықталған бұзушылықтар объектіде жойылмаған жағдайда, техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қолдану үшін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарына бұл жөнінде хабарлайды.";

13) 33-бапта:

1-тармақ алып тасталсын;

3-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан және пайдалануға берілген объектілердің мониторингі";

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақшадағы "қолдану жүктеледі." деген сөздер "қолдану;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) техникалық және авторлық қадағалаулар қызметіне бақылауды жүзеге асыру;

6) объектілерді салу кезінде тапсырыс берушінің (меншік иесінің) техникалық және авторлық қадағалауларды ұйымдастыруына және жүзеге асыруына бақылауды жүзеге асыру жүктеледі.";

4-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардан танысу үшін осы құрылыс бойынша қажетті жобалау және атқарушылық техникалық құжаттаманы, сондай-ақ тиісті жобалардың сараптама қорытындысын сұрату және олардан алу";

4) тармақшадағы "бару құқығы беріледі." деген сөздер "бару;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) салынып жатқан объектілер конструкцияларының және қолданылатын құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының жобаның және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтердің талаптарына сәйкестігіне зертханалық сынақтар жүргізу үшін тәуелсіз зертханаларды тарту құқығы беріледі.";

5-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1. Инспекциялау нәтижелері бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша анықтама және анықталған ақаулардың сипаттамасы бар объектілер ведомосі жасалады, бұл жұмысы тексерілген, техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларға, сондай-ақ тапсырыс берушіге (меншік иесіне) беріледі.";

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтардағы немесе іске асыру кезінде арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар құрылыстан, Қазақстан Республикасының астанасында салынып жатқан, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен салынып жатқан жеке тұрғын үйлер құрылысынан басқа, азаматтардың жеке пайдалануына арналған жеке тұрғын үйлер мен басқа да техникалық жағынан күрделі емес құрылыстар салу;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысы, оның орынбасарлары және лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру кіретін штат қызметкерлері тиісінше Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторының орынбасарлары және мемлекеттік құрылыс инспекторлары болып табылады.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелердің басшылары, олардың орынбасарлары және лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру кіретін штат қызметкерлері тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік құрылыс инспекторлары, бас мемлекеттік құрылыс инспекторының орынбасарлары және мемлекеттік құрылыс инспекторлары болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану құқығы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы мен оның орынбасарларына, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік құрылыс инспекторларына беріледі.";

14) 34-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Авторлық қадағалауды жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеушілер, осы Заңның 33-бабының 6-тармағында және 74-бабының 1-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, барлық құрылыс объектілерінде жүзеге асырады.

2. Объектілерді салу барысында жүргізілетін авторлық қадағалау шарт негізінде жүзеге асырылады.

Авторлық қадағалау міндетті түрде объектіні салудың (реконструкциялаудың, реставрациялаудың, кеңейтудің, техникалық қайта жарактандырудың, жаңғыртудың, күрделі жөндеудің) не аяқталмаған объектілер құрылысын консервациялаудың бүкіл кезеңі ішінде қолданыстағы нормативтерге сәйкес объектілерді салуға арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделетін қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Құрылыс объектісі аяқталған кезде авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлға тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды береді.";

мынадай мазмұндағы 2-2, 2-3 және 2-4-тармақтармен толықтырылсын:

"2-2. Авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардың:

1) салынып жатқан тиісті объектіге еркін кіруге;

2) салынып жатқан объектіге қатысы бар құжаттамамен танысуға;

3) авторлық қадағалау журналына енгізілген өз нұсқауларының орындалуына бақылауды жүзеге асыруға;

4) тапсырыс берушіден және мердігерден (бас мердігерден) бекітілген жобада көзделген жобалық шешімдердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы мен мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтер талаптарының мүлтіксіз сақталуын талап етуге;

5) мердігердің (бас мердігердің) құрылыс барысында өзі жол берген мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерді бұзушылықтарды және (немесе) бекітілген жобада көзделген жобалық шешімдерден ауытқуларды міндетті түрде жоюы туралы жазбаша нұсқаулар беруге құқығы бар.

2-3. Авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар:

1) құрылыс барысында бекітілген жобада көзделген жобалық шешімдердің дәл орындалуын қамтамасыз етуге;

2) авторлық қадағалау журналын тұрақты және тиісінше жүргізуді жүзеге асыруға;

3) жасырын жұмыстарды куәландыру мен жауапты конструкцияларды аралық қабылдау актілерін ресімдеуге және оларға қол қоюға қатысуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына негізделген өзгерістер енгізу жөнінде шешімдерді уақтылы қабылдауға;

5) мердігер (бас мердігер) нұсқауды орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, бұл жөнінде тапсырыс берушінің назарына жеткізуге, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органының тиісті бөлімшесіне хабарлауға міндетті.

2-4. Авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар жүктелген міндеттерді орындамағаны (тиісінше орындамағаны) не өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.";

15) 34-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 33-бабының 6-тармағында және 74-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерді қоспағанда, барлық құрылыс объектілерінде міндетті түрде техникалық қадағалау жүзеге асырылады.

Құрылыс объектісі аяқталған кезде техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды береді.";

мынадай мазмұндағы 4, 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардың:

1) салынып жатқан объектіге еркін кіруге;

2) салынып жатқан объектіге қатысы бар құжаттамамен танысуға;

3) мердігерден (бас мердігерден) бекітілген жобада көзделген жобалық шешімдер мен есептердің, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің технологиялық процесін айқындайтын ұйымдық-технологиялық құжаттар талаптарының мүлтіксіз сақталуын талап етуге;

4) белгіленген мерзімдерде нұсқауларды орындау үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұру құқығымен, мердігердің (бас мердігердің) құрылыс барысында өзі жол берген мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерді бұзушылықтарды, бекітілген жобада көзделген жобалық шешімдерден және (немесе) ұйымдық-технологиялық құжаттардың талаптарынан ауытқуларды міндетті түрде жоюы туралы жазбаша нұсқаулар беруге құқығы бар.

5. Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар:

1) мердігердің (бас мердігердің) құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің технологиялық процесін айқындайтын ұйымдық-технологиялық құжаттардың талаптарын сақтауына қадағалауды қамтамасыз етуге;

2) құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапалы орындалуын қамтамасыз етуге;

3) объектіде осы Заңның 31-1-бабы 3-тармағының 1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген талаптардың сақталуына қадағалауды қамтамасыз етуге;

4) техникалық қадағалау журналын тұрақты және тиісінше жүргізуді жүзеге асыруға;

5) жасырын жұмыстарды куәландыру мен жауапты конструкцияларды аралық қабылдау актілерін ресімдеуге және оларға қол қоюға қатысуға;

6) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органына ай сайынғы негізде объект құрылысының жай-күйі және барысы туралы есепті ұсынуға;

7) мердігер (бас мердігер) нұсқауды орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, бұл жөнінде тапсырыс берушінің назарына жеткізуге, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органының тиісті бөлімшесіне хабарлауға;

8) техникалық қадағалау журналына енгізілген өз нұсқауларының орындалуына бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

6. Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлға міндеттерді орындамағаны (тиісінше орындамағаны) не өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.";

16) мынадай мазмұндағы 34-2 және 34-3-баптармен толықтырылсын:

"34-2-бап. Құрылысқа тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттері

1. Құрылысқа тапсырыс беруші:

1) мердігер (бас мердігер) орындап жатқан жұмыстардың барысы мен сапасына және олардың орындалу мерзімдерінің сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;

2) мердігерден талаптар бұзыла отырып орындалған жұмыстарды қабылдамауға;

3) техникалық қадағалау қызметін бақылауға;

4) сәйкессіздіктер анықталған жағдайда техникалық және авторлық қадағалаулардың қорытындыларын алудан бас тартуға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Құрылысқа тапсырыс беруші:

1) құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін мердігерге (бас мердігерге) бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын беруге;

2) объектіні Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қажетті рұқсат беру құжаттарымен қамтамасыз етуге;

3) техникалық және авторлық қадағалаулармен қолдау арқылы объектінің құрылысын қамтамасыз етуге;

4) мердігерге (бас мердігерге) техникалық және авторлық қадағалаулардың нұсқауларын орындамағаны не уақтылы орындамағаны және сапасыз орындағаны үшін шаралар қолдануға;

5) техникалық және авторлық қадағалау үшін жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге;

6) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының нұсқамаларын орындауды қамтамасыз етуге;

7) техникалық қадағалау қызметін бақылау бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарының объектіге жіберілуін қамтамасыз етуге;

8) объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде объектінің тұрған жері бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарына объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін, сәйкестік туралы декларацияны және орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және олардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындыны жіберуге;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

34-3-бап. Мердігердің (бас мердігердің) құқықтары мен міндеттері

1. Мердігер (бас мердігер) тапсырыс берушіден:

1) жасалған шарт шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті жағдайлар ұсынуды;

2) объектіні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық қажетті рұқсат беру құжаттарымен қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.

2. Мердігер (бас мердігер):

1) құрылыс-монтаждау жұмыстарын тапсырыс беруші ұсынған бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына, Қазақстан Республикасы заңнамасының және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асыруға;

2) құрылыс сапасын өзіндік өндірістік бақылаудың барлық (кіру, операциялық, аралық, қабылдау, зертханалық, геодезиялық және басқа да) түрлері мен нысандарын жүзеге асыруға;

3) атқарушылық техникалық құжаттаманы тиісінше және уақтылы жүргізуді қамтамасыз етуге;

4) құрылыс процесінде анықталған кемшіліктерді (ақаулар мен шалағайлықтарды) уақтылы жоюға;

5) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының сауалы бойынша орындалып жатқан (орындалған) құрылыс-монтаждау жұмыстарының және қолданылатын құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының сапасына зертханалық бақылау жүргізуге;

6) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының техникалық қадағалау қызметін бақылау бойынша лауазымды адамдарының объектіге жіберілуін қамтамасыз етуге;

7) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының нұсқамаларын, техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардың нұсқауларын орындауға;

8) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының жұмысына кедергі келтіруге және араласуға жол бермеуге;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.";

17) 35-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және жергілікті атқарушы органдардың штат қызметкерлері жатады.";

4) тармақша алып тасталсын;

18) 60-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қосымша жер учаскесін бөлуді (аумақ кесіп беруді) талап етпейтін, тіреу конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен коммуникацияларды қандай да бір өзгертуге байланысты емес, сәулеттік-эстетикалық, өртке қарсы, жарылысқа қарсы және санитариялық сапаларды нашарлатпайтын, пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізбейтін, тұрғын үйлердегі (тұрғын ғимараттардағы) тұрғын және

тұрғын емес үй-жайларды реконструкциялауды (қайта жоспарлауды, қайта жабдықтауды);";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу тәртібі, оның міндетті құрамы мен мазмұны сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік нормативтермен белгіленеді.";

9-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптамамен расталуға тиіс, Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік нормативтік құжаттарда белгіленген, өрт және жарылыс қауіпсіздігі, конструкциялардың сенімділігі, объектінің жұмыс істеу орнықтылығы және еңбекті қорғау нормаларын сақтау;"

19) 63-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жаңа үйлер мен ғимараттардың, олардың кешендерінің, инженерлік және көлік коммуникацияларының құрылыс жобасы (жобалау-сметалық құжаттамасы) объектінің орналасқан жерінің қала құрылысы тұрғысынан негізділігін, құрылыс жүргізу және құрылысы аяқталған объектіні пайдалануға тапсыру үшін қажетті көлемде экономикалық, сәулет, көлемдік-жоспарлау, функционалдық, технологиялық, конструкциялық, инженерлік, табиғат қорғау, энергия үнемдеу шешімдері мен өзге де шешімдерді қамтуға тиіс.

Құрылыс жобаларына жүргізілген техникалық зерттеп-қарау нәтижелері негізінде орындалған және:

1) тарих және мәдениет ескерткіштеріне жатпайтын, бұрыннан бар объектілерді күрделі жөндеуге немесе үйлер мен ғимараттарды реставрациялауға;

2) пайдаланылатын объектілерді реконструкциялауға, кеңейтуге, жаңғыртуға немесе техникалық қайта жарактандыруға;

3) авариялық үйлер мен ғимараттарды бұзуды қоспағанда, өз ресурсын тауысқан бөлшектенетін объектілерді кейіннен кәдеге жаратуға;

4) құрылысы тоқтатыла тұрған аяқталмаған объектілерді консервациялауға (консервациядан алуға) арналған жобалау-сметалық құжаттама да жатады.";

20) 64-бап алып тасталсын;

21) мынадай мазмұндағы 9-1-тараумен толықтырылсын:

"9-1-тарау. Жобалар сараптамасы

64-1-бап. Құрылыс және аумақтардың қала құрылысын жоспарлау саласындағы жобаларға сараптама

1. Объектілердің құрылысы саласындағы жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптаманы сараптама ұйымдары жүргізеді және техникалық-экономикалық негіздемелердің немесе жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімдері (бөліктері) бойынша аттестатталған сарапшылар жүзеге асырады.

Аумақтардың қала құрылысын жоспарлау саласындағы жобаларға кешенді қала құрылысы сараптамасын сараптама комиссиялары немесе сараптама топтары жүргізеді, олардың құрамына қала құрылысы жобаларының тиісті бөлімдері (бөліктері) бойынша аттестатталған сарапшылар кіреді.

Оң сараптама қорытындылары қаралған жобаларды бекіту үшін негіз болып табылады.

2. Міндетті сараптамаға:

1) кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуді талап ететін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті өкілді органдардың бекітуіне жататын, аумақтарды дамытудың және оларға құрылыс салудың қала құрылысын жоспарлау жобалары;

2) бюджет қаражаты есебінен немесе осы қаражаттың қатысуымен қаржыландырылатын, сондай-ақ бюджет қаражатының қатысуынсыз тұрғызылатын, бірақ шығарылатын өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің көлеміндегі мемлекеттік меншіктің үлесі заңнамада белгіленген тәртіппен көзделетін, сондай-ақ мемлекет кепілдігімен не мемлекет кепілгерлігімен мемлекеттік емес қарыз қаражаттың қатысуынсыз тұрғызылатын үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама жатады.

3. Жобалануы мен салынуы кезең-кезеңмен көзделетін объектілер мен кешендер бойынша жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама сараптамалық қолдау режимінде осы жобаны әзірлеудің тиісті кезеңдері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Сараптамалық қолдауды жүзеге асыру тәртібі сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік нормативтерде белгіленеді.

4. Бюджет қаражатының немесе мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандарының қатысуынсыз қаржыландырылатын техникалық жағынан күрделі емес объектілердің құрылыс жобалары мынадай объектілер бойынша міндетті сараптамаға жатпайды:

1) республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының сәулет-жоспарлау тапсырмасына сәйкес лицензиясы бар тұлғалар орындаған жеке тұрғын үйлер. Бұл талап Қазақстан Республикасының астанасындағы жеке тұрғын үй құрылысына қолданылмайды;

2) маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған уақытша құрылыстар, тұрғын және тұрмыстық үй-жайлар;

3) жеке үй жанындағы учаскелердің аумағындағы, сондай-ақ бағбандық және бақшалық серіктестіктерінің (қоғамдарының) учаскелеріндегі шаруашылық-тұрмыстық құрылыстар;

4) жұмыс істеп тұрған инженерлік желілерді өзгертуді талап етпейтін үй жанындағы учаскелер мен саяжай учаскелерін абаттандыру;

5) контейнермен және блокпен орындалатын ықшам кешендер, сондай-ақ құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылатын және санитариялық-эпидемиологиялық қызметтермен келісуді талап етпейтін сауда объектілеріне, қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсету объектілеріне арналған бір қабатты үйлер (ғимараттар);

6) автомашиналар саны елу бірліктен аспаған кезде ашық үлгідегі автотұрақтар, сондай-ақ екеуден аспайтын автомашинаға арналған бокстері бар гараждар;

7) бұрыннан бар үйлерде жүзеге асырылатын және тіреу конструкцияларын өзгертуді талап етпейтін өндірістік емес мақсаттағы үй-жайларды қайта жоспарлау (қайта жабдықтау);

8) инженерлік желілерді электр коррозиясынан қорғау;

9) желілік инженерлік жолдар мен оларға арналған ғимараттарға олардың жағдайын, салыну белгілерін, құбырлардың диаметрін өзгертуді талап етпейтін күрделі жөндеу;

10) шағын сәулеттік нысандар мен аумақтардың қоршаулары;

11) үйлердің (ғимараттардың) маңындағы ашық спорт алаңдары, тротуарлар, төселген тастар;

12) технологиялық ресурсы таусылған және кәсіпорынды (цехты) реконструкциялауды немесе қайта бейіндеуді талап етпейтін технологиялық немесе инженерлік жабдықтардың бірліктерін жөндеу және ауыстыру;

13) лицензиясы бар тұлғалар орындаған және қосымша жер учаскесін бөлуді (аумақ кесіп беруді) талап етпейтін, конструкциялардың есептік беріктігін төмендетпейтін, сәулеттік-эстетикалық, өртке қарсы, жарылысқа қарсы және санитариялық сапаларын нашарлатпайтын, пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізбейтін, бұл жөнінде жоба авторының (жобаның бас инженерінің, жобаның бас сәулетшісінің) тиісті жазбасы бар, тұрғын үйлердегі (тұрғын ғимараттардағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау);

14) меншік иелерінің жеке пайдалануына арналған техникалық жағынан күрделі емес басқа да құрылыстар.

Көрсетілген жобалар бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама тапсырыс берушінің қалауы бойынша ғана жүргізілуі мүмкін.

5. Бұрын салалық және ведомстводан тыс кешенді сараптамалардың оң қорытындылары берілген, құрылыстың бекітілген жеке жобаларын қайта қолдану кезінде, сондай-ақ жаппай құрылысқа арналған қолданыстағы үлгілік жобаларды қайта байланыстыру кезінде қайталама салалық сараптамалар жүргізілмейді, бірақ бұл жобаларды нақты жергілікті жерге және жағдайларға байланыстыру бөлігінде ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өтеді.

6. Міндетті ведомстводан тыс кешенді сараптамаға жататын құрылыс жобаларын (техникалық-экономикалық негіздемелерді немесе жобалау-сметалық құжаттаманы), оның оң қорытындысы болмаса, бекітуге және одан әрі іске асыруға жол берілмейді.

7. Құрылыс жобаларының (техникалық-экономикалық негіздемелердің немесе жобалау-сметалық құжаттаманың) тапсырыс берушісі осы жоба бойынша сараптама жұмыстарының тапсырыс берушісі де болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларда, тапсырыс берушінің міндетіне құрылыс жобаларын әзірлеуге және оларға сараптама жасауға бөлек конкурстарды ұйымдастыру және өткізу кіреді. Бөлек конкурстар жобаны дайындау мен өткізілген конкурс нәтижелері бойынша сол уақытқа жеңімпаз деп айқындалған сараптама ұйымына оны ұсыну арасында үзіліс болмайтындай мерзімдерде өткізіледі.

8. Ведомстводан тыс кешенді сараптамаға жататын, бірақ мемлекеттік монополияға жатпайтын және мемлекеттік сатып алу нысанасы болып табылмайтын жобалардың тапсырыс берушісі сараптама жүргізу үшін өз қалауы бойынша кез келген аккредиттелген сараптама ұйымын таңдауға құқылы.

9. Тапсырыс берушілер ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін мемлекеттік нормативтерде көзделген құжаттардың толық жинақталымын ұсынуға міндетті. Сараптама жүргізу үшін ұсынылған құжаттардың анықтығына тапсырыс беруші жауапты болады.

10. Сараптама ұйымдары сараптама комиссияларын (сараптама топтарын) құрады, сондай-ақ мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды), оның ішінде шет мемлекеттің тиісті органы берген сараптама қызметімен айналысу құқығына арналған құжаттары бар шетелдік сарапшыларды тартады.

Қаралатын жобаларды дайындауға және (немесе) әзірлеуге тікелей немесе жанама қатысқан не оларды әзірлеген жобалау ұйымдарының өкілдері болып табылатын мамандарды сараптама комиссияларының (сараптама топтарының) құрамына кіргізуге, сондай-ақ жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптамаға қатысудың өзге де нысанына тартуға жол берілмейді.

11. Тапсырыс берушілер және жобалаушылар, сондай-ақ сарапшылар немесе сараптама ұйымдары тараптардың бірі жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүргізу немесе оның нәтижелерін қорыту тәртібін бұзған жағдайларда, осы өтінішін негіздей отырып, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

Тапсырыс беруші жүргізілген ведомстводан тыс кешенді сараптаманың нәтижелерімен келіспеген кезде сарапшылардың қорытындысына сот тәртібімен шағым жасауы мүмкін.

12. Тапсырыс беруші сапасыз әзірленген және бұрын сараптамамен мақұлданған жобаға және (немесе) құрылыс барысында анықталған бекітілген жобадан негізсіз ауытқуларға байланысты жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына өзгерістер енгізу қажеттігін анықтаған жағдайда да сараптама жүргізіледі.

Мұндай жағдайда, тапсырыс беруші сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға тиісті ақпаратты жібереді.

64-2-бап. Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманың құны және оны жүргізу мерзімдері

1. Құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптама қаралып отырған жобаны әзірлеу құнына шығындарды жатқыза отырып, сараптамаға тапсырыс берушілер мен сараптама ұйымдары жасасатын шарттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Қаржыландыру көзіне қарамастан, мемлекеттік сараптама ұйымы орындайтын сараптама жұмыстарының құны сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен баға бойынша айқындалады.

3. Аккредиттелген сараптама ұйымдары орындайтын сараптама жұмыстарының құны тапсырыс беруші мен сараптама ұйымы арасындағы шартқа сәйкес белгіленеді.

Мемлекеттік сатып алу шеңберінде орындалатын шарттар бойынша сараптама жұмыстарының құны сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен баға бойынша айқындалатын құннан төмен болмауға тиіс.

4. Құрылыстың техникалық-экономикалық негіздемесіне, сондай-ақ құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу тәртібі мен ұзақтығы (мерзімдері) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен айқындалады және құрылыс объектілерін жобалау саласындағы сараптама қызметінің барлық субъектілері үшін бірыңғай болып табылады.

64-3-бап. Жобаларға сараптама түрлері

1. Жобаларға сараптама мынадай түрлерге бөлінеді:

1) аккредиттелген сараптама ұйымдары немесе тиісті аттестаты бар сарапшылар жүзеге асыратын, құрылысқа арналған жобаларға сараптама (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама);

2) мемлекеттік монополияға жатқызылған құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптама;

3) мыналар:

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жобалар бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган құратын сараптама комиссиялары;

мәслихаттар бекітетін жобалар бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдар құратын сараптама топтары жүзеге асыратын, қала құрылысының әр түрлі деңгейдегі жобаларына міндетті сараптама – кешенді қала құрылысы сараптамасы;

4) мүдделі мемлекеттердің уәкілетті органдары құратын халықаралық сараптама комиссиялары жүзеге асыратын, объектілерді жобалау және салу немесе аралас шекара маңы аумақтарының қала құрылысын жоспарлау бойынша тиісті халықаралық шарттардың екі және одан да көп қатысушы мемлекеттері үшін өзара мүддені білдіретін жобаларға мемлекетаралық сараптама.

2. Әр түрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобалары (қала құрылысы жобалары) осы Заңда, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерде белгіленген тәртіппен кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтеді. Кешенді қала құрылысы сараптамасының оң қорытындылары тиісті деңгейдегі қала құрылысы жобаларын бекіту және оларды одан әрі іске асыру үшін негіз болып табылады.

3. Екі және одан да көп елдердің мүдделерін қозғайтын жобалар бойынша мемлекетаралық сараптама жүргізу тәртібі халықаралық шартқа сәйкес белгіленеді.

64-4 бап. Мемлекеттік монополияға жатқызылған сараптама қызметі

1. Мемлекеттік монополияға:

1) мыналарға:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекетаралық (халықаралық) маңызы бар объектілерге жатқызылған жаңа объектілерді;

жаңа бірегей құрылыс объектілерін;

бюджет қаражаты есебінен немесе мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандарының қатысуымен қаржыландырылатын техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салу жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға);

2) егер жобаның қалған бөліктері бойынша сараптаманы аккредиттелген сараптама ұйымы жүргізсе, мемлекеттік инвестициялардың қатысуымен қаржыландырылатын объектілерді салуға арналған техникалық-экономикалық негіздеменің немесе жобалау-сметалық құжаттаманың құрамынан туындаған сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жатады.

2. Мемлекеттік монополияға жататын ведомстводан тыс кешенді сараптаманы қандай да бір өзге қызметпен айналысуға құқылы емес мемлекеттік сараптама ұйымы жүзеге асырады.

3. Осы баптың талаптары Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрме объектілеріне қолданылмайды.

64-5-бап. Аккредиттелген сараптама ұйымдары

1. Аккредиттелген сараптама ұйымдары:

осы Заңның 64-4-бабының 1-тармағында көзделген жобаларды қоспағанда, құрылысқа арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) міндетті ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізеді;

палата құрылған кезден бастап оның мүшелері (қауымдастырылған мүшелері) болуға міндетті.

2. Аккредиттелген сараптама ұйымдары, егер:

1) объектілердің құрылысы сараптаманы кезең-кезеңмен жүргізу арқылы қолдау табатын (сараптамалық қолдау), тиісті кезеңдер бойынша әзірленетін жобалау-сметалық құжаттама бойынша кезең-кезеңмен жүргізілуге тиіс болса;

2) объектілердің (кешендердің) құрылысы іске қосу кешендері немесе кезек бойынша көзделсе;

3) инженерлік немесе көліктік инфрақұрылымның желілік құрылыстарын салу жеке учаскелерге (кесінділерге) бөлінсе, жергілікті сараптама қорытындыларын бере отырып, жобаға арналған құжаттардың толық жинақталымына тұтастай да, жобаның жекелеген бөлімдеріне (бөліктеріне) де сараптама жүргізуге құқылы.

Жобаның жекелеген бөлімдері (бөліктері) бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың жергілікті қорытындылары жобалау-сметалық құжаттаманы тұтастай бекіту үшін негіздер болып табылмайды, бірақ жиынтық сараптама қорытындысының құрамында пайдаланылады. Техникалық зерттеп-қарау нәтижелері негізінде объектідегі тозған элементтерді немесе инженерлік жүйелерді ауыстыру арқылы пайдалану сапаларын қалпына келтіру мақсатында күрделі жөндеу жүргізу үшін сметалық құжаттаманы әзірлеу ғана талап етілетін жағдайларға, бұл талап қолданылмайды.

3. Міндетті түрде ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді талап етпейтін құрылыс жобаларына осы сараптаманы тапсырыс берушінің шешімі бойынша аккредиттелген сараптама ұйымы да жүргізуі мүмкін.

4. Аккредиттелген сараптама ұйымдары, осы Заңда көзделген сараптама қызметін қоспағанда, қандай да бір өзге қызметпен айналысуға құқылы емес.

64-6-бап. Құрылыс объектілерін жобалау саласындағы сарапшылар

1. Құрылыс объектілерін жобалау саласында сараптама қызметімен айналысу құқығына аттестат алу үшін жеке тұлғаның тиісті мамандық бойынша жоғары білімі, объектілер құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемелердің немесе жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімі (бөлігі) бойынша жобалау саласында кемінде бес жыл жұмыс өтілі болуға және аттестаттаудан өтуі тиіс.

2. Үш жыл бойы практикалық сараптама қызметімен айналыспаған аттестатталған сарапшы қайта аттестаттаудан өткеннен кейін ғана сараптама қызметін жүзеге асыруға жіберіледі.

3. Сарапшыларды басқа аккредиттелген немесе мемлекеттік сараптама ұйымымен жасалған шарт бойынша штаттан тыс сарапшылар ретінде тарту, сондай-ақ сараптама ұйымы басшылығының тапсырмасы бойынша жобаның жекелеген бөлімдеріне (бөліктеріне) сараптамалар орындау жағдайларын қоспағанда, олар сараптама қызметін жеке-дара жүзеге асыруға құқылы емес.

64-7-бап. Аккредиттелген сараптама ұйымдарын және аттестатталған сарапшыларды есепке алу

Аккредиттелген сараптама ұйымдарын және аттестатталған сарапшыларды есепке алу тізілімдерді жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Аккредиттелген сараптама ұйымдарының тізілімі заңды тұлғаның деректемелері, аккредиттеу туралы куәліктің берілген күні мен нөмірі туралы, жобалардың әртүрлі бөлімдеріне сараптама бойынша мамандандырылған аттестатталған сарапшылардың штатта бар-жоғы туралы ақпарат жиынтығын, сондай-ақ осы заңды тұлғаға қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, қолданылған жауаптылық шаралары туралы мәліметтерді қамтиды.

Аттестатталған сарапшылардың тізілімі сарапшының жеке деректері, аттестаттың берілген күні мен нөмірі туралы, мамандануы, білімі және кәсібі бойынша жұмыс өтілі туралы ақпарат жиынтығын, сондай-ақ сарапшыға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, қолданылған жауаптылық шаралары туралы, оның ішінде сарапшыны жосықсыз деп тани отырып аттестатынан айыру туралы мәліметтерді қамтиды.

64-8-бап. Сараптама қызметі субъектілерінің құқықтары, міндеттері және жауаптылығы

1. Сараптама ұйымдарының құқықтары мен міндеттері осы Заңда және өз жарғыларында белгіленеді.

2. Сарапшы:

1) сараптама комиссияларының (сараптама топтарының) құрамында аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобалары бойынша кешенді қала құрылысы сараптамасына қатысуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жобаның бөліміне (бөлігіне) тапсырыс берушілерден және оны әзірлеушілерден қажетті материалдар мен ақпаратты сұратуға және алуға;

3) аттестатта көрсетілген кәсіптік мамандануына сәйкес жобалардың жекелеген бөлімдері (бөліктері) бойынша сараптаманы жүзеге асыруға, олар бойынша сараптама қорытындысының тиісті бөліктерін жасауға, тапсырыс беруші кері қайтарып алынатын сараптама қорытындыларының түйіндерінде ескертілген шарттарды (талаптарды) орындамаған жағдайларда, сараптама ұйымының бұрын берілген қорытындыларды кері қайтарып алуына бастамашы болуға құқылы. Жобаның жекелеген бөлімдері (бөліктері) бойынша сарапшы жасаған жергілікті қорытындылар жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын тұтастай бекітуге негіздер болып табылмайды, бірақ жиынтық сараптама қорытындысының құрамында пайдаланылады;

4) педагогикалық, ғылыми және (немесе) өзге де шығармашылық қызметпен айналысуға құқылы.

3. Сарапшыға:

1) дайындауға сарапшының өзі тікелей немесе жанама қатысқан не жұбайының (зайыбының) және (немесе) жақын туыстарының қатысуымен орындалған жобалар бойынша сараптама жүргізуге;

2) кәсіпкерлік қызметтің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметімен байланысты өзге де түрлерімен айналысуға;

3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің өзге де субъектілерімен еңбек, қаржылық және (немесе) басқа да тәуелді қатынастарда болуға тыйым салынады.

4. Сарапшы:

1) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін сараптама ұйымдарының біреуінде штатта тұруға;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, қаралатын жобалар бойынша құпиялықты сақтауға және қызметтік және коммерциялық құпияны қамтамасыз етуге;

3) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, аттестат нөмірі және оның берілген күні көрсетілген мөрі болуға;

4) өзінің кәсіптік біліктілігін кезең сайын арттырып отыруға;

5) кәсіптік әдепті сақтауға міндетті.

5. Сараптаманың сапасыз жүргізілу фактілері анықталған жағдайларда, сараптама ұйымдары мен сарапшылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Сараптама жүргізілгеннен кейін бекітуге ұсынылған сапасыз жобалар үшін сараптама ұйымдары жобалардың тиісті әзірлеушілерімен қатар жауаптылықта болады.

64-9-бап. Сараптама қызметінің тәуелсіздігі

1. Сарапшылар өз қызметінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінен тәуелсіз болады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, құжаттаманы сараптамаға қабылдау, жобаларды қарау, олар бойынша сараптама қорытындыларын дайындау және ресімдеу барысында сарапшылардың немесе сараптама ұйымдарының жұмысына араласуға ешкім де құқылы емес.

3. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің өзге де субъектілері сарапшылар мен сараптама ұйымдарының кәсіптік қызметіне араласқаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

64-10-бап. Сараптама ұйымдарына қойылатын талаптар

1. Сараптама ұйымдарының құрамында жобаның негізгі бөлімдеріне сәйкес мамандандыру бойынша аттестатталған кемінде бес сарапшы болуға тиіс.

2. Сараптама ұйымдары мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларына сәйкес аккредиттеуден өтуге;

2) іс қағаздарын жүргізу шеңберінде құжаттардың сараптамаға келіп түскен күні мен сараптама қорытындылары берілген күннің есебін жүргізуге міндетті.

64-11-бап. Аккредиттелген сараптама ұйымдарының кәсіптік бірлестігі

1. Палата қызметі осы Заңмен, Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасымен және жарғымен реттеледі.

Кіру жарналарын алуға жол берілмейді.

2. Палатаның жоғары басқару органы оның мүшелерінің жалпы жиналысы (өкілдер жиналысы) болып табылады.

3. Палатаны басқарудың атқарушы органы оның мүшелерінің жалпы жиналысы (өкілдер жиналысы) сайлаған басқарма болып табылады.

Палата басқармасының құрамына сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның кемінде үш өкілі де кіреді.

4. Палатаның функцияларына:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру, қорғау;

2) сараптама ұйымдарын аккредиттеу және аккредиттелген сараптама ұйымдарының тізілімін жүргізу;

3) сарапшылардың біліктілігін арттырудың тұрақты жұмыс істейтін курстарын өткізу;

4) сарапшылар мен сараптама ұйымдары жұмысының оң тәжірибесіне талдау жүргізу, оны қорыту және тарату;

5) сарапшылардың әдеп кодексін әзірлеу және оның сақталуын тексеру;

6) жарғыда көзделген өзге де функциялар жатады.

5. Палата өзінің интернет-ресурсында аккредиттелген сараптама ұйымдары туралы ақпаратты орналастырады.";

22) 66-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер мердігерді таңдау жөніндегі конкурс (тендер) шарттарында инвестицияларға негіздемелер жасау және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу тапсырыс берушінің міндетіне кіретіні айқындалса, онда мердігерлік жұмыстарға конкурс (тендер) өткізу кезінде тапсырыс берушіде қажетті міндетті ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өткен, белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялар негіздемесі мен жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы болуы міндетті.";

23) 68-баптың 10 және 11-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жобалауға арналған тапсырмаға, сәулет-жоспарлау тапсырмасына және өзге де бастапқы материалдарға сәйкес әзірленген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы мемлекеттік нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келісуден, ведомстводан тыс кешенді сараптамадан және бекітуден өтеді.

Құжаттамаға сараптама осы Заңның 9-1-тарауында белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

11. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді бастағанға дейін тапсырыс беруші мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдарға "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабар беруге міндетті.

Бұл ретте, жобалаушы техникалық жағынан күрделі емес объектілерді энергиямен жабдықтау желілеріне қосу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің басталғаны туралы хабар беруге құқылы.";

24) 73-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"73-бап. Объектілерді пайдалануға қабылдау және беру тәртібіне қойылатын жалпы талаптар

1. Салынған объектілерді қабылдау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және осы Заңмен реттеледі.

2. Тапсырыс беруші салынған объектіні пайдалануға қабылдау мен беруді бекітілген жобаға сәйкес ол толық әзір болған және сәйкестік туралы декларация, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар болған кезде жүргізеді.

Бұл ретте салынған объектінің толық дайындығы құрылыс салуды ұйымдастыру және құрылыс саласындағы рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларына сәйкес айқындалады.

Осы Заңның 74-бабында көзделген жекелеген жағдайларда, салынған объектіні пайдалануға қабылдауды меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылыс салушы) өз бетінше жүргізеді.

3. Құрылысы аяқталмаған объектілерді пайдалануға қабылдау және беру кезінде құрылысқа қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актімен ресімделеді.

Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітілуге жатады.

Қабылдау актісін бекітуді тапсырыс беруші жүргізеді.

Тапсырыс беруші объектіні пайдалануға қабылдау актісін бекіткен күн объектінің пайдалануға берілген күні деп есептеледі.

5. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісіне сәйкестік туралы декларацияның және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі мен құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындылардың негізінде тапсырыс беруші, мердігер (бас мердігер), техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын адамдар қол қояды.

Объект бұзушылықтармен және құрылыстағы шалағайлықтармен пайдалануға қабылданған жағдайда, объектіні пайдалануға қабылдауға қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

6. Объектіні пайдалануға қабылдауға қатысушылардың міндеттеріне:

- 1) құрылысы аяқталған объектінің дайындығын анықтау және құжаттамалық растау ;
- 2) орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының және монтаждалған технологиялық, инженерлік немесе өзге де жабдықтың белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына, нормативтік талаптарға (шарттарға, шектеулерге) сәйкестігін бағалау;
- 3) жұмыстарды орындаушының бекітілген жобаның нормативтік талаптарын сақтау бойынша не ауытқулардың бар-жоғы бойынша іс-қимылын белгілеу және оларды мемлекеттік нормативтерде белгіленген тәртіппен келісу;
- 4) объектінің қолданысқа енгізілетін қуатының (сыйымдылығының, өткізу қабілетінің) жобада бекітілген көрсеткіштерге сәйкестігін белгілеу;
- 5) сәулет-құрылыс, инженерлік және технологиялық шешімдердің, сондай-ақ тұтастай объектінің прогрессивтілігін бағалау;
- 6) монтаждалған технологиялық жабдық пен инженерлік жүйелерді бақылап сынамалау мен сынақтар жүргізу;
- 7) объект пайдалануға жарамсыз болған жағдайда, тапсырыс берушіге тиісті уәжді қорытынды беру кіреді.

7. Объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі болмаса салынған объектіні пайдалануға жол берілмейді.

8. Тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінде тіркелген, объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органда объектіні тіркеу үшін негіз болып табылады.";

25) 74-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тіреу және қоршау конструкцияларын өзгертуге байланысты емес, бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта жоспарлау арқылы реконструкциялауды;"

26) 75-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"75-бап. Объектілерді пайдалануға қабылдау тәртібі

1. Мердігерден (бас мердігерден) объектіні қабылдауды техникалық және авторлық қадағалаулармен бірлесіп тапсырыс беруші жүзеге асырады.

2. Мердігерден (бас мердігерден) объектінің пайдалануға қабылдауға дайындығы туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін тапсырыс беруші объектіні пайдалануға қабылдауды жүзеге асырады.

3. Мердігерден (бас мердігерден) объектінің дайындығы туралы хабарлама алған күннен бастап тапсырыс беруші мердігерден (бас мердігерден) және техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардан сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды сұратады.

Мердігер (бас мердігер) мен техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалар тапсырыс берушіден сұратуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды не теріс қорытындыларды ұсынады.

Орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы авторлық қадағалау қорытындысы егер бұл қолданыстағы нормалар мен қағидаларға қайшы келмесе, өнім берушілердің инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету бойынша объектіні жобалау кезінде бұрын берілген техникалық шарттарға сәйкес олар көрсететін қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етуі үшін негіз болады.

4. Тапсырыс беруші сәйкестік туралы декларацияның, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылардың негізінде мердігермен (бас мердігермен), техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалармен бірлесіп, атқарушылық техникалық құжаттаманың бар-жоғы және жинақталымы тұрғысынан тексеруге, объектіні қарап-тексеруге және оны тиісті акт бойынша пайдалануға қабылдауға міндетті.

5. Бекітілген жобалық шешімдерді және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерді бұзушылықтар анықталған жағдайда, сондай-ақ теріс қорытындылар болған кезде тапсырыс беруші объектіні мердігер (бас мердігер) бұзушылықтарды жойғаннан кейін пайдалануға қабылдайды.

Анықталған бұзушылықтар жойылған кезде объектіні пайдалануға қабылдау осы бапта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Тапсырыс берушіге жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды ұсыну – жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстарына мердігерлікті орындаушылардан, техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардан объектіні жобалау, салу, пайдалануға қабылдау және беру кезінде орындаған жұмыстары үшін жауаптылықтан босатпайды.";

27) 76, 77 және 78-баптар алып тасталсын;

28) 79-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"79-бап. Салынған объектілерді пайдалануға тапсыруға және қабылдауға қатысушылардың жауаптылығы

Тапсырыс берушілерді (инвесторларды, құрылыс салушыларды), техникалық және авторлық қадағалуды жүзеге асыратын тұлғаларды, іздену, жобалау, құрылыс-монтаждау жұмыстарына мердігерліктің жауапты орындаушыларын, құрылыс материалдарын, бұйымдарын, конструкцияларын және жабдықтарын дайындаушылар мен берушілерді қоса алғанда, салынған объектілерді пайдалануға тапсыруға және қабылдауға қатысушылар, сондай-ақ құрылыстың және жабдықтарды монтаждаудың барысын жедел қадағалау қызметтері және басқа да қатысушылар жіберілген бұзушылықтар не міндетті нормативтік талаптардан (шарттардан, шектеулерден) ауытқушылықтар салдарынан азаматтардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнгені үшін, сондай-ақ мемлекеттік, қоғамдық немесе жеке мүдделерге залал (зиян) келтірілгені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады."

39. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 246-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 15, 125-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 8-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Келісу тәртібі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес бекітілген құрылыс салудың үлгілік қағидаларында айқындалады.";

2) 14-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жаңа автомобиль жолдарын салу немесе бұрыннан барын реконструкциялау және күрделі жөндеу үшін әзірленген техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылатын, құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге жатады. Жалпыға ортақ пайдаланылатын бұрыннан бар автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған

техникалық құжаттама бойынша автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен ведомстволық сараптама жүргізіледі."

40. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

14-баптың 2-тармағының 34) тармақшасы алып тасталсын;

2) 58-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"58-бап. Кірме жол бойынша жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру ерекшеліктері

1. Мемлекеттік көліктік бақылау органы кірме жолда жүру қауіпсіздігіне, жылжымалы составтың, контейнерлердің, жүктердің сақталуына қатер төндіретін ақауларды байқаған кезде анықталған бұзушылықтар туралы акт жасалады.

Тармақ иеленуші көрсетілген актінің негізінде кірме жолдар қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға міндетті.

Уәкілетті органның жазбаша хабарламасы негізінде Ұлттық инфрақұрылым операторы кірме жолдарға жылжымалы составты беруді және оны алып кетуді тоқтатады.

2. Тармақ иеленуші анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы уәкілетті органды жазбаша хабардар етеді.

Кірме жолды пайдалануды қайта бастауға уәкілетті органның шешімі негізінде жол беріледі.

Уәкілетті орган кірме жолды пайдалануды қайта бастау туралы шешім қабылданған кезден бастап Ұлттық инфрақұрылым операторын жазбаша хабардар етеді.

3. Анықталған бұзушылықтарды актіде көрсетілген мерзімдерде жоймағаны үшін тармақ иеленуші Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Аталған жағдайда тармақ иеленуші шарттар бойынша, оның ішінде контрагентпен жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін толық мүліктік жауаптылықта болады.";

3) 66-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

4) 66-1-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тасымалдаушылардың Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау қағидаларын сақтауына бақылауды жүзеге асыру қағидаларында:";

5) 76-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Тасымалдау шарты бұзылған жағдайда, Кеден одағының басқа тасымалдаушысынан жүкті тасымалдауға қабылдаған тасымалдаушы кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес жүктерді халықаралық тасымалдау кезінде жоғалған, жеткізілмеген жүкке кедендік баждар мен салықтарды төлеуге жауапты болады.";

6) 89-1-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғадан түсетін кінә қоюға ұйымның басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам қол қояды және ол мөрмен (ол болған кезде) куәландырылады.".

41. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар):

6-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

42. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар):

6-баптың 1-тармағының 26) тармақшасы алып тасталсын.

43. "Геодезия және картография туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж.,

№ 13-14, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

6-баптың 15-2) тармақшасы алып тасталсын.

44. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2014 жылғы 13 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде ветеринариялық-санитариялық бақылау және өсімдіктер карантині бойынша бақылау функцияларын мемлекеттік кіріс органдарына беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

8-баптың 43) тармақшасы алып тасталсын.

45. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 17, 154-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; № 17, 81-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 173-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 г., № 9, 51-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94-құжат):

7-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы алып тасталсын.

46. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 1-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

5-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын.

47. "Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 4-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 6, 46-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 11-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1) инвесторлар үшін "бір терезе" – инвесторлардың құжаттарды жинау мен дайындауға қатысуын барынша азайтуды және олардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын шектеуді көздейтін, инвестициялық басым жобаларды іске асыратын инвесторларға мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуда уәкілетті орган тарапынан жәрдемдесудің орталықтандырылған нысаны;"

2) 12-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Уәкілетті орган инвестициялық басым жобаларды іске асыратын инвесторлармен инвесторлар үшін "бір терезе" жасау және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету арқылы өзара іс-қимыл жасайды;"

3) мынадай мазмұндағы 12-2-баппен толықтырылсын:

"12-2-бап. Инвестициялық басым жобаларды іске асыратын инвесторларға мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде жәрдем көрсету

1. Инвесторлар үшін "бір терезе" жасау және оның жұмыс істеуі үшін уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдауға және олардың нәтижелерін инвестициялық басым жобаны іске асыратын инвесторларға немесе олардың заңды өкілдеріне беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерден мәліметтер алу арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған арнайы бөлінген орынды ұйымдастырады.

Бұдан басқа уәкілетті орган инвестициялық басым жобаны іске асыратын инвесторларға немесе олардың өкілдеріне қатысты:

1) бұрыннан бар мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша қабылдауды және консультация беруді;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін қажетті құжаттарды дайындау мен ресімдеуге көмектесуді;

3) электрондық цифрлық қолтаңбаны, электрондық өтініштер мен басқа да құжаттарды ресімдеуге көмектесуді;

4) осы бапта айқындалған тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алған кезде орталық және жергілікті атқарушы органдарда инвестициялық басым жобаны қолдауды жүзеге асырады.

2. Инвесторлар үшін "бір терезе" қызметін ұйымдастыру туралы қағидаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және онда:

1) инвестициялық басым жобаны іске асыратын инвесторларды немесе олардың заңды өкілдерін қабылдауды және консультация беруді жүзеге асыру;

2) мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін инвестициялық басым жобаны іске асыратын инвесторларға немесе олардың заңды өкілдеріне беру;

3) уәкілетті орган мен мемлекеттік органдар арасында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

4) уәкілетті органның инвестициялық басым жобаны мемлекеттік органдарда қолдауы;

5) инвестициялық басым жобаны іске асыратын инвесторлар үшін мемлекеттік қызметтер көрсету процесін мониторингілеу тәртібі көзделуге тиіс.

3. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты мемлекеттік органдармен бірлескен бұйрықпен инвестициялық басым жобаны іске асыратын инвесторларға мемлекеттік қызметтер көрсету шеңберінде өзара іс-қимыл жасау және уәкілетті органның инвестициялық басым жобаны мемлекеттік органдарда қолдауы үшін жауапты тұлғаларды айқындайды.

4. Уәкілетті орган инвесторлар үшін "бір терезе" шеңберінде орталық және жергілікті атқарушы органдар алдында инвестициялық басым жобаны іске асыратын инвестордың өтінішін қарау туралы өтінішхат беруге және инвесторлардың құжаттарын мемлекеттік органдарға енгізуге құқылы.";

4) 14-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

5) 15-баптың 3-тармағында:

1) тармақшаның екінші абзацы алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) ретіндегі мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің үлесі жиырма бес пайыздан аспаса беріледі.

Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) ретіндегі мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қатысуы инвестициялық келісімшарт тіркелген күннен бастап бес жылдан аспайтын мерзімді құрайды. Бес жыл ішінде мемлекет және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісі Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан шығуға міндетті. Бұл талап орындалмаған жағдайда, инвестициялық преференцияларды қолдану ол (

олар) Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан толық шыққанға дейін бір жылдан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

Тоқтатыла тұрған кезең ішінде Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан шығу туралы талапты орындамау инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатуға және бұрын берілген инвестициялық преференцияларды қайтаруға әкеп соғады;"

6) 18-5-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Инвестициялық субсидияларды төлеу инвестор инвестициялық міндеттемелерді орындаған кезде, өндірісті инвестициялық келісімшартта белгіленген толық көлемде пайдалануға бергеннен кейін жүзеге асырылады.";

7) 19-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) заңды тұлға басшысының қолтаңбасымен және мөрімен (ол болған кезде) куәландырылған заңды тұлға жарғысының көшірмесі;"

8) 21-1-баптың 6-тармағындағы "екі ай" деген сөздер "үш ай" деген сөздермен ауыстырылсын.

48. "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 16-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

6-баптың 1-тармағының 28) тармақшасы алып тасталсын.

49. "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 63-құжат; № 16, 90-құжат):

1) 14-баптың 1-тармағының 10) тармақшасындағы "сатып алуға құқылы." деген сөздер "сатып алуға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) акционерлердің жалпы жиналысының осы Заңда көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.";

2) 36-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағының 1-1), 2), 3) және 14) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен, ал инвестициялық жекешелендіру қорын қайта құру нәтижесінде құрылған қоғамда – қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.";

3) 49-баптың 6-тармағының екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы қол қоюға және заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) куәландырылуға тиіс.

Жеке тұлға – акционердің не заңды тұлға – акционер басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ (ол болған кезде) бюллетень жарамсыз деп есептеледі.";

4) 58-баптың 6-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып және қоғам мөрінің (ол болған кезде) бедерімен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.";

5) 70-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредиторларға, жұртшылық пен акционерлерге ақпарат беру мақсатында, қоғам директорлар кеңесі қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешімді қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде мәміле туралы қазақ және орыс тілдеріндегі хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.";

6) 72-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) үш жұмыс күні ішінде, олардың мәміле тараптары болып табылатындығы немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы";

7) 74-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ірі мәмілені және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені жасау кезінде осы Заңда көзделген талаптарды сақтамау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып, өзге де мәмілелер жасау Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздерде, мүдделі тұлғалардың талап қоюы бойынша сот тәртібімен осы мәмілелерді жарамсыз деп тануға әкеп соғуы мүмкін.";

8) 76-баптың 4-тармағы екінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ осы Заңның 79-бабының талаптарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі.";

9) 79-бапта:

2-2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2. Қоғам депозитарийдің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушылық орган мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.";

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында ақпаратты жариялау (акционерлердің назарына жеткізу) мерзімдері көзделмесе, осы ақпарат пайда болған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлердің назарына жеткізіледі).";

10) 82-баптың 6-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өткізу актісіне атқарушы органдардың басшылары мен қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың бас бухгалтерлері қол қояды және қоғамдардың мөрлерімен (олар болған кезде) куәландырылады.";

11) 83-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Біріктірілетін қоғамның барлық акциялары сатып алынғаннан кейін аталған акциялар жойылады, ал біріктірілетін қоғамның мүлкі, құқықтары мен міндеттері атқарушы орган басшылары мен қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың бас бухгалтерлері қол қойған және қоғамдардың мөрлерімен (олар болған кезде) куәландырылған өткізу актісіне сәйкес біріктірілу жүзеге асырылатын қоғамға беріледі."

50. "Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 12, 88-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат, № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

4-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын.

51. "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

21-баптың 2-1-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) тасымалдаушының мөрі (ол болған кезде).".

52. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 25-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) көлік құралының иесі – көлік құралын меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен не кез келген басқа да заңды негізде (мүліктік жалдау шартымен, құзыретті органның көлік құралын беру туралы өкіміне орай және басқаша) иеленетін жеке немесе заңды тұлға;"

2) 25-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) сақтанушының (сақтандырылушы) немесе көлік құралын басқаратын адамның жүргізуші куәлігінің көшірмесі және көлік құралын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі."

53. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-

құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 125-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 67-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын ақпаратты алу және шарттың талаптарын орындау кезінде құжаттарға қол қою құқығы бар эмитент өкілдерінің, эмитент мөрінің (ол болған кезде) бедері бар қолтаңба үлгілерінің карточкасын ұсынуға міндетті. Бұл карточка нотариаттың куәландыруына жатады.";

2) 108-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

54. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 13-баптың 16) тармақшасы алып тасталсын;

2) 54-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-1-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заңның 1-бабының 2) және 9) тармақшаларында белгіленген, автовокзалдар мен автостанциялар аумағының алаңына қойылатын талаптар 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін пайдалануға қабылданған автовокзалдар мен автостанцияларға қолданылмайды.

2. 37-баптың 1-1-тармағының қолданысы 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын."

55. "Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы" 2003 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 19-20, 149-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; 2007 ж., № 4, 95-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат):

1) 1-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттардың айналысы, медициналық көрсетілетін қызметтер сапасын бақылау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

2) 4-бап алып тасталсын;

3) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді;

2) йод тапшылығы ауруларының тізбесін бекітеді;

3) йод тапшылығы ауруларының алдын алу бойынша халықаралық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

4) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы заңнамасы талаптарының орындалуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

2) өндірісінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімінің жекелеген түрлерінің тізбесін бекітеді;

3) тұзды және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерін йодтау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

5) 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:

1) балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарын, білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарын йодталған ас тұзымен және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

2) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделеріне орай, Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

6) 9-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының йод тапшылығы ауруларының алдын алу саласындағы өкілеттіктері";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде:";

7) 11-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және өткізу тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган айқындайды.".

56. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 11, 65-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-бапта:

1) және 1-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әлеуметтік жарнама – адамдардың беймәлім тобына арналған және қайырымдылық пен коммерциялық емес сипаттағы өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге, сондай-ақ мемлекет мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған ақпарат;

1-1) жарнама – адамдардың беймәлім тобына арналған және жеке немесе заңды тұлғаларға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге ықпал ететін кез келген нысанда, кез келген құралдардың көмегімен таратылатын және орналастырылатын ақпарат;"

мынадай мазмұндағы 1-2) және 1-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-2) жарнама құрылысы – жарнама бейнесі мен жарнамалық ақпаратты салуға, орналастыруға немесе бейнелеуге арналған әртүрлі көлемді немесе тегістікті сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері, оның ішінде электрондық және бейнесуреттерді көрсетуге арналған экрандар мен электрондық таблолар;"

"1-3) сыртқы (көрнекі) жарнама – жарнама құрылыстарында, жылжымалы және жылжымайтын объектілерде орналастырылған және елді мекендер мен жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеулеріндегі ашық кеңістікте көруге болатын жарнама;"

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) маңдайша – ғимаратқа кірер жолдардың саны бойынша оған кірер жолдың шегінде және (немесе) алып жатқан аумақ қоршауына кірер жолда, сондай-ақ тауарларды өткізетін, жұмыстарды орындайтын және қызметтерді көрсететін жерлердегі жеке және заңды тұлғалардың меншікті (жалдайтын) ғимараттарының, оларға жапсарлас құрылыстарының және уақытша құрылыстарының шегіндегі шатырлар мен қасбеттерде орналастырылатын, жеке және заңды тұлғаларды дараландыру құралдарын қоса алғанда, олардың қызмет түрі туралы ақпарат.";

мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен тармақшамен толықтырылсын:

"7-2) нұсқағыш – жерде немесе байланыс желісі мен жарық беру тіреулерінде орналастырылған, ұйымның, сауда объектісінің немесе өзге де объектінің тұрған жерін көрсететін және оған тікелей жақын жерде орналасқан, оның атауы туралы ақпарат, оны дараландыру және навигация құралдары бар, екі шаршы метрді қоса алғанға дейінгі көлемдегі жарнама құрылысы.";

8) тармақша алып тасталсын;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Әлеуметтік жарнамада, осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлардың нақты таңбалары (модельдері, артикульдері), тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері туралы және оларды дараландырудың өзге де құралдары туралы, жеке және заңды тұлғалар туралы айтуға жол берілмейді.

Белгіленген шектеулер мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, демеушілер, өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айтуға қолданылмайды. Әлеуметтік жарнамада, егер осы жарнаманың мазмұны қайырымдылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы ақпаратпен тікелей байланысты болса, осындай коммерциялық емес ұйымдар туралы айтуға жол беріледі.

Радиобағдарламаларда таратылатын әлеуметтік жарнамада демеушілер туралы айту ұзақтығы әрқайсысы туралы – үш секундтан, телебағдарламаларда, кино және бейне қызмет көрсету кезінде таратылатын әлеуметтік жарнамада әрқайсысы туралы үш секундтан аспауға тиіс және мұндай айтуға – кадр алаңының жетіден аспайтын пайызы, ал басқа да тәсілдермен таратылатын әлеуметтік жарнамада жарнама алаңының (кеңістігінің) бестен аспайтын пайызы бөлінуге тиіс. Көрсетілген шектеулер әлеуметтік жарнамада өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айтуға қолданылмайды.";

3) 7-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жеке тұлғалардың нәсіліне, ұлтына, тіліне, кәсібіне, әлеуметтік жағдайына, жасына, жынысына, діни және саяси нанымына қатысты қорлайтын сөздерді, теңеулерді, бейнелерді пайдалану арқылы жалпыға бірдей қабылдаған ізгілік пен мораль нормаларын бұзатын мәтіндік, көріністі, дыбыстық ақпаратты қамтитын;"

4) 11-баптың 1 және 1-1-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру осы баптың 2 – 7-тармақтарында көзделген тәртіппен, плакаттар, транспаранттар, жалаулар, стендтер, жарық беруші таблолар, билбордтар, стеллалар, нұсқағыштар, афишалар түрінде және жарнама құрылыстарында, жылжымалы және жылжымайтын объектілерде жарнама бейнелері мен жазбаларын салу мен жазудың өзге де тәсілдерімен жүзеге асырылады.

1-1. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне сауда объектілері, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық көрсетілетін қызметтер саласының объектілері орналастыратын мынадай жарнама объектілері:

мандайша;

жұмыс режимі туралы ақпарат;

жайма сөрелер мен терезелерді сырттан көзбен көру үшін мынадай:

тауар өнімінің үлгілері;

жеке дараландыру құралдары;

декоративті және мерекелік безендіру сипатындағы сыртқы немесе ішкі безендіру жатпайды.";

5) 17-2-бап мынадай мазмұндағы екінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Жергілікті атқарушы органдарға сыртқы (көрнекі) жарнаманы реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға тыйым салынады.";

"Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру фактілерін фото немесе бейнетіркей отырып, байқау арқылы бақылаудың өзге де нысанында жүзеге асырылады.".

57. "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 176-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 23, 178-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 6 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-бап мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) бақылау және қадағалау органдарының тексерулерін үйлестіреді;"

2) 12-баптың 3-тармағының 18) тармақшасындағы "сұрау салуларды арнайы есепке алуды жүзеге асырады." деген сөздер "сауалдарды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 19) және 20) тармақшалармен толықтырылсын:

"19) бақылау және қадағалау органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға жіберетін хабарламаларды;

20) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес бақылау және қадағалау органдарының бақылау объектілеріне (субъектілеріне) баруымен жүргізілген бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын арнайы есепке алуды жүзеге асырады.".

58. "Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 179-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2011 ж., № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат):

1) 12-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "бес" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Туристік қызметтер көрсету аумағы туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу аумағы болып табылады.";

3) 20-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы және 3-тармағы алып тасталсын.

59. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 5, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 16, 100-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

5-баптың 2-тармағының 11) тармақшасы алып тасталсын.

60. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 1-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері артқан жағдайда сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган белгілейтін бөлшек сауда бағаларының деңгейі;"

2) 7-баптың 16) тармақшасы алып тасталсын.

61. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; № 14, 92, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

8-баптың 1-тармағының 8-3) тармақшасы алып тасталсын.

62. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 87-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 149-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат;

2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат):

1) 9-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасындағы "нотариат куәландырған" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы "бір ай" деген сөздер "күнтізбелік он бес күн" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 18-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) табиғи монополия субъектілері;"

63. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

9-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын.

64. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету кезінде ғана шеккен шығыстарына өтем жасау үшін оның осындай көрсетілетін қызметтен түскен кірістерінің жетіспеуі салдарынан өзінің энергия өндіруші ұйымдар алдындағы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда, оған мемлекеттік қаржылық қолдауды жүзеге асырады;"

2) 5-бапта:

3), 4), 8) және 50) тармақшалар алып тасталсын;

51) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"51) энергия өндіруші ұйымдардың осы Заңның 13-бабы 3-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

52) тармақша алып тасталсын;

53) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"53) орталықтандырылған сауда нарығының операторын айқындайды;"

58) және 62) тармақшалар алып тасталсын;

63) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 70-1), 70-2), 70-3), 70-4), 70-5), 70-6) және 70-7) тармақшалармен толықтырылсын:

"70-1) электр энергиясына шекті тарифтерді бекітеді;

70-2) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерге шекті тарифтерді бекітеді;

70-3) электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың топтарын бекітеді;

70-4) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтер көрсететін энергия өндіруші ұйымдардың топтарын бекітеді;

70-5) электр энергиясына шекті тарифті және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті бекіту тәртібін айқындайды;

70-6) жүйелік оператордың осы Заңның 15-2-бабының 2-тармағында көзделген талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

70-7) энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын өткізу (сату) тәртібін және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді бұзғаны және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады;"

3) 6-бапта:

10-тармақтың 3) тармақшасы және 10-1-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

4) 12-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Энергия өндіруші ұйым келісімде көзделген инвестициялық міндеттемелерді орындамаған жағдайда, энергия өндіруші ұйым көтерме сауда нарығының субъектілеріне инвестициялық міндеттемелерді орындау үшін келісімде көзделген және оларды іске асыруға пайдаланылмаған, алынған қаражатты электр энергиясының келесі күнтізбелік жылға арналған босату бағасын төмендету арқылы, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, осы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыра отырып, қайтаруға міндетті."

5) 15-3-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ұйымдастырады және өткізеді.

Орталықтандырылған сауда нарығының операторы электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының қорытындыларын өтеусіз тіркеуді жүзеге асырады.

Орталықтандырылған сауда нарығының операторы жүйелік операторға және нарық субъектілеріне электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру мен өткізу бойынша шарттық негізде қызметтер көрсетеді."

65. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 107-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

- 1) 9-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 32) тармақшасы алып тасталсын;
- 2) 10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-тарау. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау және қадағалау";

- 3) 51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"51-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар

1. Ведомство басшысы лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

2. Ведомстволар басшыларының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.

3. Ведомствоның аумақтық бөлімшесінің басшысы лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

4. Аумақтық бөлімше басшысының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен

айналысатын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.

5. Ведомстволардың құрылымдық бөлімшелерінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын басшылары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал ведомстволардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын мамандары Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

6. Ведомстволардың аумақтық бөлімшелері құрылымдық бөлімшелерінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын басшылары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын мамандары тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады."

66. "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 48-1) тармақшамен толықтырылсын:

"48-1) техникалық хатшылық – көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті орган айқындайтын ұйым;"

2) 6-баптың 13) тармақшасы алып тасталсын;

3) 7-бапта:

бірінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;"

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;"

екінші бөліктің 8) тармақшасы алып тасталсын;
үшінші бөлікте:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сәйкестік сертификатының, сәйкестік туралы декларацияның нысандарын белгілейді және оларды дайындауды ұйымдастырады;"

мынадай мазмұндағы 3-2) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-2) тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысандарын белгілейді;"

"9) көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді.";

4) 13-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Зертханалар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға сынақ жұмыстарын жүргізу, үшінші елдердің аккредиттеу субъектілері жүргізген сынақ жұмыстарының нәтижелерін тану үшін жүгінген өтініш берушілер, сынақтардың нәтижелері туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті.";

5) мынадай мазмұндағы жаңа 27-1 және 27-2-баптармен толықтырылсын:

"27-1-бап. Көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру

1. Көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды бекіту және тіркеу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Сәйкестікті растау жөніндегі орган көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру жөніндегі қағидаларда көрсетілген құжаттар тізбесін техникалық хатшылыққа ұсынады.

3. Техникалық хатшылық құжаттарды қарауды техникалық хатшылыққа келіп түскен күнінен бастап есептелетін отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

4. Ұсынылған құжаттар толық болмаған және (немесе) олар көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру жөніндегі қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, техникалық хатшылық күнтізбелік он бес күн ішінде жазбаша түрде уәжді бас тартуды қоса бере отырып, ұсынылған құжаттарды сәйкестікті растау жөніндегі органға қайтарады.

5. Оң шешім шығарылған жағдайда техникалық хатшылық көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды уәкілетті органға жібереді.

27-2-бап. Көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу

1. Көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Техникалық хатшылық бекіту және тіркеу үшін көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды уәкілетті органға ұсынады.

3. Уәкілетті орган көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекітуді және тіркеуді уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап есептелетін күнтізбелік он күн ішінде жүзеге асырады.";

6) 40-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) тауар туралы деректері анық емес, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының және (немесе) шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификатты, ішкі айналыс үшін тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағы тауарының және (немесе) шетелдік тауардың нысандарының қорытындысын беру тәртібін бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беруге;"

67. "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 3-4, 2-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат):

8-баптың 2-тармағының 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) сақтанушы қызметін жүзеге асыруды бастаған айдан кейінгі айдың бірінші онкүндігі ішінде сақтандырушымен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасуға;"

68. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 7-8, 18-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 7-баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 31-баптың 2) тармақшасындағы "бизнесті" деген сөз "кәсіпкерлікті" деген сөзбен ауыстырылсын.

69. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 11, 38-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., №

23, 114-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

10-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тігілген және қолтаңбамен (жеке және заңды тұлғалар үшін) және заңды тұлғалар үшін мөрмен (ол болған кезде) куәландырылған валюталық шарттың көшірмесі;".

70. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж., № 5-6, 42-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1-баптың 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"24) мемлекеттік техникалық инспекция – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын, тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды тиісті құжаттар мен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бере отырып, мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік техникалық қарап-тексеру, оларды басқару құқығына емтихан қабылдау және куәліктер беру, оларды пайдалану қағидаларының сақталуын қадағалау;".

71. "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 3, 21-құжат; № 16, 99-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 17, 136-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 60-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 18, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 11-12, 54-құжат; № 15-16, 74, 77-құжаттар; № 17, 82-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1

, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттық құралдар – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік органдарға немесе өзге де тұлғаларға ақпарат ұсыну тетіктері;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) бизнес-инкубатор – шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік үй-жайлар, жабдық беру, ұйымдық, құқықтық, қаржылық, консалтингтік және ақпараттық қызметтер көрсету жолымен оларды қолдау үшін құрылатын заңды тұлға;"

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган – жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

мынадай мазмұндағы 16-1), 16-2), 16-3) және 16-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-1) реттегіш құралдар – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты әсер ету тәсілдері, оның ішінде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын рұқсаттар мен хабарламалар; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салалары; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпараттық құралдар;

16-2) реттеуді қатаңдату – реттегіш құралдардың енгізілуіне немесе пайдаланылуына байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қосымша талаптар, міндеттер белгілеу немесе жүктемені өзгеше ұлғайту;

16-3) реттеушілік әсерді талдау – кейіннен мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік беретін, енгізілетін реттегіш құралдың және онымен байланысты талаптардың пайдасы мен шығындарын салыстырудың талдамалық рәсімі;

16-4) реттеуші мемлекеттік органдар – реттегіш құрал енгізілген немесе енгізілуі жоспарланып отырған жекелеген салада немесе мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;"

2) 4-баптың 2-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың басымдығы;"

3) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құралдарды енгізуді немесе реттеуді қатаңдатуды көздейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау ерекшеліктері

1. Егер реттеуші мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жаңа реттегіш құралды енгізуді немесе реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруды жоспарлаған жағдайда, реттеуші мемлекеттік органдар кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс.

Осы тармақтың күші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылмайды.

2. Реттегіш құралдар мынадай түрде енгізіледі немесе жүзеге асырылады:

1) рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген рұқсаттар немесе хабарламалар тізбесіне тиісті рұқсатты немесе хабарламаны енгізу арқылы ғана енгізіледі;

2) мемлекеттік бақылау және қадағалау жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметінің "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қосымшада көзделген салаларында ғана жүзеге асырылады;

3) ақпараттық құралдар Қазақстан Республикасының заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерімен ғана енгізіледі.

3. Реттеушілік әсерді талдауға:

1) реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе реттеуді қатаңдатуды көздейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының жобалары;

2) реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін Қазақстан Республикасы заңдары жобаларының тұжырымдамалары;

3) реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін Қазақстан Республикасы заңдарының жобалары;

4) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобалары;

5) ақпараттық құралдарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобалары;

6) реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін Кеден одағы техникалық регламенттерінің жобалары;

7) жергілікті атқарушы органдар әзірлейтін, реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін, жергілікті өкілді органдар шешімдерінің жобалары жатады.

4. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да міндеттер мен функцияларды орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі консультативтік-кеңесші орган – Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құрады.

Жаңа реттегіш құралды енгізу Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.
";

4) 1-тарау мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Реттеушілік әсерді талдау

1. Реттеушілік әсерді талдаудың мақсаты белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу немесе анық айқындалған проблемаларды шешу үшін реттеудің баламалы тәсілдерін бағалау арқылы нақты реттегіш құралдарды пайдалану бөлігінде мемлекеттік саясаттың пәрменділігі мен тиімділігін арттыру болып табылады.

2. Реттеушілік әсерді талдау реттегіш құрал енгізілгенге дейін және енгізілгеннен кейін жүргізіледі.

3. Реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелері бойынша реттегіш құралды қолдану тиімділігіне қарай реттегіш құралдың күші жойылуы мүмкін немесе өзгеше түрде қайта қаралуы мүмкін.

Реттегіш құралды енгізу кезінде мәлімделген кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізілмеген жағдайда, оның күші жойылуға жатады.

4. Реттеушілік әсерді талдауды реттеуші мемлекеттік органдар осы Заңның 5-бабының 3-тармағында көзделген, өздері әзірлейтін құжаттардың жобаларына қатысты,

сондай-ақ кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және басқа да мүдделі тұлғалар кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес жүргізеді.

5. Реттеушілік әсерді талдауды жүргізу жаңа реттегіш құралды енгізудің міндетті шарты болып табылады.

6. Қолданыстағы реттегіш құралдарға қатысты реттеушілік әсерді талдауды реттеуші мемлекеттік органдар қолданыстағы құжаттарды қайта қарау тәртібімен жүргізеді.

7. Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелерін қарайды және реттеуші мемлекеттік органдардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытынды береді;

2) реттеуші мемлекеттік органдар жүргізген реттеушілік әсерді талдаудың түйіндерімен келіспеген жағдайда, реттеушілік әсерге баламалы талдау жүргізеді.

8. Реттеуші мемлекеттік орган жүргізген реттеушілік әсерді талдаудың, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган және (немесе) өзге де мүдделі тұлғалар жүргізген реттеушілік әсерді баламалы талдаудың нәтижелері интернет-ресурстарда орналастырылады.";

5) 15-бапта:

3), 8) және 13) тармақшалардағы "шағын" деген сөз "шағын және орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 21-4) және 21-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"21-4) реттеуші мемлекеттік органдарға реттеушілік әсерді талдауды жүзеге асыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетеді және олардың қызметін үйлестіреді;

21-5) мемлекеттік қызметшілерді және өзге де адамдарды реттеушілік әсерді талдауды енгізу және жүзеге асыру мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады;"

6) 16-баптың 2) тармақшасындағы "шағын" деген сөз "шағын және орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 17-баптың 5) және 8) тармақшаларындағы "шағын" деген сөз "шағын және орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 3-тарау мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Реттеуші мемлекеттік органдардың құзыреті

Реттеуші мемлекеттік органдар:

1) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы есептерді ұсынады;

2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

9) 18-баптың 3-тармағының бірінші, екінші, бесінші, алтыншы және сегізінші абзацтарындағы "Шағын", "шағын" деген сөздер тиісінше "Шағын және орта", "шағын және орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 26-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сараптама кеңестеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің, аккредиттелген коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.";

11) 28-бапта:

5-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өзіндік кәсіпкерлік – дара кәсіпкер әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, қайтыс болды деп жарияланған немесе ол қайтыс болған жағдайда;"

2) тармақшадағы "бөлу кезінде тоқтатылады." деген сөздер "бөлу кезінде;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы

3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген, қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату көзделетін жағдайда да тоқтатылады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Дара кәсіпкердің қызметі өзінің өтініші, заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тіркеуші органда дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған кезден бастап, сондай-ақ осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі.

Дара кәсіпкер уәкілетті органның интернет-ресурсында дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығару туралы ақпарат орналастырылған күннен бастап дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылды деп танылады.";

12) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен шектері

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің мақсаттары жеке кәсіпкерлік субъектісі өндіретін және өткізетін өнімнің адамдар өмірі мен денсаулығына қауіпсіздігін, олардың мүлктік мүдделерін қорғауды, қоршаған ортаға қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін, мемлекеттің мүлктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу мемлекеттің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті талаптарды белгілеуі арқылы, оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасының заңдары;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары;

4) Қазақстан Республикасы министрлерінің және өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері;

6) жергілікті өкілді органдардың шешімдері деңгейінде реттегіш құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Реттегіш құралдарды енгізу осы Заңның 5-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Заңның мақсаттары үшін:

1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің үшінші тұлғаларға ақпаратты, оның ішінде таңбалау, декларациялау, міндетті нұсқаулықтар, қызмет көрсету қағидалары бөлігінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тұтынушыларға ұсыну үшін міндетті жеке кәсіпкерлік субъектілері туралы, үшінші тұлғаларға беру үшін міндетті өзге де ақпаратты беру туралы талаптарды осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгілеу;

2) салықтық, статистикалық және өзге де есептілікті қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті есептілікті мемлекеттік органдарға тұрақты негізде ұсыну;

3) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік органдарға ақпаратты, оның ішінде мәліметтер, үзінді көшірмелер, декларациялар, хабарламалар нысандары арқылы, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қызметті немесе іс-қимылдарды жүзеге асыруды бастауға, жүзеге асыруға немесе тоқтатуға байланысты мемлекеттік органдарға ұсынылатын, жеке кәсіпкерлік субъектілері толтыратын өзге де құжаттарды беру ақпараттық құралдар деп танылады.";

13) 33-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау";

1-тармақтағы "Жеке кәсіпкерлікті" деген сөздер "Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ұйымдастыру және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын алдын алу-профилактикалық сипаттағы бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарында жүзеге асырылады.";

3-тармақ алып тасталсын.

72. "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 10, 51-құжат; 2007 ж., № 17, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012

ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 жылғы 19 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

5-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы және 6-баптың 10) тармақшасы алып тасталсын.

73. "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 101-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 17, 79-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт уәкілетті орган бекіткен үлгі шарттың негізінде жазбаша нысанда жасалады, ол есепке алынуға жатады және осындай есепке алу кезінен бастап жасалған деп есептеледі."

74. "Ақпараттандыру туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 13-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 5-6, 30-құжат; № 7, 36-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

6-баптың 18) тармақшасы алып тасталсын.

75. "Ойын бизнесі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 15-құжат; 2009 ж., № 9-10, 48-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 22, 132-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

8-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын.

76. "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 17-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 14, 117-құжат; 2013 ж., № 5-6, 30-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат):

6-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке тұлғаның өтінішінде – оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде), пошталық мекенжайы, заңды

тұлғаның өтінішінде оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Өтінішке жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қоюға тиіс."

77. "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламенті Жаршысы, 2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат, № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

20-бапта:

1-1-тармақтың 3-1) және 3-2) тармақшалары алып тасталсын;

5-тармақта:

15) және 18-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"15) есептіліктің тізбесін, нысандарын және оны кәсіптік ұйымдардың, сертификаттау жөніндегі ұйымдардың ұсыну мерзімділігін әзірлейді және бекітеді;"

"18-1) жария мүдделі ұйымдардың жариялауы үшін (қаржы ұйымдарынан басқа) жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын әзірлейді және бекітеді;"

21) тармақша алып тасталсын.

78. "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 130-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

7-баптың 21) тармақшасы алып тасталсын.

79. "Экспорттық бақылау туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 132-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 6 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 12) тармақшасы алып тасталсын.

80. "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 133-құжат; 2009 ж., № 18, 86-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 1-бапта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) жарамдылық мерзімі – тамақ өнімі өзіне қойылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес болуға тиіс уақыт кезеңі;"

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) қауіпті факторларды талдау жүйесі және бақылаудың сындарлы нүктелері (бұдан әрі – ХАССП) – бақылаудың сындарлы нүктелерінде тұрақты бақылауды орнату кезінде, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі үшін сындарлы болып табылатын әлеуетті тәуекелдерді анықтау және бағалау арқылы бүкіл азық-түлік тізбегі бойынша өнім қауіпсіздігіне әсер ететін қауіпті факторларды жүйелі сәйкестендіру, бағалау және басқару;"

39) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"39) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін куәландыратын құжат – Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға тамақ өнімдерінің сәйкестігін, тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін, тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою кезінде пайдаланылатын машиналар мен жабдықтың, материалдар мен бұйымдардың сәйкестігін куәландыратын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама, сәйкестік сертификаты, сәйкестік туралы декларация;"

2) 6-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) балалар тағамы өнімдерін, тамаққа биологиялық активті қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, бояғыштарды, сумен және тамақ өнімдерімен араласатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алу, Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген заттар мен өнімдердің мемлекеттік тізілімін интернет-ресурстарда орналастыру;"

11) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) және 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) тамақ өніміне оның қауіпсіздігін айқындау бойынша санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу тәртібін бекіту;

14-2) тамаққа биологиялық активті қоспалардың қауіпсіздігін ғылыми негізделген растау жөнінде жұмыстар жүргізу;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын рәсімдерді қоспағанда, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына тамақ өнімінің сәйкестігін оны өткізу сатысында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

3) 7-бап алып тасталсын;

4) 10-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) тамақ өнімін өндіру (дайындау) процестерін жүзеге асыру кезінде осындай өнімнің қауіпсіздік талаптарына байланысты ХАССП қағидаттарына негізделген рәсімдерді әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;"

81. "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 134-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган;"

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган.";

2) 8-баптың 13) тармақшасы алып тасталсын;

3) 21-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өтінім берушілер (өндірушілер, өнім берушілер, импорттаушылар) қауіпті немесе ықтимал қауіпті химиялық өніммен жұмыс істейтін персоналды алдын ала және мерзімді медициналық қарап-тексерумен және оқытумен қамтамасыз етуге тиіс."

82. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17

, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161, 171-құжаттар; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 22-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6, 9-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 8-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген біліктілік талаптары әлеуетті өнім беруші жүргізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер не қызметтер көрсету бойынша бірлескен орындаушылар ретінде тартуды көздейтін жеке және заңды тұлғаларға да қолданылады.

Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлескен орындаушыларын) тартуды көздейтін әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуда көзделген жұмыстарды не көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыруға тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлескен орындаушылардың) құқығын растайтын рұқсат беру құжаттарын ұсынуға тиіс. Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін орындау үшін қосалқы мердігерлер (бірлескен орындаушылар) тартылған жағдайда, рұқсат беру құжаттары олар орындайтын жұмыс, көрсетілетін қызмет түрлеріне беріледі.

Жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында белгіленеді.";

2) 26-1-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Конкурсқа қатысуға рұқсат ету туралы хаттамада белгіленген күні мен уақытта мемлекеттік сатып алу веб-порталы бас тартылмаған конкурстық баға ұсыныстарын оларға конкурсқа қатысуға рұқсат ету туралы хаттамада көрсетілген критерийлердің тиісті салыстырмалы мәнін қолдану арқылы автоматты түрде бағалауды жүргізеді және конкурсқа әрбір қатысушының шартты бағасын есептейді.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын автоматты түрде салыстырады және ең төменгі шартты баға негізінде конкурс жеңімпазын айқындайды.

Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған

кезде конкурс нысанасы болып табылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында, оның ішінде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша мол жұмыс тәжірибесі бар әлеуетті

өнім беруші жеңімпаз деп танылады. Шартты бағалары тең бірнеше әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі тең болған кезде конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарынан бұрынырақ келіп түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.";

3) 37-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Мемлекеттік сатып алу туралы шартта тапсырыс берушінің өнім берушіге жер учаскесін құрылыс жұмыстарын орындауды уақтылы бастауды, оларды қалыпты жүргізуді және мерзімінде аяқтауды, сондай-ақ электрмен, сумен жабдықтауды уақытша қосу үшін техникалық жағдайларды қамтамасыз ететін жай-күйде беру міндеті көзделуге тиіс.";

4) 39-баптың 2-тармағының 2) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қабылданған мұндай өзгерістің сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде;"

"7) жасалған шарттың сомасы өзгермейтін кезде мемлекеттік бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген немесе жұмыстардың сметалық құны азайған және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес кейіннен сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда, жұмыстарды орындау туралы шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;"

83. "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 137-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

6-баптың 8) тармақшасы алып тасталсын.

84. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 95-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 7-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі келіп түссе, онда жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу кезі тіркеуші органның жүргізілген тіркеу туралы хабарлама жіберуі арқылы оның туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын растау кезі болып табылады.";

2) 15-баптың 1-тармағындағы ", жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорттардың" деген сөздер алып тасталсын;

3) 17-бабының 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құқықтық кадастрдың тіркеу ісінде жатқан құжаттардың көшірмелері сот, құқық қорғау органдарының және басқа да мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттеріне сәйкес, оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізу шеңберінде уақытша, банкроттықты және оңалтуды басқарушылардың, мәжбүрлеп таратылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясының (таратушының) уәжді сауалдары бойынша ұсынылады. Өзге тұлғаларға көрсетілген ақпарат құқық иесінің жазбаша келісімімен беріледі.

3. Жылжымайтын мүліктің нақты объектісі бойынша ақпарат және жеке немесе заңды тұлғаның тіркеуші орган куәландырған, өзіндегі жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтары туралы жинақталған деректер құқық иесінің (уәкілетті өкілдің) сауалдары бойынша және:

1) адвокаттардың;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттеріне сәйкес жүргізуінде жатқан қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша құқық қорғау, сот органдарының;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттеріне сәйкес жүргізуінде жатқан атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушыларының;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттеріне сәйкес мемлекеттік кіріс органдарының және басқа да мемлекеттік органдардың;

5) нотариустардың, мұрагерлердің;

6) оңалту және банкроттық рәсімдері шеңберінде уақытша, банкроттықты және оңалтуды басқарушылардың, мәжбүрлеп таратылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясының (таратушының);

7) қорғаншылық және қамқоршылық органдарының;

8) құқық иесінің жазбаша келісімімен өзге де тұлғалардың уәжді сауалдары бойынша беріледі.";

4) 20-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тіркеуші орган жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық және сәйкестендіру сипаттамалары туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады,";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Құқықтар (құқықтар ауыртпалығы) нотариат тәртібімен куәландырылған мәміле негізінде туындаған, өзгертілген немесе тоқтатылған жағдайларда, электрондық тіркеу жүзеге асырылады.";

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Электрондық тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:";

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"оның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесін бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жібереді,";

5) 21-бапта:

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тіркеу объектісін растайтын құқық белгілейтін құжатты ұсынуға тиіс. Жер учаскесіне құқық (ауыртпалық) тіркелген жағдайда, жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты ұсынылады,";

4) тармақшадағы "құжатты;" деген сөз "құжатты ұсынуға тиіс." деген сөздермен ауыстырылып, 3) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы баптың ережелері электрондық тіркеу кезінде қолданылмайды,";

6) 22-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық тіркеу мәмілеге қатысушылардың өтінішінсіз жүзеге асырылады,";

7) 23-бапта:

1-тармақтағы "он бес" деген сөздер "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Электрондық тіркеу құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгені немесе алым төлеуден босатылғаны туралы растау келіп түскен күннен кейінгі күннен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.";

8) 24-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жылжымайтын мүлікке және мемлекеттік тіркеудің өзге де объектілеріне құқықтардың (құқықтар ауыртпалықтарының) туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын растайтын құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда тиісті ресімделуге, мөрмен (ол болған кезде) бекемделуге,

арнайы бланкілерде орындалуға, тараптардың немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған лауазымды адамдардың тиісті қолтаңбалары болуға тиіс. Соттардан, құқық қорғау органдарынан және өзге де мемлекеттік органдардан шығатын құжаттар тиісті құжаттарға қойылатын нысанда орындалуға тиіс.";

9-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

9) 34-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Электрондық тіркеу тіркеуші органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, тіркеу жүргізілгені туралы хабарламаны бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеге, сондай-ақ бар болған кезде – мәмілеге қатысушылардың электрондық мекенжайларына және олардың "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинеттеріне жөнелту арқылы расталады.";

10) 39-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

11) 41-баптың 4-тармағында:

бірінші бөліктегі "және (немесе) жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортының" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі "және (немесе) жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортының көшірмелерінде" деген сөздер "көшірмесінде" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 58-баптың 2-тармағының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қажет болған жағдайда, жүйелі тіркеуді жүргізу кезінде мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жылжымайтын мүлік объектісінің тұрған жері бойынша мемлекеттік техникалық есепке алу құзыретіне жатқызылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындар өтеусіз жүзеге асырады.".

85. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; № 18, 142-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 7-құжат; № 7, 34-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

5-баптың 45) тармақшасы алып тасталсын.

86. "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 59-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат):

1) 6-баптың 4) тармақшасы және 21-баптың 5-тармағының 5) тармақшасындағы "қолданылу мерзімі;" деген сөздер "қолданылу мерзімі көрсетіледі." деген сөздермен ауыстырылып, 6) тармақшасы алып тасталсын;

2) 26-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасындағы "анықталған кезде қайтарып алады." деген сөздер "анықталған кезде;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын сәйкестікті бағалау (растау) бойынша жұмыстардың нәтижелерін электрондық есепке алу жөніндегі мәліметтердің сәйкестігін бағалау (растау) туралы құжат берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен деректерді ұсынбаған немесе анық емес деректер ұсынған жағдайларда кері қайтарып алады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Аккредиттеу аттестаты аккредиттеу субъектісі аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап кері қайтарып алынды және аккредиттеу жөніндегі орган аккредиттеу аттестатын жаңарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап, бірақ аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап кемінде екі ай өткеннен кейін жаңартылды деп есептеледі.";

4-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер аккредиттеу жөніндегі орган көрсетілген мерзімде өзінің шешімі туралы аккредиттеу субъектісін жазбаша хабардар етпесе, онда көрсетілген мерзім өткеннен кейін, бірақ кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап кемінде екі ай өткеннен кейін аккредиттеу аттестаты жаңартылады.".

87. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 23, 113-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 101-құжат; № 22, 132-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 94-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 11, 63-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

49-баптың 1) тармақшасының он тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тауар мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тізбеге енгізілген;".

88. "Бәсекелестік туралы" 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 125-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

52-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішхат және оған қосымшалар тігілген түрде ұсынылады және өтінішхат беруші тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады.".

89. "Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 15, 97-құжат ; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

4-баптың 3-1) тармақшасы алып тасталсын.

90. "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 13-14, 61-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

7-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ведомстволық бағынысты аумаққа орналастырылатын, орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне берілетін жылу энергиясын өндіруге арналған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салу жобаларын келіседі;".

91. "Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы" 2010 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 1-2, 3-құжат; 2013 ж., № 13, 64-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 13-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Біліктілік комиссиялары қызметінің қағидаларын және олардың құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4. Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

2) 14-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аттестаттау комиссиялары қызметінің қағидаларын және олардың құрамын, сондай-ақ сот сарапшысын аттестаттауды, оның ішінде кезектен тыс жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Сот сарапшысын аттестаттауды, оның ішінде кезектен тыс жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

3) мынадай мазмұндағы 50-1-баппен толықтырылсын:

"50-1-бап. Өтпелі ережелер

1. 2016 жылғы 1 шілдеге дейін:

1) осы Заңның 13-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Біліктілік емтихандарын қабылдауды және сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігін беруді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның біліктілік комиссиялары жүзеге асырады.";

2) осы Заңның 14-бабы 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшыларының, сондай-ақ сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалардың кәсіптік даярлығы деңгейін айқындау мақсатында олар бес жылда бір рет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның аттестаттау комиссиялары жүргізетін аттестаттаудан өтеді.";

2. 2016 жылғы 1 шілдеден бастап:

1) осы Заңның 13-бабының 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Біліктілік комиссиялары қызметінің қағидаларын және олардың құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды.

4. Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды.";

2) осы Заңның 14-бабының 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Аттестаттау комиссиялары қызметінің қағидаларын және олардың құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды.

3. Сот сарапшысын аттестаттауды, оның ішінде кезектен тыс жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды."

92. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы (бұдан әрі – Республикалық палата) – жеке сот орындаушыларының қызметін үйлестіруді және олардың Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасын сақтауын жүзеге асыратын коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі реттейтін ұйым;

3-2) жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы – Республикалық палатаның өңірдегі филиалы;"

10) тармақшадағы "және мемлекет кірісіне айналдырылған" деген сөздер алып тасталсын;

2) 33-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлғаның лауазымды адамының (міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеуді алып тастау мынадай:

1) осы Заңның 47-бабында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған;

2) мерзімдік өндіріп алулар туралы атқарушылық іс жүргізулер бойынша берешек болмаған;

3) атқарушылық құжат соттың немесе құжатты берген басқа органның талап етуі бойынша орындалмай қайтарылған;

4) мемлекет пайдасына өндіріп алуларды қоспағанда, өндіріп алушы өтініш берген жағдайларда жүргізіледі.";

3) 36-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі" деген сөздер "атқарушылық іс жүргізу жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 44-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) осы Заңның 42-бабының 12) тармақшасында көзделген жағдайда – өндіріп алушыдан өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімге;"

5) 46-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңның 44-бабының 8) тармақшасында көрсетілген тоқтата тұру мерзімдері өткен жағдайда, атқарушылық іс жүргізу қайта басталады.";

6) 56-бапта:

1-тармақтағы "(борышкердің банктік шотына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын банктің тиісті ақпараты бар болса)" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, өндіріп алуды мүлікке қолдану Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен борышкердің құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін тоқтатыла тұрады.";

7) 68, 72 және 74-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"68-бап. Борышкердің мүлкін бағалау

1. Сот орындаушысы мүлікке тыйым салынған және борышкерге мүліктің тиесілі екені анықталған кезден бастап он жұмыс күні ішінде:

бағалаушыны өз бетінше тағайындау;

атқарушылық іс жүргізу тараптарының бірінің ұсынысы бойынша бағалаушыны тағайындау;

атқарушылық іс жүргізу тараптарының біріне борышкердің мүлкін бағалауды жүргізу туралы тапсырма беруі арқылы бағалаушыны тағайындау туралы қаулы шығарады.

Борышкердің тыйым салынған мүлкін бағалау жөніндегі көрсетілетін қызметтің ақысын төлеу атқарушылық іс жүргізу тараптарына жүктеледі және кейіннен борышкердің есебінен өтеледі.

2. Бағалаушыны тағайындау туралы сот орындаушысы қаулысының көшірмелері атқарушылық іс жүргізу тараптарына оны шығарған күннен кейінгі күннен кешіктірілмей жіберіледі.

3. Бағалаумен келіспеген атқарушылық іс жүргізу тарапы бағалау туралы есеппен танысқан кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде оған шағым жасауға құқылы. Шағым сот орындаушысының әрекеттеріне шағым жасау үшін Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа беріледі.

Бағалау туралы есеппен танысу осы Заңның 4-тарауына сәйкес жүргізіледі.

4. Борышкердің тыйым салынған мүлкін қайталап бағалау бойынша көрсетілетін қызмет ақысын төлеу шағым жасаушы тарапқа жүктеледі.

5. Атқарушылық іс жүргізу тараптары мүліктің құны туралы жазбаша келісім жасасқан жағдайда, бағалаушы тыйым салынған мүлікті бағалауды жүргізбейді және бағалаушыны тағайындау туралы қаулы шығарылмайды.";

"72-бап. Борышкердің мүлкін өткізу кезектілігі

1. Жеке тұлғаның мүлкіне өндіріп алуды қолдану кезінде осы мүлікті өткізу мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезекте – бірінші кезектегі қажетті заттар болып табылмайтын мүлік, бағалы қағаздар, валюталық құндылықтар, бағалы металдар мен асыл тастар, зергерлік бұйымдар, декор және жайластыру заттары;

2) екінші кезекте – көлік құралдары, жылжымайтын мүлік (тұрғынжайдан басқа);

3) үшінші кезекте – тұрғынжай.

2. Заңды тұлғаның мүлкіне өндіріп алуды қолданған кезде осы мүлікті өткізу мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезекте – тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге тікелей қатысы жоқ жылжымалы мүлік, оның ішінде дайын өнім (тауарлар), бағалы қағаздар, валюталық құндылықтар, бағалы металдар мен асыл тастар, зергерлік бұйымдар, декор және жайластыру заттары;

2) екінші кезекте – тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге тікелей қатысы жоқ жылжымайтын мүлік;

3) үшінші кезекте – тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге тікелей пайдаланылатын мүлік: өндірістік мақсаттағы жылжымайтын мүлік объектілері, шикізат, материалдар, станоктар, жабдықтар және басқа да негізгі құралдар.

3. Осы баптың ережелері кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаның мүлкін өткізу кезінде оның жеке мүлкі мен кәсіпкерлік қызметте пайдаланатын мүлкі бойынша да қолданылады.

4. Өндіріп алуды қолданудың нысанасы – борышкер кепіл немесе міндеттемені камтамасыз ету ретінде берген мүлік болған, не тыйым салынған мүлікті кезектілік тәртібімен өткізу атқарушылық құжат талаптарының толық орындалуына әкелмейтін

немесе осы Заңда белгіленген орындау мерзімдерін ұлғайтатын жағдайда, мүлікті өткізу кезектілігі өзгертілуі мүмкін. Сот орындаушысы аталған мән-жайды борышкердің мүлкін өткізуге беру туралы қаулыда көрсетеді, оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.";

"74-бап. Тыйым салынған мүлікті өткізу

1. Айналымнан заң бойынша алып қойылған мүліктен басқа, тыйым салынған мүлікті өткізуді, осы Заңның 77-бабының 3-тармағында көрсетілген мүлікті қоспағанда, тыйым салу негіздері мен мүлік түрлеріне қарамастан, сот орындаушысы электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта жүргізеді. Электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттық бірыңғай электрондық сауда алаңында өткізіледі, оны таңдауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Борышкер сот орындаушысы мүлікке тыйым салғаннан кейін және оны бағалауды жүргізгеннен кейін және мүлік алып қойылғанға немесе өткізілгенге дейін сот орындаушысының жазбаша рұқсатымен және ол белгілеген мерзімде тыйым салынған мүлікті бағалау құнынан төмен болмайтын құн бойынша өткізуге құқылы.

Борышкердің мүлікті өткізуге рұқсат алуы мүлікті өткізу рәсімдерін тоқтата тұру үшін негіз болып табылмайды.

Борышкер мен сатып алушы сатып алу-сату шартына қол қойғаннан кейін және сатып алушы мүліктің бүкіл сатып алу құнын аумақтық органның қолма-қол ақшаны бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына салғаннан кейін , атқарушылық құжатты орындау барысында мүлікке салынған барлық ауыртпалықтар алып тасталады.

3. Егер тыйым салынған мүлікті өткізу туралы шешім қабылдау кезінде борышкердің банкроттығы туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалатын болса, онда мүлікті өткізу аталған мәселе мәні бойынша қаралғанға дейін тоқтатыла тұрады.

4. Тыйым салынған мүлікті өткізудің, оның ішінде электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта өткізудің осы Заңмен реттелмеген мәселелері уәкілетті орган бекітетін қағидаларда айқындалады.";

8) 74-1-баптағы "атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі" деген сөздер "атқарушылық іс жүргізу жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 76 және 77-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"76-бап. Құндылықтарды өткізу

Борышкерге тиесілі бағалы қағаздар мен валюталық құндылықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткізіледі.

77-бап. Тыйым салынған мүлікті өткізу тәртібі

1. Борышкердің мүлкін өткізуге беру туралы сот орындаушысы қаулы шығарады.

2. Тез бұзылатын мүлікті тыйым салынғаннан кейін және тізімдеме жасалғаннан кейін атқарушылық іс жүргізу тараптарының білдірген еркіне қарамастан, сот

орындаушысы комиссия шарты бойынша сауда қызметінің субъектілеріне дереу сатуға тапсырады.

3. Егер маман тыйым салынған мүлік сату кезінде құнды болып табылмайды және өтімді емес деген қорытынды берсе, осы мүлік өткізуге берілмейді.

4. Құрамы бойынша біртектес мүлікті өткізген кезде ол сот орындаушысының қаулысы бойынша бірыңғай лотпен сатылуы мүмкін.";

10) 78-бап алып тасталсын;

11) 79 және 80-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"79-бап. Алдағы электрондық аукцион туралы құлақтандыру

Алдағы электрондық аукцион туралы хабарландыру электрондық аукцион өткізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей, бірыңғай электрондық сауда алаңында жарияланады.

80-бап. Электрондық аукцион өткізудің жалпы шарттары

1. Электрондық аукционға қатысуға ниет білдірген тұлғалар өтінім беруге және мүліктің бастапқы құнының бес пайызы мөлшеріндегі кепілдік жарнаны төлеуге міндетті.

Электрондық аукцион жеңімпазының кепілдік жарнасы сатып алу бағасының есебіне жатқызылады. Электрондық аукционның қалған қатысушыларының кепілдік жарнасы электрондық аукцион аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қайтарылады.

2. Электрондық аукционға сатып алушы ретінде осы атқарушылық іс жүргізу бойынша шешім шығарған сот орындаушылары мен судьялар, тыйым салынған мүлікті бағалаған бағалаушы, сондай-ақ олардың жақын туыстары, зайыбы (жұбайы), борышкер қатыса алмайды.

3. Электрондық аукцион борышкердің мүлкін өткізуге беру туралы қаулыда көрсетілген бағалау құнынан белгіленген қадаммен мүліктің құнын көтерумен басталады.

Егер электрондық аукционға қатысушылардың ешбірі сауда-саттықтың алдын ала белгіленген қадамын қолдай отырып мүліктің құнын арттырмаған жағдайда, электрондық аукцион құнды төмендетуге ауысумен жалғасатын болады.

Бұл ретте, өткізілетін мүліктің бастапқы бағасы қатысушылардың бірі жарияланған баға бойынша мүлікті сатып алуға келіскен кезге дейін белгіленген қадаммен төмендетіледі, бұл баға электрондық аукционға қойылған мүлік құнының бастапқы бағасының елу пайызынан төмен болмауға тиіс.

4. Сатып алған мүліктің ақысын электрондық аукцион жеңімпазы электрондық аукцион қорытындылары бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде төлейді.

Егер жеңімпаз белгіленген мерзімде сатып алынған мүліктің құнын төлемесе, оның кепілдік жарнасы қайтарылмайды.

Қатысушылардың кепілдік жарнасы, егер қатысушының электрондық аукционға қатысуға құқығы болмаған жағдайда қайтарылмайды.

5. Осы баптың 4-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларда, кепілдік жарна мемлекеттік сот орындаушысы өткізетін электрондық аукциондар бойынша мемлекет кірісінің, ал жеке сот орындаушысы өткізетін электрондық аукциондар бойынша жеке сот орындаушысы кірісінің есебіне жатқызылады.";

12) 81 және 82-баптар алып тасталсын;

13) 84 және 85-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"84-бап. Электрондық аукционды өткізілмеді деп жариялау

Сот орындаушысы, егер:

1) өтінімдер болмаса немесе бір ғана өтінім берілсе;

2) сатып алушылардың ешқайсысы мүлік құнын өзгертудің белгіленген қадамын қолдамаса;

3) сатып алушы белгіленген мерзімде мүліктің толық сатып алу құнын төлемесе, электрондық аукцион өткізілмеді деп жариялайды.

85-бап. Электрондық аукционды өткізілмеді деп жариялаудың салдарлары

1. Мүлік өндіріп алушыға берілген кезде өндіріп алушы борышкердің қабылданатын мүліктің құнынан атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстар сомасын және мүліктің берілген құнына мөлшерлес, жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомасын өтейді. Бұл сома кейіннен борышкерден өндіріп алынуға жатады.

2. Электрондық аукцион өткізілмеді деп танылған кезде өндіріп алушы электрондық аукцион өткізілмеді деп танылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сот орындаушысына өтініш беру арқылы мүлікті бағалау құны бойынша өзіне қалдыруға құқылы. Өндіріп алушының мүлікті өзіне қалдыру туралы өтінішінің болмауы өндіріп алушының мүлікті қабылдаудан бас тартуы деп түсініледі.

3. Өндіріп алушы мүлікті қабылдаудан бас тартқан кезде сот орындаушысы бірыңғай электрондық сауда алаңында өндіріп алушы мүлікті өзіне қалдырудан бас тартқан кезден бастап тиісті өтінімді қайталап орналастыру арқылы электрондық аукцион рәсімін тағайындайды.

4. Электрондық аукцион өткізу арқылы тыйым салынған мүлікті өткізу рәсімі екі реттен артық өткізілмейді.

Егер мүлік электрондық аукциондар өткізу арқылы өтпеген және өндіріп алушы мүлікті өзіне қалдырудан бас тартқан жағдайда, мүлікке өндіріп алуды қолдану тоқтатылады, орындау барысында осы мүлікке салынған ауыртпалықтар алып тасталады.";

14) 116-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке сот орындаушысы өз қызметі үшін төлем ретінде алған ақшадан кеңсені сатып алу (жалдау), оны күтіп-ұстау, жабдықтау, жөндеу және күзету бойынша, жұмыс орындарын ашу және қызметкерлерге жалақы төлеу, кеңсе жұмысы үшін қажетті жабдықтар сатып алу, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу, кеңсе мұрағатының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарды, жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына жарналарды төлеу жөніндегі, жеке атқарушылық қызметті дамытудың нысаналы бағдарламаларына арналған міндетті төлемдерді төлейді, сондай-ақ өз қызметін ұйымдық-шаруашылық жағынан, көлікпен және техникалық қамтамасыз етуге байланысты басқа да шығыстарды өтейді. Қалған қаражат жеке сот орындаушысының иелігінде қалады және оның қалауы бойынша жұмсалады.";

15) 118-баптың 1-тармағындағы "өндіріп алынған соманың немесе мүлік құнының үштен жиырма бес пайызына" деген сөздер "істердің санаты мен өндіріп алу сомасына қарай үштен жиырма бес пайызға" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 122-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "алқасымен" деген сөз "өңірлік палатасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 14-тарау мынадай мазмұндағы 125-1-баппен толықтырылсын:

"125-1-бап. Атқарушылық құжаттарды орындау жүйесі

Атқарушылық құжаттарды орындау жүйесін мыналар құрайды:

- 1) уәкілетті орган;
 - 2) уәкілетті органның аумақтық органдары мен олардың бөлімдері;
 - 3) Республикалық палата;
 - 4) жеке сот орындаушылары.";
- 18) 129-бап алып тасталсын;
- 19) 136-бапта:

тақырыптағы "Атқарушылық іс жүргізу органдары қызметкерлерін" деген сөздер "Мемлекеттік сот орындаушыларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мәтіндегі "Атқарушылық іс жүргізу органдарының қызметкерлері" деген сөздер "Мемлекеттік сот орындаушылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 138-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жеке сот орындаушыларының ерекше құзыретіне, осы баптың 1-тармағында көзделген атқарушылық құжаттарын қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау жатады.";

21) 140-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жиырма бес жасқа толған, жоғары заңгерлік білімі бар, жеке сот орындаушысында үзіліссіз тағылымдамадан өткен, біліктілік емтиханын тапсырған, жеке сот орындаушысы лицензиясын алған, осы Заңда белгіленген тәртіппен жеке сот

орындаушысы өкілеттіктерін беру жөніндегі конкурстан өткен және Республикалық палатаның мүшесі болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы жеке сот орындаушысы бола алады.";

2-тармақтағы "лауазымына тағайындалғанға" деген сөздер "өкілеттіктері берілгенге" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 141-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "лауазымының бос орнына" деген сөздер "өкілеттіктерін беру бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Біліктілік комиссиясы уәкілетті органның жанынан құрылады.

Біліктілік комиссиясының қызметін ұйымдық, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Республикалық палата жүзеге асырады.";

23) 142-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Судьялар, өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін судья лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, судья болып жұмыс істеген адамдар, судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырған адамдар, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Сот төрелігі институтының түлектері, теріс себептермен жұмыстан босатылған адамдарды қоспағанда, кемінде үш жыл уәкілетті органда және оның аумақтық органдарында жұмыс істеген және құзыретіне атқарушылық құжаттарды орындау кірген адамдар, құқық қорғау органдарының кемінде он жыл жұмыс өтілі бар қызметкерлері тағылымдамадан өтпей және біліктілік емтиханын тапсырмай жеке сот орындаушысы лицензиясын алуға құқылы.";

24) 143-баптың 6-тармағындағы "алқасына" деген сөз "палатасына" деген сөзбен ауыстырылсын;

25) 144-бапта:

1-тармақтың 7) тармақшасындағы "айналысқан жағдайда сот тәртібімен жүзеге асырылады." деген сөздер "айналысқан;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Республикалық палатадан шығарылған жағдайда, сот тәртібімен жүзеге асырылады.";

3-тармақтағы "алқасы" деген сөз "палатасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "алқасы" деген сөз "палатасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

26) 145-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"145-бап. Жеке сот орындаушысы өкілеттіктерін беру

1. Жеке сот орындаушысы өкілеттіктерін беруді уәкілетті орган Республикалық палатамен бірлесе отырып, жеке сот орындаушысы лицензиясы бар және атқару округі шегіндегі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікке жеке сот орындаушыларының өңірлік

палатасының жолдамасын алған адамдар арасынан конкурстық негізде жүргізеді. Өкілеттіктер беру, жеке сот орындаушысы өкілеттіктерін беру жөніндегі конкурсты өткізу және жолдама алу шарттары мен тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

2. Жеке сот орындаушысы өкілеттіктер берілген кезден бастап бір айдан кешіктірмей қызметке кірісуге тиіс.

3. Жеке сот орындаушысы қызметті жүзеге асыруды бастағанға дейін жеке сот орындаушыларының тиісті өңірлік палатасына кеңсенің мекенжайы, қызметкерлер құрамы және жұмыс режимі туралы мәліметтерді хабарлауға міндетті. Осыған ұқсас хабарламаны ол атқару округінің аумағында қазақ және орыс тілдерінде таратылатын баспасөз басылымдарында жариялауға тиіс.

4. Жеке сот орындаушысы атқару округінің аумағында кеңсесінің мекенжайы өзгерген кезде күнтізбелік үш күн ішінде жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына хабар беруге, сондай-ақ атқару округінің аумағында қазақ және орыс тілдерінде таралатын баспасөз басылымдарында жарияланым жасауға міндетті.";

27) 148-бапта:

1-тармақта:

4) тармақшадағы "атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде" деген сөздер "атқарушылық іс жүргізу жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйеде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-2) тармақшамен толықтырылсын:

"9-2) лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не ұзақ уақыт (бір айдан астам) болмаған жағдайда, өндіріп алушымен келісу бойынша атқарушылық іс жүргізу материалдарын басқа жеке сот орындаушысына міндетті түрде бере отырып, жеке сот орындаушыларының тиісті өңірлік палатасына хабар беруге;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке сот орындаушысы өз қызметі туралы:

1) нысаны мен мерзімдерін уәкілетті орган бекітетін ақпаратты, жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына және уәкілетті органға және (немесе) оның аумақтық органына;

2) нысаны мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы бекітетін ақпаратты, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға береді.";

28) 152 және 154-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"152-бап. Атқару округі

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағымен тұспа-тұс келетін, жеке сот орындаушысы қызмет ететін аумақ атқару округі болып табылады.

2. Атқару округіндегі жеке сот орындаушыларын айқындауды қалаларға, облыс аудандарына, қала аудандарына әкімшілік-аумақтық бөлуге сәйкес жеке сот орындаушыларының тиісті өңірлік палатасы жүзеге асырады.

Жеке сот орындаушысы атқару округінің бүкіл аумағында атқарушылық құжаттарды орындауды жүргізуге құқылы.

3. Жеке сот орындаушысы атқарушылық әрекеттерді өзінің жұмыс орнынан тыс, атқару округінің шегінен тыс жерде жүзеге асырған кезде ол бұл жөнінде атқарушылық әрекеттерді жасаған жердегі жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасын хабардар етеді.

4. Жеке және заңды тұлғалар атқарушылық құжаттарды орындауды жүзеге асыру үшін борышкердің тұрғылықты жері не жұмыс орны (заңды тұлғалар үшін – заңды тұлға тіркелген жер бойынша), мүлкі орналасқан жер бойынша жеке сот орындаушысына жүгінеді.";

"154-бап. Жеке сот орындаушысының куәлігі, жеке мөрі, мөртабандары және бланкілері

Жеке сот орындаушысының өзінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының, атқару округінің атауы, жеке сот орындаушысы лицензиясының нөмірі көрсетілген куәлігі, жеке мөрі, сондай-ақ мөртабандары мен жеке бланкілері болады. Куәлік пен жеке мөрдің үлгілерін уәкілетті орган бекітеді. Куәлік пен жеке мөрді дайындауды және беруді жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы ұйымдастырады.";

29) 155-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке сот орындаушыларының іс қағаздарын жүргізу қағидаларының орындауын бақылауды жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталарымен бірлесе отырып, уәкілетті органның аумақтық органдары жүзеге асырады.";

30) 156-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жеке сот орындаушылары тағылымдамашыларының тағылымдамадан өту тәртібі, мерзімдері мен шарттары Республикалық палатамен келісу бойынша уәкілетті орган бекітетін жеке сот орындаушысында тағылымдамадан өту тәртібі туралы қағидаларда айқындалады.";

31) 16-тараудың 3-параграфы мынадай мазмұндағы 156-1-баппен толықтырылсын:

"156-1-бап. Жеке сот орындаушысы көмекшісінің құқықтары мен міндеттері

1. Жеке сот орындаушысы лицензиясы бар көмекші жеке сот орындаушысы қабылдаған процестік шешім және оның тапсырмасы бойынша:

1) атқарушылық іс жүргізудің процестік және өзге де құжаттарының жобаларын әзірлеуге;

2) атқарушылық іс жүргізу тараптарына шақыру қағаздарын, хабарламаларды және өзге де құжаттарды жеткізуге және тапсыруға құқылы.

2. Жеке сот орындаушысының көмекшісі өз қызметінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге міндетті.";

32) 16-тараудың 5-параграфы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-параграф. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы.

Республикалық палата

161-бап. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы

1. Қазақстан Республикасының әрбір облысының, республикалық маңызы бар қаласының және астанасының аумағында жеке сот орындаушыларының бір өңірлік палатасы құрылады.

2. Жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және филиал туралы ережемен реттеледі.

162-бап. Жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының өкілеттіктері

1. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы:

1) осы Заңның 145-бабының талаптарына сәйкес жолдамалар береді;

2) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттарды бөлуді жүргізеді;

3) Республикалық палатаға жүктелген өкілеттіктерден туындайтын басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы Республикалық палатаға және уәкілетті органның аумақтық органына өз қызметі туралы ақпарат береді. Ақпарат берудің нысаны мен мерзімдерін уәкілетті орган бекітеді.

163-бап. Республикалық палата

1. Республикалық палатаның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және жарғымен реттеледі.

2. Республикалық палатаның жарғысын съезд қабылдайды.

3. Республикалық палата Қазақстан Республикасы жеке сот орындаушыларының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың ортақ шартын жасасады.

163-1-бап. Республикалық палатаның өкілеттіктері

1. Республикалық палата:

1) жеке сот орындаушылары өңірлік палаталарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

2) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдарда жеке сот орындаушылары өңірлік палаталары мен жеке сот орындаушыларының мүдделерін білдіреді;

3) жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталары басшыларының қызметін бақылауды жүзеге асырады;

4) жеке атқарушылық қызметті ұйымдастыру мәселелері бойынша Сот орындаушылары мен қызметшілерінің халықаралық одағының, басқа да халықаралық және шетелдік ұйымдардың жұмысына қатысады;

5) жеке атқарушылық қызметке байланысты атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша уәкілетті органның, басқа да мемлекеттік органдардың норма шығарушылық және сараптама қызметіне қатысады;

6) жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталарымен және білім беру ұйымдарымен бірлесе отырып, жеке сот орындаушыларын оқытуды (біліктілігін арттыруды) ұйымдастырады, оның нәтижелері бойынша растау құжаты беріледі;

7) жеке сот орындаушысы лицензиясын алуға үміткер жеке тұлғаларды тағылымдамадан өткізу жөнінде әдістемелік көмек көрсетеді;

8) өзінің лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде өзі келтірген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелерді жеке сот орындаушысының орындауын қамтамасыз етеді;

9) жеке практикамен айналысатын сот орындаушыларының әлеуметтік және кәсіптік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;

10) жеке сот орындаушылары өңірлік палаталарының қызметін мерзімді тексеруді жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасын қолдану практикасын қорытады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар қалыптастырады;

12) талдамалық және ғылыми жұмысты жүзеге асырады;

13) Жеке сот орындаушыларының кәсіптік ар-намыс кодексін қабылдайды;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Республикалық палата осы Заңда және өз жарғысында айқындалған, өзінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін басқа да коммерциялық емес ұйымдар құруға құқылы.

3. Республикалық палата уәкілетті органға тоқсан сайын жеке сот орындаушыларының атқарушылық құжаттарды орындауы жөнінде ақпарат береді.

164-бап. Республикалық палатаның басқару органдары

1. Республикалық палатаның басқару органдары мыналар болып табылады:

1) съезд – жоғары басқару органы;

2) төралқа – басқару органы;

3) басқарма – атқарушы орган.

2. Төралқа құрамына уәкілетті органның үш өкілі кіреді. Оларды сайлауға және босатуға съездің құзыреті қолданылмайды.

3. Республикалық палатада өз жарғысына сәйкес өзге де органдар құрылуы мүмкін.

165-бап. Республикалық палатаның қызметін қаржыландыру

Республикалық палатаның қызметін қаржыландыру міндетті жарналар және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

Жарналарды төлеу тәртібі, олардың мөлшерлері және төлеу мерзімдері Республикалық палата жарғысында айқындалады.";

33) 167-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) уәкілетті органнан үш өкілді айқындайды;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) республика бойынша жеке сот орындаушыларының жалпы сандық құрамын бекітеді;"

34) 168-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"168-бап. Уәкілетті органның аумақтық органының жеке сот орындаушыларының қызметін бақылау жөніндегі құзыреті

1. Уәкілетті органның аумақтық органы:

1) жеке сот орындаушыларының осы Заңды сақтауын және өз міндеттерін тиісінше орындауын бақылауды ұйымдастырады;

2) жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ұсыну енгізеді;

3) тәртіптік комиссияға жеке сот орындаушысын жауаптылыққа тарту туралы ұсыну енгізеді;

4) жеке сот орындаушыларын есептік тіркеуді жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органның аумақтық органы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасымен бірлесе отырып:

1) жеке сот орындаушыларына әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

2) жеке сот орындаушыларының жұмыс практикасын қорытады;

3) осы Заңның 148-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ақпарат жинауды жүзеге асырады;

4) жеке сот орындаушыларының әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

5) жеке сот орындаушылары жасайтын атқарушылық әрекеттердің заңдылығын және олардың іс қағаздарын жүргізу қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады ;

6) атқарушылық қызметті жүзеге асыратын жеке сот орындаушыларының біліктілігін арттыруды жүргізеді.

3. Уәкілетті органның аумақтық органының өкілдері жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының отырыстарына қатысуға құқылы.";

35) 169-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жеке сот орындаушысы жасайтын атқарушылық әрекеттердің заңдылығын және оның іс қағаздарын жүргізу қағидаларын сақтауын бақылауды уәкілетті орган, оның

аумақтық органдары, Республикалық палата және жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталары жүзеге асырады. Бақылауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

"3. Уәкілетті органның, оның аумақтық органдарының, Республикалық палатаның және жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының лауазымды адамдары жеке сот орындаушысының қызметін тексеру кезінде белгілі болған атқарушылық әрекеттерді жасау құпиясын сақтауға міндетті. Құпияны жария еткені және келтірілген залал үшін бұл адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.";

36) 170-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"170-бап. Жеке сот орындаушыларының тәртіптік жауаптылығы

1. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Жеке сот орындаушыларының кәсіптік ар-намыс кодексін және Республикалық палата жарғысын сақтамағаны үшін жеке сот орындаушысына тәртіптік жауаптылықтың мынадай түрлері қолданылады:

1) ескерту;

2) Республикалық палатадан шығару.

2. Уәкілетті орган тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсыну енгізген жағдайда, оны қарау уәкілетті орган өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

3. Жеке сот орындаушыларына тәртіптік жауаптылықты басқарма төрағасы немесе жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының басшысы қолданады.

4. Тәртіптік жазаларды қолдану және оларды алып тастау тәртібі Республикалық палатаның жарғысында айқындалады.";

37) 171 және 172-баптар алып тасталсын;

38) 16-тараудың 6-параграфы мынадай мазмұндағы 172-1-баппен толықтырылсын:

"172-1-бап. Республикалық палатадан шығару

Жеке сот орындаушысын Республикалық палатадан шығаруды Республикалық палата басқармасы мынадай:

1) жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысы тоқтатылған;

2) жеке сот орындаушысы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Жеке сот орындаушыларының кәсіптік ар-намыс кодексін және Республикалық палата жарғысын өрескел не бірнеше рет бұзған;

3) міндетті мүшелік жарналарды үнемі төлемеген;

4) ғылыми, оқытушылық немесе өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, өзге де ақылы қызмет түрлерімен айналысқан;

5) өз еркі бойынша;

6) Республикалық палата жарғысында көзделген өзге де жағдайларда жүргізеді.";

39) 174-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"174-бап. Өтпелі ережелер

1. Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасы 2015 жылғы 1 наурызға дейін Республикалық палата болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылуға тиіс. Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқалары 2015 жылғы 1 шілдеге дейін таратылуға жатады.

2. Республикалық палата құрылғанға дейін оның функцияларын Жеке сот орындаушыларының республикалық алқасымен бірлесе отырып уәкілетті орган жүзеге асырады."

93. "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 9, 43-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 19 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

30-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналарды:

- 1) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды;
- 2) іш киімді;
- 3) шұлық-ұйық бұйымдарын;
- 4) жануарлар мен өсімдіктерді;

5) метрлеп сатылатын тауарларды, атап айтқанда, барлық түрдегі талшықтардан жасалған маталарды, тоқыма және перделік кенеп матаны, жасанды теріні, кілем бұйымдарын, тоқыма емес материалдарды, ленталарды, шілтерді, таспаны, сымдарды, бауларды, кәбілдерді, линолеумды, багетті, пленканы, клеенканы қоспағанда, егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, егер шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Егер тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат жоғалған немесе қандай да бір себептермен тұтынушыға берілмеген жағдайда, егер тұтынушы осы сатушыдан (дайындаушыдан) сатып алу фактісін дәлелдесе, онда тауарды айырбастау немесе қайтару жүргізілуіне тиіс."

94. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 6, 46-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 76-баптың 1-тармағының 12-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-1) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілер көрсететін ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері қатысушыларының жобаларын қаржыландыруды алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша келісімшарттық қызмет бойынша жылдық жиынтық табыстың кемінде бір пайызы мөлшерінде жыл сайын жүзеге асыруға міндетті.

Ағымдағы жылдың қорытындылары бойынша ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері қатысушыларының жобаларын қаржыландыру жөніндегі міндеттемелердің көлемі асыра орындалған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы асыра орындалған міндеттемелердің көлемдерін келесі есепті кезеңдерге түзетуді (есепке жатқызуды) жүзеге асырады.

Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қазақстандық өндірушілер болмаған жағдайда, шетелдік өндірушілер көрсететін осы жұмыстарды қаржыландыру құзыретті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдаланушының ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберіндегі қызметке, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартпен байланысты емес, қосылған құны жоғары (қайта жасалуы жоғары) өнім алуға бағытталған қызметке байланысты жұмыстарға, экология, еңбекті қорғау, өндірістік қызмет шеңберінде жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді, энергия үнемдеуді (технологиялық циклді) қамтамасыз ету саласындағы зерттеулерге іс жүзінде жұмсаған шығыстары және "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүзеге асыратын ғылыми

зерттеулерді, сондай-ақ "Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтерін қаржыландыруға арналған шығыстары аталған жұмыстарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемені орындауы болып табылады.

"Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес кластерлік қорға ақша жіберу де "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері қатысушыларының жобаларын қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерді орындау деп танылады.

Осы тармақшаның ережелері келісімшарттардың мынадай:

кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

жерасты суларын барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

емдік балшықты барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған түрлеріне қолданылмайды;"

2) 92-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұңғымалар салуға арналған жобалар сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша құзыретті орган бекітетін техникалық-экономикалық негіздемелерді жасау, сондай-ақ тиісті жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу және оған сараптама жасау жөніндегі арнайы нормативтік талаптар ескеріле отырып әзірленеді.";

3) 109-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"109-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін экологиялық негіз

1. Жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және экологиялық рұқсат жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін экологиялық негіз болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік экологиялық сараптамаға барлық жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын ұсынуға міндетті, оған жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне баға беру енгізілуге және ол "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімін қамтуға тиіс.";

4) 115-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының сақталуын мемлекеттік бақылауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.".

95. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-

құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

14-баптың 1-тармағының 39), 40) және 41) тармақшалары алып тасталсын.

96. "Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 22, 127-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

6-баптың 13) тармақшасы және 7-баптың 8) тармақшасы алып тасталсын.

97. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 г., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 11-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 67-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бапта:

1), 3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бақылау және қадағалау органдары – тексерілетін субъектілер қызметінің осы Заңның 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан байқауды және тексеруді жүзеге асыратын, орталық мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары және аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар;"

"3) мемлекеттік бақылау (бұдан әрі – бақылау) – тексерілетін субъектілер қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылау және қадағалау органының тексеру және байқау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және нәтижелері бойынша жедел ден қоюсыз құқықтық шектеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін;

4) мемлекеттік қадағалау (бұдан әрі – қадағалау) – тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын бақылау және қадағалау органының тексеру және байқау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және нәтижелері бойынша жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) реттеуші мемлекеттік органдар – мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жекелеген салада немесе мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;"

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері – тексерілетін субъектінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, тексерілетін субъектілерді әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;"

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) тәуекелдерді бағалау жүйесі – тексерулерді тағайындау мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

6-2) тексерілетін объектілер – бақылауға және қадағалауға жататын, тексерілетін субъектіде меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде болатын мүлік;"

2) 3-бап мынадай мазмұндағы 6, 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты бақылау және қадағалау осы Заңға қосымшада көзделген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында ғана жүзеге асырылады.

7. Осы Заңға қосымшаға жаңа салаларды енгізу үшін реттеуші мемлекеттік органдар "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс.

8. Осы баптың 7-тармағының күші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылмайды."

3) 5, 10 және 11-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Тексерілетін субъектілердің (объектілердің) қызметіне қойылатын талаптар

Тексерілетін субъектілердің (объектілердің) қызметіне қойылатын талаптар нормативтік құқықтық актілерде, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында ғана белгіленеді."

"10-бап. Бақылау және қадағалау нысандары

1. Тексерілетін субъектілердің қызметін бақылау және қадағалау:

1) ұйымдастырылу және жүргізілу тәртібі осы Заңда айқындалатын тексеру нысанында;

2) егер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше көзделмесе, ұйымдастырылу және жүргізілу тәртібі осы бапта және Қазақстан

Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, алдын алу-профилактикалық сипатындағы бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарында жүзеге асырылады

2. Бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізу кезінде:

1) осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау органдарына бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) баруға тыйым салынады;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркелу және тексерілетін субъектіні алдын ала хабардар ету талап етілмейді;

3) бұзушылық анықталған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамастан, бірақ тексерілетін субъектіге осы бұзушылықты жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарының қорытындылары бойынша олардың түріне қарай қорытынды құжаттар (анықтама, нұсқама, қорытынды және басқалары) жасалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің күші Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарына қолданылмайды.

Бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарының қорытындылары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау мүмкін емес бөлігінде осы тармақтың бірінші бөлігі 3) тармақшасының күші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылмайды.

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барумен бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандары:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген;

2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген;

3) егер бару "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерумен байланысты болған;

4) құрылыс-монтаждау жұмыстарына үйлер мен ғимараттардың тіреу және қоршау конструкцияларын тұрғызу мен өзгертуге қойылатын талаптарға сәйкестігіне инспекциялау жүргізілген;

5) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын бақылау жүзеге асырылған;

6) ішкі істер органдары Қазақстан Республикасында қару мен оның патрондары айналымының қағидаларын сақтау мәселелері бойынша бақылауды жүзеге асырған;

7) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын сақтау бойынша бақылау жүзеге асырылған;

8) тексерілетін субъект рұқсат беру құжаттарын алумен байланысты емес өз қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыны (ақпаратты) алуы үшін бастамашылықпен жүгінген;

9) егер бару "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жүргізілетін өнім қауіпсіздігі мониторингін жүзеге асыру үшін өнімдерді іріктеумен байланысты болған;

10) карантинді объектілердің және аса қауіпті зиянды организмдердің таралу ошақтарын анықтауға аумақтарды зерттеп-қарау жүргізілген;

11) егер бару Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының талаптарына сәйкес астық сапасын айқындау үшін қабылдау, тиеп-жөнелту және оның сандық-сапалық есебі кезінде астықтың, сондай-ақ астық қабылдау кәсіпорындарында сақтаулы мемлекеттік астық ресурстарының сынамаларын іріктеуге байланысты болған жағдайларда жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын бару арқылы жүргізу кезінде бақылау және қадағалау органдары тексерілетін субъект (объект) тұрған жердегі құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарды оларды жүргізгенге дейін хабардар етеді.

5. Бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын талдау нәтижелері ішінара тексеру жүргізу үшін бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеуге негіз болып табылады.

11-бап. Реттеуші мемлекеттік органдар мен бақылау және қадағалау органдарының құзыреті

1. Реттеуші мемлекеттік органдар:

1) бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын тиісті саладағы (аядағы) бақылау және қадағалау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) осы Заңның 13-бабының 2 және 3-тармақтарында, 14-бабының 1-тармағында, 15-бабының 1-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктерін өз құзыреті шегінде бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады;

4) бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асырады;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Бақылау және қадағалау органдары:

1) тиісті саладағы бақылау және қадағалау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) осы Заңның 13-бабының 2 және 3-тармақтарында, 14-бабының 1-тармағында, 15-бабының 1-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктерін өз құзыреті шегінде әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бақылауды және қадағалауды жүргізеді;

4) бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүргізеді;

5) бақылауды және қадағалауды жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.";

4) 12-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік органның лауазымды адамының тексерілетін субъектіге (объектіге) баруы;"

3-тармақта:

2) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Кеден одағының кедендік шекарасын және (немесе) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде және (немесе) халықаралық шарттарға сәйкес айқындалатын жеткізу орындарында, кедендік ресімдеу аяқталатын орындарда өсімдіктер карантині, санитариялық-карантиндік, ветеринариялық бақылау саласында бақылау және қадағалау жүргізуге;"

"7) жануарлардан және (немесе) өсімдіктерден алынатын өнім мен шикізатты өткізетін ішкі сауда объектілерінде, жануарлардан және (немесе) өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізаттарды бірыңғай технологиялық циклде өндіруді, дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдарда ветеринария және өсімдіктер карантині бойынша бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;"

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат беру шарттарының, балықтардың белгіленген кәсіпшілік өлшемінің, балық аулау мөлшерлерінің және құрал түрлері мен тәсілдерінің, жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салулардың, кездейсоқ аулаудың сақталуына, сондай-ақ балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналының) жүргізілуіне;"

9), 10) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9) карантинді аймақтарда және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша қолайсыз пункттерде, карантинді объектілердің таралу ошақтарында іс-шараларды бақылауға және қадағалауға;

10) жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздік жөніндегі талаптарды сақтауына;

11) осы Заңның 6-бабының талаптары және ішкі істер органдары жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралары шеңберінде қарудың, жарылғыш заттардың, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың заңды айналымы саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының сақталуына;"

23) тармақшадағы "сақталуына байланысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға" деген сөздер "сақталуына;" деген сөзбен, 24) тармақшасындағы "тиісінше орындауын анықтау мақсатында баруына қолданылмайды." деген сөздер "олардың тиісінше орындауын анықтау мақсатында баруына;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 25) тармақшамен толықтырылсын:

"25) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарының техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін тексеруіне байланысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінің 14), 15), 18) және 21) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылатын тексерулер құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда міндетті тіркелуге жатады.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілеріне қатысты (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалар мен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларынан басқа) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жыл бойы тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулер, ішінара тексерулер жүргізуге тыйым салынады.

Осы тармақтың күші:

1) жарылғыш заттардың айналысы мен олардың жұмыс істеуінің белгіленген қағидаларының сақталуына;

2) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыс істейтін жеке және заңды тұлғалардың қызметіне;

3) атом энергиясына, радиоактивті заттарға;

4) улардың, қару-жарактың, әскери техниканың және жекелеген қару түрлерінің, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыс істейтін жеке және заңды тұлғалардың қызметіне байланысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.";

5) 13, 14 және 15-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Тексерілетін субъектілерді (объектілерді) топтарға бөлу

1. Бақылау және қадағалау тексерілетін субъектілерді (объектілерді) төрт топқа бөлу ескеріле отырып жүргізіледі.

2. Бірінші топқа өздеріне қатысты тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі, жоспардан тыс тексерулер мен бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандары қолданылатын тексерілетін субъектілер (объектілер) жатады.

Тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі мынадай бақылау және қадағалау салаларында жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған субъектілерге (объектілерге) қатысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде:

1) халықтың радиациялық қауіпсіздігі саласында;

2) атом энергиясы саласында;

3) өрт қауіпсіздігі саласында;

4) жарылғыш және улы заттардың, радиоактивті материалдар мен заттардың айналысы мен олардың жұмыс істеуінің белгіленген қағидаларының сақталуына;

5) улардың, қару-жарактың, әскери техниканың және жекелеген қару түрлерінің, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың айналымы саласында;

6) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында;

7) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында қолданылады.

Осы Заңның 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы талаптардың сақталуын тексеру үшін эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерде тексерулер жүргізудің мерзімділігі:

1) тәуекел дәрежесі жоғары болған кезде – жарты жылда бір реттен;

2) тәуекел дәрежесі орташа болған кезде – жылына бір реттен жиі болмауға тиіс.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерді тәуекел дәрежелері бойынша бөлу "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген ережелер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген қызмет салалары үшін тексерулер жүргізу мерзімділігі тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерімен айқындалады.

Тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері реттеуші мемлекеттік органдардың және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітіледі және мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

Реттеуші мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен жартыжылдық график тексерулер жүргізудің ерекше тәртібін тағайындау үшін негіз болып табылады.

Тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 15 қарашасына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде реттеуші мемлекеттік

органдар және жергілікті атқарушы органдар тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктерінің жобаларын келісу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Тексерулердің жартыжылдық графиктерінің жобаларында сол бір тексерілетін субъектілер (объектілер) белгіленген кезде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті орган график жобаларын реттеуші мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарға мұндай субъектілерді (объектілерді) тексерулер жүргізудің графиктерінен алып тастау үшін не осы баптың талаптарын ескере отырып, оларды жүргізу мерзімдерін түзету үшін қайтарады.

Тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 мамырына дейінгі мерзімде реттеуші мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар тексерулер жүргізудің бекітілген жартыжылдық графиктерін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық графигін қалыптастыруы үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктерін ұсыну нысанын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындайды.

Тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық графигін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына дейінгі мерзімде орналастырады.

3. Екінші топқа өздеріне қатысты ішінара, жоспардан тыс тексерулер мен бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандары жүргізілетін тексерілетін субъектілер (объектілер) жатқызылады.

Ішінара тексеру жүргізу үшін бақылау және қадағалау органдары:

1) жеке кәсіпкерлік субъектілері ұсынатын есептілікке;

2) жоспардан тыс тексерулер мен бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарының нәтижелеріне;

3) өзге де ақпаратқа талдау жүргізеді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген жағдайларды қоспағанда, реттеуші мемлекеттік органдар ішінара тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне қатысты актілерді әзірлейді және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді, олар мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

4. Мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда) тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

5. Үшінші топқа өздеріне қатысты осы Заңның 16-бабының 7-тармағында көзделген негіздер бойынша жоспардан тыс тексерулер мен бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандары жүргізілетін тексерілетін субъектілер (объектілер) жатқызылады.

6. Төртінші топқа өздеріне қатысты тексерулер жүргізілместен бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандары ғана жүргізілетін тексерілетін субъектілер (объектілер) жатқызылады.

7. Бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салаларын осы баптың 2, 3, 5 және 6-тармақтарында көрсетілген топтарға жатқызу әрбір бақылау және қадағалау саласы үшін тәуекелдерді бағалау ескеріле отырып жүзеге асырылады.

8. Екінші топқа жатқызылған тексерілетін субъектілер (объектілер), егер мұндай тексерілетін субъектілер үшінші тұлғалардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасқан болса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші топқа ауыстырылуы мүмкін.

14-бап. Ведомстволық есепке алу

1. Реттеуші мемлекеттік органдар міндетті ведомстволық есептіліктің нысандарына қатысты актілерді әзірлейді және бекітеді.

Тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тексеру мәселелері бойынша міндетті ведомстволық есептіліктің нысандарын және бару арқылы жүргізілетін бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын – реттеуші мемлекеттік орган, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган және құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті орган басшыларының бірлескен актісімен бекітіледі.

2. Бақылау және қадағалау органдары тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тексерулердің санын және барумен жүргізілетін бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын, сондай-ақ тексеру парақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтарды және оларға қолданылған әкімшілік ықпал ету шараларын ведомстволық есепке алуды тұрақты және үзіліссіз негізде жүргізуге міндетті.

Ведомстволық есептіліктің жиынтық деректері орталық және жергілікті атқарушы органдардың ресми интернет-ресурстарында ай сайын жарияланады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын тексерулер бойынша ведомстволық есептіліктің жиынтық деректері реттеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында тоқсан сайын жарияланады.

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары бойынша ведомстволық есепке алу жүргізілмейді.

15-бап. Тексеру парақтары

1. Тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртектес топтары үшін реттеуші мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде тексеру парақтарын бекітеді.

Тексеру парақтарының нысандары реттеуші мемлекеттік органдардың және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітіледі және мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

2. Тексеру парағы тексерілетін субъектілердің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге әкеп соғатын талаптарды ғана қамтиды.

3. Тексеру парақтарында белгіленген талаптар тексерілуге жатады.";

6) 16-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) тәуекел дәрежесі негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер;

2) ішінара;

3) жоспардан тыс.

Ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексеру – адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында бақылау және қадағалау органы тәуекел дәрежесін бағалау негізінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты тағайындайтын тексеру.

Ішінара тексеру – адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында бақылау және қадағалау органы есептілікті, бақылаудың өзге нысандарының нәтижелерін талдау нәтижелері бойынша, тәуекел дәрежесін бағалау негізінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты тағайындайтын тексеру.

Жоспардан тыс тексеру – адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында бақылау және қадағалау органы тексеру тағайындауға негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты тағайындайтын тексеру.";

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тексерулер көлемі бойынша:

- 1) кешенді;
- 2) тақырыптық болып бөлінеді.

Кешенді тексеру – тексерілетін субъектінің (объектінің) қызметін осы Заңның 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтау мәселелерінің кешені бойынша тексеру.

Тақырыптық тексеру – тексерілетін субъектінің (объектінің) қызметін осы Заңның 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаудың жекелеген мәселелері бойынша тексеру.";

4, 5, 6 және 6-1-тармақтар алып тасталсын;

7-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) құқықтары бұзылған жеке және заңды тұлғалардың (тұтынушылардың) өтініштерін және мемлекеттік органдардың өтініштерін қоспағанда, адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіру қатерінің туындауы туралы нақты фактілер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;"

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2), 2-3) және 2-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) құқықтары бұзылған жеке және заңды тұлғалардың (тұтынушылардың) өтініштерін және мемлекеттік органдардың өтініштерін қоспағанда, адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірілгені туралы нақты фактілер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

2-2) құқықтары бұзылған жеке және заңды тұлғалардың (тұтынушылардың) өтініштері;

2-3) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірілгені не келтіру қатері туралы нақты фактілер бойынша прокуратура органдарының тапсырмалары;

2-4) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірілгені не келтіру қатері туралы нақты фактілер бойынша мемлекеттік органдардың өтініштері;"

4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

7) 19-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бақылау және қадағалау органы тексеру жүргізудің мерзімдері мен нысанасын көрсете отырып, осы тексеру басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексеру, ішінара тексеру жүргізудің басталатыны туралы тексерілетін субъектіге жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде, осы Заңның 16-бабы 7-тармағының 2), 3), 7) және 8) тармақшаларында, 10 және 10-1-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау органы тексеру жүргізу нысанын көрсете отырып, жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталатыны туралы осы тексеру басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын тексерілетін субъектіге хабарлауға міндетті."

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулер, ішінара және жоспардан тыс тексерулер, егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, тексерілетін субъектінің (объектінің) ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында белгіленген жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексеру бұзушылықтар жасалған кезде тікелей олардың жолын кесу қажеттілігі болған жағдайларда, жұмыстан тыс уақытта (түнде, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілуі мүмкін."

2-тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тексеру парағын көрсетуге міндетті."

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Тексерілетін субъектіге (объектіге) бір мезгілде бірнеше бақылау және қадағалау органының тексеру жүргізуі қажет болған кезде, осы органдардың әрқайсысы тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдеуге және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеуге міндетті.

Сол бір мәселе шеңбері бойынша бірнеше тексерілетін субъектіге (объектіге) бір мезгілде бір бақылау және қадағалау органының тексеру жүргізуі қажет болған кезде мынадай:

1) салық органдарында тіркеу есебіне қою;

2) бақылау-кассалық машиналардың болуы;

3) акциздік және есептік-бақылау таңбаларының болуы және олардың төлнұсқалығы;

4) алкоголь өніміне, мұнай өнімдеріне және биоотынға ілеспе жүкқұжаттарының болуы және олардың төлнұсқалығы;

5) лицензияның болуы;

6) төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (құрылғының) болуы мәселелері бойынша жүргізілетін салықтық тексеруді қоспағанда, осы орган әрбір тексерілетін субъектіге (объектіге) тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдеуге және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеуге міндетті."

8) 20-баптың бірінші тармағының бірінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Тексеру жүргізу мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ алға қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және микрокәсіпкерлік субъектілері үшін – бес жұмыс күнінен, шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын тексерілетін субъектілер үшін – отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс, ол Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салықтық тексеруді, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, ветеринария, өсімдіктер карантині және оларды қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы, құрылыс объектілеріндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлігінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау саласында жүргізілетін тексерулерді жүргізу кезіндегі жекелеген жағдайларды қоспағанда, олар үшін салалық ерекшеліктер ескеріле отырып, тексерулер жүргізудің мынадай:

1) санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы тексерулер – он бес жұмыс күніне дейін болатын және он бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

2) ветеринария, өсімдіктер карантині және оларды қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласында – бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

3) құрылыс объектілеріндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлігінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау саласында олардың техникалық жағынан күрделілігін ескере отырып:

техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызылатындарға – бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызылмайтындарға – жұмыс күнінің 4 сағатынан аспайтын және жұмыс күнінің 8 сағатына дейін ұзартылатын мерзімдер белгіленеді.";

"Тексеру жүргізу аясында шет мемлекеттерден елеулі маңызы бар мәліметтер және құжаттар алу, осы бапта көрсетілгеннен асатын мерзімдерде арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болған жағдайларда, тексеру жүргізу мерзімі оларды алғанға не орындағанға дейін тоқтатыла тұрады.";

9) 23-баптың 1) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы бақылау және қадағалау органының тексеру парақтарында белгіленбеген, сондай-ақ егер мұндай талаптар мемлекеттік органның атынан әрекет ететін лауазымды адамдардың құзыретіне жатпаса, талаптардың орындалуын тексеруге;"

"6) осы Заңның 16-бабы 7-тармағының 2), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, сол бір кезеңде сол бір мәселе бойынша оның жоғары тұрған (төмен тұрған) органы не өзге мемлекеттік орган бұрын тексеру жүргізген тексерілетін субъектіге (объектіге) тексеру жүргізуге;"

10) 24-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) тексеру парағының атауы және бұзушылықтар анықталған талаптардың тармақтары;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржылық шығындар қажет болған жағдайда, қарсылықтар болмаған кезде тексерілетін субъект үш жұмыс күнінен кешіктірмей, тексеруді жүргізген бақылау және қадағалау органының басшысымен келісілетін мерзімдерді көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қолданылатын шаралар туралы ақпарат беруге құқылы."

11) 27-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Бақылау және қадағалау жүргізу кезіндегі тексерілетін субъектінің не оның уәкілетті өкілінің құқықтары мен міндеттері";

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бақылау және қадағалау жүргізу кезінде тексерілетін субъектілер не олардың уәкілетті өкілдері:"

1) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Заңның 16-бабы 7-тармағының 2), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, сол бір кезеңде сол бір мәселе бойынша бұрын тексеру жүргізілген тексерілетін субъектіге (объектіге) бақылау және қадағалау органы тексеру тағайындаған;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бақылау және қадағалау органдарының немесе лауазымды адамдардың тексерілетін субъектілердің қызметін шектейтін, заңға негізделмеген тыйым салуларын орындамауға;"

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бақылау және қадағалау органдары тексерілетін объектіге бару арқылы тексерулер мен бақылаудың және қадағалаудың өзге нысандарын жүргізген кезде тексерілетін субъектілер не олардың уәкілетті өкілдері:"

6) тармақшадағы "қамтамасыз етуге міндетті." деген сөздер "қамтамасыз етуге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) хабарлама алған жағдайда тексеру тағайындалған мерзімдерде тексерілетін объект тұрған жерде болуға міндетті.";

12) қосымшадағы 1-тармақтың 30), 57), 88) және 89) тармақшалары алып тасталсын.

98. "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж.,

№ 1, 4-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 7, 34, 36-құжаттар; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-баптың 6-тармағындағы "салық органдарына" деген сөздер "мемлекеттік кіріс органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 16-баптың 1-тармағының 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16) қызметкер өз өкілеттіктерін орындау кезеңінде жыл сайын, сондай-ақ құқық қорғау қызметінен теріс себептер бойынша босатылған адамдар және олардың жұбайлары (зайыптары) үш жыл бойы тұрғылықты жеріндегі мемлекеттік кіріс органына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен кірістері мен мүлкі туралы декларацияны табыс етуге міндетті."

99. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

134-баптың 2-тармағының 25) тармақшасындағы "жүзеге асыру саласында жүзеге асырады." деген сөздер "жүзеге асыру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 26) тармақшамен толықтырылсын:

"26) жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласында жүзеге асырады."

100. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 13, 113-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі

жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 7-баптың 17) тармақшасы және 8-баптың 11) тармақшасы алып тасталсын;

2) 19-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мұнай өнімдерін көтерме және бөлшек сауда арқылы өткізу кезінде, сондай-ақ мұнай өнімдерінің экспорты кезінде мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес ілеспе жүкқұжаттар ресімделеді."

101. "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 15, 119-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 3, 19-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 11, 63-құжат; № 19-I, № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

10-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 3), 4), 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өтініш берушінің бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) сәйкестендіру нөмірі бар құжаттың көшірмесі;

5) заңды тұлға жарғысының көшірмесі;

6) заңды тұлғаның жоғары органының арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шешімінің көшірмесі;"

102. "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 16, 127-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 21-22, 114-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; № 16, 90-құжат; 2014 жылғы 6 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 39-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "ұсынуға;" деген сөз "ұсынуға міндетті." деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақшасы алып тасталсын;

2) 42-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген санитариялық және өзге де нормаларға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық, техникалық және басқа да міндетті талаптарға" деген сөздермен ауыстырылсын.

103. "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2, 8-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 1-баптың 26) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"26) көтерме саудада өткізу – тауарлық, сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды одан әрі өткізу мақсатында ішкі нарықта не Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде өткізу жөніндегі, сондай-ақ газ тарату ұйымының газын нормативтік техникалық шығасыларға өткізген жағдайлардағы кәсіпкерлік қызмет;"

2) 6-баптың 17) тармақшасы алып тасталсын;

3) 9-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы ", сондай-ақ тауарлық газды магистральдық газ құбырларына және (немесе) газ тарату жүйелеріне қосылған тұтынушыларға бөлшек саудада өткізуді" деген сөздер алып тасталсын;

4) 20-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағалары Қазақстан Республикасының өңірлерін газбен жабдықтаудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары ескеріле отырып, әрбір облысқа, республикалық маңызы бар қалаға, астанаға жыл сайын бірінші шілдеде жеке белгіленеді.

3. Уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша он бесінші мамырдан кешіктірілмейтін мерзімде тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің алдағы жылға арналған шекті бағаларын бекітеді.";

5) 24-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын.

104. "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 20-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

5-баптың 18) тармақшасы алып тасталсын.

105. "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 24-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 7-баптың 2-тармағының 6) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

2) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Телерадио хабарларын тарату саласындағы көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, көпарналы хабар таратуда теле-, радиоарналарды тарату бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді телерадио хабарларын тарату операторлары негізделген шығындар негізінде дербес белгілейді."

106. "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 11, 79-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 11) тармақшасы алып тасталсын.

107. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, табиғи монополиялар мен реттелетін нарық субъектілерінің инвестициялық қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 12, 85-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат):

1) 1-баптың 4-тармағында:

2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

11) тармақшаның қырық сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ұйымдастырады және өткізеді.";

2) 2-бапта:

1 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заң:

1) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының он бірінші, он алтыншы, он жетінші, он тоғызыншы, жиырмамыншы – жиырма төртінші абзацтарын, 6) тармақшасының жетінші және он бірінші абзацтарын, 11) тармақшасының жиырма төртінші, жиырма алтыншы – отыз сегізінші, қырық екінші, қырық сегізінші – елуінші абзацтарын;

2) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацын, 3) тармақшасының екінші – алтыншы, он бірінші – он төртінші және жиырмамыншы абзацтарын, 3-тармағының 2) тармақшасын, 4-тармағы 1) тармақшасының бесінші, он үшінші, отызыншы, отыз үшінші, отыз төртінші және отыз алтыншы абзацтарын, 4) тармақшасының екінші және

үшінші абзацтарын, 6) тармақшасының алтыншы, тоғызыншы және оныншы абзацтарын, 7) тармақшасының үшінші, төртінші, он үшінші, он бесінші және жиырма бірінші абзацтарын, 8) тармақшасының екінші – он екінші және жиырма сегізінші абзацтарын, 9) тармақшасының тоғызыншы және он төртінші абзацтарын, 10) тармақшасын, 11) тармақшасының жиырма бесінші, отыз тоғызыншы – қырық бірінші, қырық үшінші – қырық жетінші, елу бірінші абзацтарын және 12) тармақшасын;

3) 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының бесінші абзацын, 5) және 10) тармақшаларын, 12) тармақшасының үшінші абзацын, 13) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 4-тармағы 1) тармақшасының сегізінші абзацын, 4) тармақшасының төртінші – сегізінші абзацтарын, 7) тармақшасының бесінші және он алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.";

"3. Осы Заңның 1-бабы 2-тармағы 6) тармақшасының үшінші – алтыншы, тоғызыншы және оныншы абзацтары, 4-тармағы 7) тармақшасының жетінші – он бірінші, он жетінші – жиырмасыншы абзацтары, 8) тармақшасының он тоғызыншы абзацы 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.";

5-тармақ алып тасталсын.

108. "Микроқаржы ұйымдары туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 20, 120-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 20-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қарыз алушының құрылтай құжаттарының көшірмелері (заңды тұлғалар үшін);";

2) 21-баптың 4-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) қарыз алушының өкілдеріне: сенімхат негізінде;".

109. "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1-құжат; № 6, 28-құжат; № 8, 49-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде

жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

25-баптың 3-тармағының бірінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Адвокаттар, жеке сот орындаушылары, жекеше нотариустар, кәсіби медиаторлар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер үшін өзінің пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын, салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелетін, міндетті зейнетақы жарналары мәлімделетін кірістің 10 пайызы мөлшерінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің 10 пайызынан кем емес және ең төмен жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінің 10 пайызынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.";

"Адвокаттың, жеке сот орындаушысының, жекеше нотариустың, кәсіби медиатордың, сондай-ақ дара кәсіпкердің өзінің пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін өзі дербес айқындайтын табысы мәлімделетін табыс болып табылады.".

110. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 15, 80-құжат; 2014 ж., № 12, 82-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 3-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қалалық және аудандық деңгейлерде:

тиісті облыстардың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аудандарындағы, сондай-ақ облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы өңірлік палаталардың филиалдары (бұдан әрі – өңірлік палаталардың филиалдары);";

5) тармақшадағы "өкілдіктері кіреді." деген сөздер "өкілдіктері;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл кіреді.";

2) 5-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

3) 11-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлттық палата нормативтік құқықтық актілерде көзделген тәртіппен:

1) арнайы экономикалық аймақтарды басқаруға қатысады;

2) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы өткізу пункттерінің инфрақұрылымы, оның ішінде сервистік (

кедендік) инфрақұрылым объектілерінің жабдықталуын және техникалық жарақтандырылуын (мемлекеттік бақылау органдарының арнайы жабдықтарын қоспағанда), сондай-ақ көрсетілген өткізу пункттерінде шекаралық, кедендік бақылау түрлерін ұйымдастыру үшін қажетті ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды күтіп-ұстауды және жөндеуді қоса алғанда, олардың салынуын (реконструкциялануын), жұмыс істеуін (пайдаланылуын) инвестицияларды тарту арқылы қамтамасыз етуге қатыса алады;

3) корпоративтік басқарудың практикасын талдауды және қорытуды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсты және "Қазақстанның үздік тауары" көрме-конкурсын ұйымдастырады және өткізеді.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Ұлттық палата:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген кәсіпкерлерді сервистік қолдауды қоса алғанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға үміткер жеке тұлғаларды және кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық емес қолдау операторының функцияларын жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортын дамыту және ілгерілету жүйесі операторының функцияларын жүзеге асырады;

3) кәсіпкерлерді оқытуды ұйымдастырады, сондай-ақ оларға бизнесті ашу және жүргізу жөнінде консалтингтік қызметтер көрсетеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стандарттар мен техникалық регламенттерді әзірлеуге қатысады және кәсіпкерлердің оларды сақтауын қамтамасыз етеді;

5) кеден ісі саласында қызметтер көрсетуді жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік инфрақұрылымның қазіргі заманғы стандарттарын әзірлеуге қатысады.";

4) 14-бапта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық палата:";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тауардың шығарылуы туралы сертификатты ресімдеуді, куәландыруды, беруді және оның күшін жоюды жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"15) Кеден одағы тауарының және (немесе) шетелдік тауардың мәртебесін айқындайды;

16) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекіткен бланкілердің нысандарына сәйкес тауардың шығарылуы туралы сертификаттардың бланкілерін дайындауды ұйымдастырады.";

5) 3-тарау мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің функциялары

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру, қамтамасыз ету және қорғау, сол сияқты кәсіпкерлік қоғамдастықтың мүдделерін қорғау мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында және өзге де ұйымдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және шет мемлекеттерде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді, қорғайды;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін қарайды;

3) мемлекеттік органдарға кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) олардың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған мемлекеттік органдарға (лауазымды адамдарға) бұзылған құқықтарды қалпына келтіру үшін шараларға, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделелерінің бұзылуына кінәлі адамдарды жауаптылыққа тартуға қатысты ұсынымдар жібереді;

5) мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, мемлекеттік органдардан (лауазымды адамдардан) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін қозғайтын ақпаратты, құжаттарды және материалдарды сұратады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа талап-арызбен (арызбен) жүгінеді;

7) кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған өзге де заңды шараларды қолданады.";

6) 15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тиісті облыстардың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың аудандарында және астанада, сондай-ақ облыстық, аудандық маңызы бар қалаларда өңірлік палатаның филиалдары құрылады.";

7) 19-баптың 3-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) кәсіпкерлік субъектілерінің топтары ішінде съезд белгілеген сатылауға сәйкес, олар үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі міндетті мүшелік жарналардың шекті мөлшерлерін бекіткен, осы Заңның 29-бабының 2-тармағында көрсетілген міндетті мүшелік жарналар мөлшерін бекіту;"

11) тармақшадағы "бекіту жатады." деген сөздер "бекіту;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

12) міндетті мүшелік жарналарды төлеуден босату туралы шешім қабылдау жатады."
";

8) 21-баптың 4-тармағының 11) тармақшасындағы "бекіту жатады." деген сөздер "бекіту;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің өз қызметі туралы есебін қарау және бекіту жатады.";

9) 26-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өңірлік палатаның дирекциясын өңірлік кеңеспен келісу бойынша басқарма тағайындайды.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Өңірлік палата филиалының директорын өңірлік кеңеспен келісу бойынша өңірлік палата дирекциясы тағайындайды және лауазымынан босатады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өңірлік палатаның дирекциясын тағайындауға қатысты өңірлік кеңес пен басқарма арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, мұндай шешімді төралқа қабылдайды.";

10) мынадай мазмұндағы 5-1-тараумен толықтырылсын:

"5-1-тарау. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл

27-1-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі

1. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге осы Заңда көзделмеген функцияларды жүктеуге ешкім құқылы емес. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің қызметіне қандай да бір заңсыз араласуға жол берілмейді.

2. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердегі мүшелігін тоқтата тұрады.

3. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл саяси қызметпен айналысуға құқылы емес.

4. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл қызметке кіріскеннен кейін белгіленген тәртіппен бір ай ішінде, осы адамға заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өзінің меншігіндегі коммерциялық ұйымдардың үлестерін, акцияларын (акциясын), жарғылық капиталға қатысу үлестерін және пайдаланылуы кіріс алуға әкелетін өзге де мүлікті өз лауазымын

атқару уақытында сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің өзіне тиесілі облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сенімгерлік басқаруға бермеуіне болады, сондай-ақ сенімгерлік басқаруға берілген мүліктен кіріс алуға құқығы бар және тұрғын жайларды мүліктік жалдауға беруге құқылы.

5. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, басқа ұйымдарда ақы төленетін лауазымды атқара алмайды.

27-2-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл қызметінің қағидаттары

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің қызметі:

- 1) заңдылық;
- 2) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) объективтілік;
- 4) жариялылық қағидаттарына негізделеді.

27-3-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілді лауазымға тағайындау және лауазымынан босату

1. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл лауазымына тағайындалатын адам мынадай талаптарға сай келуге:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығын иеленуге;
- 2) жоғары білімі болуға;
- 3) кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында кемінде бес жыл жұмыс өтілі болуға тиіс.

2. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілді басқарманың ұсынуы бойынша төралқа төрт жыл мерзімге лауазымға тағайындайды.

3. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл төралқа шешімімен атқаратын лауазымынан мерзімінен бұрын мынадай негіздер бойынша босатылуы мүмкін:

- 1) өз қалауы;
- 2) медициналық қорытындыға сәйкес кәсіби міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы;
- 3) осы Заңда белгіленген міндеттер мен шектеулерді сақтамау;
- 4) лауазымдық өкілеттіктерін бұзуы, атқаратын лауазымда болуымен сыйыспайтын теріс қылықтар жасауы;
- 5) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі.

4. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің өкілеттіктері мынадай:

- 1) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

2) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілді әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

3) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

4) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда тоқтатылады.

5. Сол бір адам қатарынан екі реттен артық Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл лауазымына тағайындала алмайды.

27-4-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің міндеттері

1. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл өз қызметін жүзеге асырған кезде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға;

3) өтініштерді қарау кезінде объективтілік және бейтараптық танытуға;

4) өзін қорғау үшін жүгінген кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтіретін қандай да бір әрекеттерді жасамауға міндетті.

2. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндамада көрсетілуге жататын, өз қызметі туралы есепті бекіту үшін Ұлттық палатаға жыл сайын ұсынады.

27-5-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің қызметін ұйымдастыру

1. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің қызметін Ұлттық палата қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің Ұлттық палата жүйесіндегі өзара іс-қимыл тәртібі Ұлттық палатаның жарғысында белгіленеді.";

11) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Міндетті мүшелік жарналар

1. Съезд бекітетін міндетті мүшелік жарналардың мөлшерін Ұлттық палата жыл сайын 1 шілдеге дейінгі мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-ресурстарда жариялайды.

2. Міндетті мүшелік жарнаның мөлшерін айқындау мақсатында осы Заңның 4-бабының 2-тармағында көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері:

1) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алдыңғы есепті күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында қолданыста болатын, айлық есептік көрсеткіштің

есепті жылдың алдындағы күнтізбелік жылда алпыс мың еселенген мөлшерінен аспайтын жылдық жиынтық кірісі бар кәсіпкерлік субъектілері;

2) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алдыңғы есепті күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында қолданыста болатын, айлық есептік көрсеткіштің есепті жылдың алдындағы күнтізбелік жылда алпыс мың еселенген мөлшерінен асатын және айлық есептік көрсеткіштің бір жарым миллион еселенген мөлшерінен аспайтын жылдық жиынтық кірісі бар кәсіпкерлік субъектілері;

3) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алдағы есепті күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында қолданыста болатын, есепті жылдың алдындағы күнтізбелік жылда айлық есептік көрсеткіштің бір жарым миллион еселенген мөлшерінен асатын жылдық жиынтық кірісі бар кәсіпкерлік субъектілері болып бөлінеді.

3. Міндетті мүшелік жарналардың мөлшерін бекіту мақсатында съезд осы баптың 2-тармағында көрсетілген кәсіпкерлік субъектілерінің топтары ішінде сатылауды белгілейді.

4. Ұлттық палата міндетті мүшелік жарна бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен мемлекеттік кіріс органы ұсынған мәліметтер негізінде кәсіпкерлік субъектілеріне есеп шотын шығарады

5. Кәсіпкерлік субъектілері Ұлттық палата шығарған есеп шоты негізінде ағымдағы жылғы 25 мамырдан, 25 тамыздан, 25 қарашадан кешіктірмей міндетті мүшелік жарналарды тең үлестермен төлейді.

6. Съездің шешімі бойынша есепті кезеңде мүгедектер саны қызметкерлерінің жалпы санының кемінде елу бір пайызын құрайтын ұйымдар міндетті мүшелік жарналарды төлеуден босатылуы мүмкін.";

12) 32-баптың 9-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын.

111. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 16, 83-құжат):

2-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 1-тармағы 18) тармақшасының оныншы және он бірінші абзацтарын, 13-тармағы 19) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 16-тармағы 19) тармақшасының үшінші және бесінші абзацтарын, 25) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын және 29) тармақшасын;"

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 16-тармағы 19) тармақшасының төртінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі."

112. "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 4-5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кредитордың борышкерді банкрот деп тану немесе оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуі үшін борышкердің төлем қабілетсіздігі негіз болып табылады.";

2) 12-баптың 11-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әкімші оңалтуды және (немесе) банкроттықты басқарушылар ретінде қатысқан жағдайда, өз қалауымен тіркеуден шығару туралы өтінішке оңалтуды және (немесе) банкроттықты басқарушылар қызметін жүзеге асырудан өзін шеттетуге және жаңа кандидатураны таңдау туралы әрбір борышкер бойынша кредиторлар жиналысы хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.";

3) 13-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысы, осы Заңның 61-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, борышкердің мүлкінен төленеді, мерзімінің ұзақтығына қарамастан, рәсімді өткізудің бүкіл кезеңіне тіркелген болып табылады.

Уақытша әкімшінің және оңалтуды басқарушылардың негізгі сыйақысының ең төмен мөлшерін, сондай-ақ уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысының мөлшерін және оны төлеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

4) 15-баптың 20) тармақшасы алып тасталсын;

5) 26-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кредиторлар жиналысының отырысын қатысып отырған кредиторлар арасынан сайланған төрағалық етуші жүргізеді. Хаттаманы қатысып отырған кредиторлар арасынан сайланатын хатшы жүргізеді. Төраға мен хатшы қарапайым көпшілік дауыспен сайланады. Хаттамаға төрағалық етуші, әкімші, хатшы жиналыс өткізілген күні қол қояды және ол борышкердің мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады.";

5-тармақта:

бірінші бөлік "шешімдер қабылданатын" деген сөздерден кейін "және оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын:

"Оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы мәселе қаралған кезде дауыс беруге осындай кредиторлармен бір кезек құрамында және (немесе) кейінгі кезектер құрамында талаптары қанағаттандырылуға жататын кредиторларды қоса алғанда, осындай өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен мүдделері қозғалған кредиторлар қатысады.

Кредиторлар жиналысының шешімі сырттай дауыс беретіндерді қоса алғанда, оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдауға қатысатын кредиторлар дауыстары санының көпшілік дауысымен қабылданады.";

6) 28-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Хаттамада отырыстың өткізілген күні мен орны, дауыс беруге қатысқан кредиторлар комитетінің мүшелері, күн тәртібі, дауыс беру нәтижелері мен қабылданған шешімдер туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Хаттамаға дауыс беруге қатысқан кредиторлар комитетінің барлық мүшелері мен әкімші қол қояды және ол борышкердің мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады.";

7) 31-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Борышкердің өтінішіне қоса берілетін барлық құжаттарға өтініш берген адам қол қояды және олар мөрмен (ол болған кезде) куәландырылады.";

8) 38-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Заңның 5-бабында көзделген негіздер болған және борышкерде сотқа өтініш берген күні салық берешегі, кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешек болмаған кезде оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу кредитордың (кредиторлардың) өтініші негізінде сотта қозғалады.";

9) 44-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банкроттық немесе оңалту туралы іс азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша кредитордың (кредиторлардың) өтініші негізінде қозғалуы мүмкін.";

2-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) егер банкроттық немесе оңалту туралы істі қарау үшін қажет болса, өзге де мәліметтер көрсетілуге тиіс.";

10) 45-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Оңалту рәсімін қолдану туралы кредитордың (кредиторлардың) өтінішіне:

1) белгіленген тәртіппен және мөлшерде мемлекеттік баждың төленгенін;

2) борышкерге өтініш пен оған қоса берілген құжаттардың көшірмелерінің жіберілгенін;

3) борышкердің кредитор алдындағы міндеттемелерін, сондай-ақ осы міндеттемелер бойынша берешектің бар екендігін және сомасын;

4) борышкерде сотқа өтініш берген күні салық берешегінің, кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешектің жоқ екендігін;

5) кредитор өтініші негізделетін өзге де мән-жайларды (болған кезде) растайтын құжаттар қоса беріледі.";

11) 93-бапта:

2-тармақтың 6) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) баланста бар, бірақ түгендеу актісі бойынша жоқ жылжымалы мүлікті есептен шығару туралы шешім қабылдау;"

12) 99-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банкроттың мүліктік массасында тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау және (немесе) қызметтерді көрсету үшін кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын мүліктік кешен болған кезде, сату жоспарында осындай кешенді бірыңғай лотпен аукционға кемінде екі рет шығару жөніндегі міндетті талап қамтылуға тиіс."

113. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 7, 36-құжат; № 19-I, № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 19-2), 19-3), 57-1) және 61-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"19-2) аккредиттеу – сараптама ұйымының өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындау құқықтылығын ведомствоның ресми тануы;

19-3) аккредиттеу аттестаты – ведомство беретін, сараптама ұйымының өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындау құқығын куәландыратын құжат;"

"57-1) өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит – объектілердің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін немесе сәйкессіздігін анықтау жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;"

"61-1) сараптама ұйымы – өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға белгіленген тәртіппен аккредиттелген ұйым;"

2) 12-баптың 1-тармағында:

35) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 70-28), 70-29), 70-30), 70-31) және 70-32) тармақшалармен толықтырылсын:

"70-28) сараптама ұйымдарын аккредиттеуді жүргізеді;

70-29) сараптама ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

70-30) сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын бекітеді;

70-31) өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізу қағидаларын бекітеді;

70-32) сараптама ұйымдарының мемлекеттік тізілімін жүргізеді;"

3) 12-2-бапта:

4) тармақша алып тасталсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) осы Заңда және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және таратуға жобалау құжаттамасын келіседі;"

4) 16-баптың 3-тармағының 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"21) осы Заңға және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және таратуға жобалау құжаттамасын келісуге;"

5) 38-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы тұрғысынан тексеру нәтижелерінде бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, тексерілетін субъектіге бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беріледі.

Бұзушылықтарды жою туралы нұсқама тексеру аяқталатын күні тексерілетін субъектіге тапсырылады.

Субъектілер өрт қауіпсіздігінің талаптарын бұза отырып жүзеге асыратын, сондай-ақ ұйымдарды, объектіні, құрылысты, ғимаратты салу, реконструкциялау, кеңейту немесе техникалық қайта жарактандыру кезінде жобаларда көзделген өрт қауіпсіздігінің талаптары орындалмаған кезде ұйымдардың, жекелеген өндірістердің, өндірістік учаскелердің, агрегаттардың жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұруды, ғимараттарды, құрылыстарды, электр желілерін, жылыту аспаптарын пайдалануға және өрт шығу қаупі бар жұмыстарды жүргізуге тыйым салуды сот мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өтініші бойынша бұзушылықтарды жою туралы нұсқама орындалмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Тәуекел дәрежесі болмашы объектілер, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына

сәйкес жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау тұрғысынан тексерілмейді.

6. Тәуекел дәрежесі жоғары немесе орташа бақылау субъектісі сараптама ұйымының оң қорытындысын алған кезде, осы объект "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, қорытынды қолданылатын кезеңде тексерулерден босатылады.";

6) 73-бапта:

1-тармақтың 5) тармақшасындағы "заңды тұлғалар жатады." деген сөздер "заңды тұлғалар;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ведомстводан тыс кешенді сараптама барысында жүзеге асырылады, оған қауіпті жаңа өндірістік объектілерді салу, сондай-ақ бұрыннан бар қауіпті объектілерді реконструкциялау (кеңейту, техникалық қайта жарактандыру, жаңғырту) және күрделі жөндеу жобалары жатады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізудің нәтижесі сараптама қорытындысы болып табылады.

Қауіпті жаңа өндірістік объектілерді салуға немесе бұрыннан бар объектілерді реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға) және күрделі жөндеуге арналған жобалар (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама барысында жүргізілген өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасының сараптама қорытындысы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті жиынтық сараптама қорытындысына енгізіледі.";

7) 78-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Келісу тәртібі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес бекітілген құрылыс салудың үлгілік қағидаларында айқындалады.".

114. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 43-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан"

және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 35) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"35) қызмет өңірі – көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган айқындаған, техникалық қарап-тексерудің стационарлық желілері жоқ аумақ;"

2) 11-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

3) 51-баптың 1-тармағында:

2) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген;"

4) 54-бапта:

3-тармақтың 1) тармақшасының бесінші абзацы алып тасталсын;

4-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, ақауы бар көлік құралын, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген көлік құралын басқаруға;"

6) тармақша алып тасталсын;

22) тармақшаның үшінші абзацы алып тасталсын;

5) 60-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "беру;" деген сөз "беру арқылы жүзеге асырылады." деген сөздермен ауыстырылып, 2) тармақшасы алып тасталсын;

6) 76-бап алып тасталсын;

7) 88-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында жол жүрісіне қатысатын және уәкілетті органда тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері міндетті техникалық қарап-тексеруге жатады.";

4-тармақта:

бірінші бөлікте:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) техникалық қарап-тексерудің стационарлық және (немесе) ұтқыр желілерін пайдалана отырып, міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді жүзеге асырады;"

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда міндетті техникалық қарап-тексеруді техникалық қарап-тексерудің стационарлық желілері ғана жүзеге асырады.

Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган айқындайтын қызмет өңірінің шегінде міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді қамтамасыз еткен техникалық қарап-тексеру операторы қызмет өңірінің шегінен тыс жерде міндетті техникалық қарап-тексеруді жүзеге асыруға құқылы.";

8) 90-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

9) 91-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша қызмет өңірі шегінде міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу үшін шығу графигін жасауға;"

115. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 48-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағында:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) жүргізуші куәліктерін беруді, көлік құралдарын сәйкестендіру нөмірі бойынша мемлекеттік тіркеуді және оларды есепке алуды жүзеге асыруға;"

26) тармақшаның он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жарылғыш материалдарды сақтауға;"

2) 10-баптың 9) тармақшасы алып тасталсын;

3) 11-бапта:

24) тармақшаның жетінші абзацы алып тасталсын;

25) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жарылғыш материалдарды сақтауға рұқсат беру талаптарын және оларды сақтауға рұқсаттар беру үшін қажетті құжаттардың тізбесін;"

116. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 3-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы "рұқсаттарға қолданылмайды." деген сөздер "рұқсаттарға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік жөніндегі талаптарды орындауға жатқызылатын және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жеке және заңды тұлғаларға беретін рұқсаттарға қолданылмайды.";

2) 10-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өндірілуі, өңделуі, сатып алынуы, сақталуы, өткізілуі, пайдаланылуы және жойылуы лицензиялануға жататын улардың тізбесін бекіту;"

3) 11-бапта:

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға және қайта ресімдеуге арналған өтініштердің нысандарын, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның нысандарын әзірлеу және бекіту;

4) хабарламалар нысандарын және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы нормативтік құқықтық актіні әзірлеу және бекіту;"

5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшалар алып тасталсын;

4) 12-баптың 1-тармағының 5) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

5) 18-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізу үшін реттеуші мемлекеттік органдар "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс.";

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес берілген өтініштер бойынша рұқсаттар беруді немесе оларды беруден уәжді бас тартуды рұқсат беру органдары осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілгеннен кейін, оларды беру үшін белгіленген мерзімдерде жүзеге асыруға тиіс.";

6) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Реттеушілік әсерді талдау

1. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін қолданудың тиімділігіне қарай, реттеушілік әсерді талдау нәтижелері бойынша рұқсаттардың немесе хабарламалардың жекелеген түрлері бір түрден екінші түрге ауыстырылуы не олардың күші жойылуы мүмкін.

Жүзеге асырылуы үшін осы Заңға сәйкес рұқсаттың болуы немесе хабарлама жіберу талап етілетін қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізілмеген жағдайда, рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің күші жойылуға жатады.

2. Осы баптың күші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылмайды."

;

7) 20-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) рұқсаттарды конкурс арқылы беруді қоспағанда, осы Заңның 48-бабының ережелерін ескере отырып, рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны алу үшін немесе хабарлама жіберу үшін өтініштің электрондық немесе қағаз нысанын таңдауға;"

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы Заңның 48-бабының ережелерін ескере отырып, берілетін рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның электрондық немесе қағаз нысанын таңдауға құқығы бар.";

8) 21-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы "алуға міндетті." деген сөздер "алуға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның сауалы бойынша "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес инвестициялық басым жобаларды іске асыратын инвесторларға қатысты лицензиялау мен рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті.";

9) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы өтініштерді қарау мерзімдері

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, білім беру, мұнай және газ саласындағы лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не оларды беруден уәжді бас тартуды лицензиар он бес жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

2. Атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, білім беру, мұнай және газ саласындағы лицензия және (немесе) лицензияға қосымша не оларды беруден уәжді бас тарту Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

3. Экспорттық бақылауға жататын өнімнің импорты мен экспорты саласындағы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не оларды беруден уәжді бас тартуды лицензиар осы Заңның 37-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген мерзімдерде береді.";

10) 33-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Атауы өзгерген қызмет түріне лицензиясы бар лицензиат лицензияны алдын ала қайта ресімдеген жағдайда, лицензияға қосымша алуға құқылы.";

3-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) лицензияларды қайта ресімдеу жағдайлары үшін – "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензиялық алым төлегенін растайтын құжатты;"

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес лицензия қайта ресімделген жағдайда, лицензияны иеліктен шығаруға келісуі туралы лицензиаттың хаты беріледі;"

11) 45-баптың 5-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

12) 1-қосымшадағы 50-жол алып тасталсын;

13) 2-қосымшада:

19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

19.	Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарындағы шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстерінің кестесін бекіту	Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарындағы шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстерінің кестесі	Иеліктен шығарылмайтын
-----	--	--	------------------------

";

21, 24, 25, 36, 37, 38, 40, 42, 43, 44, 45, 50 және 85-жолдар алып тасталсын;

1-сынып – "қызметке берілетін рұқсаттар" деген бөлім мынадай мазмұндағы 87-1, 87-2, 87-3, 87-4 және 87-5-жолдармен толықтырылсын:

"

87-1.	Жолаушыларды, багажды, жүктер мен пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсету үшін субсидияланатын авиамаршруттарға куәліктер беру	Жолаушыларды, багажды, жүктер мен пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсету үшін субсидияланатын авиамаршруттарға куәліктер	Иеліктен шығарылмайтын
87-2.	Жолаушыларды, багажды, жүктер мен пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсету үшін халықаралық авиамаршруттарға куәліктер беру	Халықаралық авиамаршрутқа куәлік	Иеліктен шығарылмайтын
87-3.	Авиакомпанияларға тұрақты ішкі	Пайдаланушы сертификатының арнайы	

	коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсат ету	ережесінің "В" бөлігіндегі белгі	Иеліктен шығарылмайтын
87-4.	Ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу құқығына ұйымдарды аккредиттеу	Ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу құқығына ұйымды аккредиттеу туралы куәлік	Қолданылу мерзімі – 3 жыл
87-5.	Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша сараптама ұйымдарын аккредиттеу	Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша аккредиттеу аттестаты	

".

”

103-жол алып тасталсын;

105-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

105.	Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсаттар беру	Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат	
------	--	--	--

".

”

110, 111, 112, 113, 117, 118 және 119-жолдар алып тасталсын;

120-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

120.	Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру	Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды	
------	--	---	--

".

”

125, 135 және 136-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 140-1-жолмен толықтырылсын:

"

140-1.	Ғимараттарды, үйлерді, құрылыстарды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды салу (кеңейту, техникалық қайта жарактандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу, реставрациялау және күрделі жөндеу) туралы шешім қабылдау	Ғимараттарды, үйлерді, құрылыстарды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды салу (кеңейту, техникалық қайта жарактандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу, реставрациялау және күрделі жөндеу) туралы шешім	
--------	---	--	--

".

;

145-жол алып тасталсын;

2-сынып – "объектілерге берілетін рұқсаттар" деген бөлім мынадай мазмұндағы 147-1-жолмен толықтырылсын:

"

147-1	Техникалық нығайтылу талаптарына сәйкестігін келісу	Техникалық нығайтылу талаптарына сәйкестігін келісу хаты	
-------	---	--	--

".

;

190-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

190.	Қазақстан Республикасының аумағына жекелеген тауар түрлерінің импорты мен экспортына рұқсат беру	Жекелеген тауар түрлерінің импорты мен экспортына рұқсат беру	
------	--	---	--

".

;

199, 213 және 221-жолдар алып тасталсын;

228 және 229-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын, эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салу, реконструкциялау және	Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салу, реконструкциялау және	
--	---	--	--

228.	кеңейту жобаларына, қалалық және ауылдық елді мекендерде, курорттық аймақтарда құрылыс салу бас жоспарларының және егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарларының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру	кеңейту жобаларына, қалалық және ауылдық елді мекендерде, курорттық аймақтарда құрылыс салу бас жоспарларының және егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарларының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды	
229.	Тамақ өнімінің жарамдылық мерзімін және оларды сақтау шарттарын келісу туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру	Тамақ өнімінің жарамдылық мерзімдерін және оларды сақтау шарттарын келісу туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды	

".

235 және 323-жолдар алып тасталсын;

4-сынып – "ресурстары шектеулі немесе квоталарды пайдаланатын қызметке берілетін рұқсаттар" деген бөлім мынадай мазмұндағы 334-1-жолмен толықтырылсын:

"

334-1	Су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын келісу	Су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын келісу	
-------	--	--	--

".

341, 346 және 348-жолдар алып тасталсын;

5-сынып – "жеке тұлғаларға кәсіби қызметке берілетін рұқсаттар" деген бөлім мынадай мазмұндағы 369-1-жолмен толықтырылсын;

"

369-1.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы пайдаланушы ұйымның персоналын аттестаттау	Атом энергиясын пайдалану саласындағы пайдаланушы ұйымның персоналын аттестаттау туралы куәлік	Қолданылу мерзімі – 3 жыл
--------	--	--	---------------------------

".

370-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздігісіз іс-шараларын жүргізуге	Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздігісіз	
--	---	--	--

370.	арналған арнаулы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша қорытынды беру	іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша қорытынды	
------	---	---	--

”;

371-жол алып тасталсын;

14) 3-қосымша мынадай мазмұндағы 30, 31, 32 және 33-тармақтармен толықтырылсын:

"30. Эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы хабарлама

31. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу қызметінің басталғаны туралы хабарлама

32. Турагенттік қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама

33. Гид (гид-аудармашы), экскурсовод, туризм нұсқаушысы қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама".

117. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1-баптың 36-тармағының 1) тармақшасындағы "55-2)" және "55-3)" деген цифрлар тиісінше "54-1)" және "54-2)" деген цифрлармен ауыстырылсын.

118. "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" 2014 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 11, 62-құжат):

1) 6-баптың 2), 3), 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

2) 7-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Басқарушы комитет айқындайтын тәртіппен инновациялық кластер қатысушыларының тізбесіне Қор енгізген заңды тұлғалар инновациялық кластердің қатысушылары болып табылады.

Қор инновациялық кластер қатысушыларының тізбесіне ғылыми ұйымдарды, тәуекелмен инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қорларды, білім беру ұйымдарын, технологиялық парктерді, салалық конструкторлық бюроларды,

технологияларды коммерцияландыру орталықтарын, ұлттық даму институттарын, ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық компаниялар мәртебесі бар заңды тұлғаларды енгізуге құқылы;"

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қор осы тармақтың 2) тармақшасының екінші бөлігінде аталмаған өзге де тұлғаларды Басқарушы комитет бекіткен қатысушылар жобаларына сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізілген сараптаманың оң қорытындысы негізінде инновациялық кластер қатысушыларының тізбесіне енгізеді.";

3) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қордың функцияларына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының басқару органының функциялары;

2) қатысушылардың жобаларын қаржыландыру;

3) кәсіпкерлерді, кәсіпкерлер қауымдастықтарын (одақтарын) шоғырландыру;

4) инновациялық кластер қатысушыларының шетелдік әріптестермен ынтымақтастығын дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

5) қатысушылардың жобаларын іске асыру үшін әлеуетті инвесторларды іздестіру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар.";

4) 10-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-техникалық жұмыстарды және (немесе) қатысушылардың жобаларын жыл сайын қаржыландыру жөніндегі міндеттемені орындау шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы жіберген ақша;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қор мемлекеттік тапсырма алуға құқылы.

Қатысушылардың жобаларын қаржыландыру жөніндегі функцияларды қоспағанда, мемлекеттік тапсырма Қорға өз функцияларын орындауға беріледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қор қатысушылардың жобаларын жүргізілген сараптама қорытындылары бойынша өз мүлкі есебінен қаржыландыру үшін айқындайды.";

3 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қор жер қойнауын пайдаланушыдан алған ақша тек қатысушылардың жобаларын қаржыландыруға ғана пайдаланылады.

Қор өз функцияларын жүзеге асыру үшін осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар жіберген ақша сомасының үштен аспайтын пайызын пайдаланады.

Бұл ретте Қор:

1) ақшаны жіберу үшін банк шотын ашады;

2) Қорға жер қойнауын пайдаланушылар жіберген ақшаның есебін әрбір жер қойнауын пайдаланушы бойынша жеке-жеке, сондай-ақ қатысушылардың жобаларын қаржыландыруға ақшаны пайдалану есебін жүргізуге міндетті.

Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ақша жіберген жер қойнауын пайдаланушының қатысушының жобасын іске асыру нәтижесінде алынған күзет құжатын, осындай жобаның нақты құнын оның қаржыландыру үлесіне барабар сатып алуға басқа тұлғалардың алдында басым құқығы болады.";

"5. Қор осы баптың 1-тармағының 1), 3), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес қалыптастырылған мүлікті "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының және инновациялық кластердің қызметін қамтамасыз ету, жұмыс істеуі және оны дамыту, сондай-ақ қатысушылардың жобаларын қаржыландыру үшін пайдаланады."

119. 2014 жылғы 3 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

10-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 3-тармағы 43) тармақшасының үшінші – сегізінші абзацтарын, 44) тармақшасының қырық бесінші және қырық алтыншы абзацтарын, 60), 65), 68) тармақшаларын, 107) тармақшасының оныншы – он үшінші абзацтарын, 112) тармақшасының төртінші – сегізінші абзацтарын, 124), 183) тармақшаларын;"

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 28.10.2015 № 366-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 394-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап.

1. Реттеуші мемлекеттік органдар 2015 жылдың бірінші жартыжылдығына бекіткен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының жоспарлы тексерулері жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын тексерілетін субъектілерге қатысты 2015 жылғы 30 маусымға дейін жүргізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде мемлекеттік органдар осы Заңның 1-бабы 97-тармағы 5) тармақшасының он сегізінші, отыз бірінші,

отыз тоғызыншы және қырық алтыншы абзацтарында көрсетілген тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын әзірлеуге және бекітуге міндетті.

Тексерілетін субъектілерге қатысты мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының жоспардан тыс тексерулері осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары орындалғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

3. Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізілген уәкілетті экономикалық операторлар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде өз қызметін осы Заңның талаптарына сәйкес келтіруге тиіс.

3-бап.

1. Осы Заң:

1) 2014 жылғы 20 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабының 117-тармағын;

1-1) 2014 жылғы 13 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 9-тармағының 13) және 14) тармақшаларын;

2) 2015 жылғы 2 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 9-тармағының 15) және 16) тармақшаларын, 47-тармағының 6) тармақшасын, 71-тармағы 11) тармақшасының төртінші абзацын, 100-тармағының 2) тармақшасын және 119-тармағын;

3) 2015 жылғы 12 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 29-тармағының 1), 2), 4), 5) және 6) тармақшаларын;

4) алып тасталды - ҚР 27.10.2015 № 362-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) 2015 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 38-тармағының 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшаларын;

6) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 38-тармағы 21) тармақшасының жетпіс үшінші абзацын ;

7) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 38-тармағы 1) тармақшасының жиырма тоғызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз бесінші және отыз жетінші абзацтарын, 7) тармақшасының үшінші абзацын, 8) тармақшасының үшінші, төртінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтарын, 9) тармақшасының екінші абзацын, 17), 24), 26) және 27) тармақшаларын, 64-тармағының 1) тармақшасын, 2) тармақшасының екінші, сегізінші және он жетінші абзацтарын және 92-тармағының 20) тармақшасын;

8) 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 64-тармағы 2) тармақшасының тоғызыншы абзацын;

9) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 64-тармағы 2) тармақшасының екінші, сегізінші және он жетінші абзацтарын қоспағанда, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

9) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 9-тармағы 33) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын қоспағанда, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай өткенге дейін осы Заңның 1-бабы 38-тармағы 21) тармақшасының жетпіс жетінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұрған кезеңде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Аккредиттелген сараптама ұйымының штатындағы сарапшылар бұрын жасалған шарттар бойынша жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптамаға жеке-дара не өздерінің аттестаттарында белгіленген мамандану шегінде сарапшылар тобының құрамында қатысуды жалғастыруға құқылы."

3. Осы Заңның 1-бабы 64-тармағының 2) тармақшасы төртінші абзацының қолданысы 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұрған кезеңде осы абзац:

1) осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"51) энергия өндіруші ұйымдардың осы Заңның 12-бабы 3-тармағының 2), 4) – 8) тармақшаларында көзделген талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

2) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"51) энергия өндіруші ұйымдардың осы Заңның 12-бабы 3-тармағының 4) – 8) тармақшаларында, 13-бабының 3 – 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген талаптарды сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

4. 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін осы Заңның 1-бабы 38-тармағы 21) тармақшасының елу алтыншы, елу жетінші және елу сегізінші абзацтарының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұрған кезеңде осы абзацтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

1) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін:

"1) мыналарға:

бюджет қаражаты есебінен немесе мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандарының қатысуымен қаржыландырылатын жаңа объектілерді салу немесе бұрыннан барларын өзгерту;

мемлекеттік инвестициялардың қатысуынсыз қаржыландырылатын ықтимал қауіпті жаңа өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді, олардың кешендерін, инженерлік және

көліктік коммуникацияларын салу немесе бұрыннан барларын өзгерту үшін жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға);";

2) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін:

"1) мыналарға:

қаржыландыру көздеріне қарамастан, ықтимал қауіпті құрылыс объектілеріне жататын жаңа өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі жаңа объектілерді, олардың кешендерін, инженерлік және көліктік коммуникацияларын салу;

бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен қаржыландырылатын бұрыннан бар ықтимал қауіпті, сондай-ақ техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеу үшін жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға);".

4-1. Алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Осы Заңның 1-бабы 38-тармағы 6) тармақшасының оныншы абзацы, 7) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтары, 8) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтары 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп белгіленсін.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 22.04.2015 № 308-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 362-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 394-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 432-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 15-баптан қараңыз); 07.04.2016 № 487-V (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 295-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. Назарбаев